

«Нархоз» Университеті

УДК 005.027.21;338.45:669:338;662:228

Қолжазба құқығында

АХМЕТОВ ДАРХАН СЕРІКҰЛЫ

Бәсекелестік орта жағдайында Қазақстан Республикасының тау-кен
металлургиялық кешенінің даму стратегиясы:
теория және оны жүзеге асыру механизмі

6D050700 – Менеджмент

Философия докторы дәрежесін алу үшін
дайындалған диссертация (PhD)

Ғылыми кеңесшілер
экономика ғылымының докторы,
профессор С.Ы. Өмірзақов
PhD докторы
Ердал Ақдеве

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2017

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
1 КЕШЕНДЕРДІҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ.....	10
1.1 «Кешеннің бәсекеге қабілеттілігі» түсінігінің теориялық негіздемесі.....	10
1.2 Кешендердің даму стратегияларын әзірлеудің және негіздеудің әдістемелері.....	24
1.3 Тау-кен трансұлттық компанияларының жағдайы, үрдістері және негізгі даму мәселелері.....	35
Бірінші бөлім бойынша тұжырым.....	43
2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТАУ-КЕН МЕТАЛЛУРГИЯЛЫҚ КЕШЕНІНІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ЖАҒДАЙЫН, БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ЖӘНЕ ДАМУ ҮРДІСТЕРІН ТАЛДАУ.....	45
2.1 Қазақстан Республикасының тау-кен металлургиялық кешеннің қазіргі кездегі жағдайын талдау.....	45
2.2 Отандық тау-кен металлургиялық кешеннің бәсекеге қабілеттілігін талдау.....	59
2.3 Республиканың минералды-шикізат базасы жағдайына баға беру.....	72
Екінші бөлім бойынша тұжырым.....	79
3 ОТАНДЫҚ ТАУ - КЕН МЕТАЛЛУРГИЯЛЫҚ КЕШЕННІҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМІ.....	81
3.1 Отандық Тау - кен металлургиялық кешеннің даму үрдістерінің негізінде Республиканың экономикалық дамуын болжау.....	81
3.2 Республика тау-кен металлургиялық кешенінің даму стратегиясының үлгісі.....	88
3.3 Тау-кен металлургиялық кешенінің бәсекелестік басымдылықтарын жүзеге асыру механизмі.....	101
Үшінші бөлім бойынша тұжырым.....	112
ҚОРЫТЫНДЫ.....	113
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	116
ҚОСЫМШАЛАР.....	123

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы диссертациялық жұмыста төменгі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, (14.12. 2012 ж.).

«Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығы, (17.11. 2014 ж.)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасын индустриалдық - инновациялық дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» (09.06. 2014 ж.)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Бизнестің жол картасы 2020 бағдарламасы» (31.07. 2015 ж.).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Геология саласын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы» (13.08. 2012 ж.).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Тау-кен металлургия өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2014 - 2018 жылдарға арналған кешенді жоспары» (28.05. 2014 ж.)

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚ	-	Акционерлік қоғам
АӨК	-	Агроөнеркәсіп кешені
АҚШ	-	Америка Құрама Штаттары
ӘВҚ	-	Әлемдік валюталық қор
ӘСҮ	-	Әлемдік сауда ұйымы
ҚР БҒМ	-	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ҒЗТҚЖ	-	ғылыми-зерттеу және техникалық конструкторлық жұмыстар
ҒИҚ	-	ғылыми инновациялық қор
ЕЭО	-	Еуразиялық экономикалық одақ
ЖҚМД	-	Жер қойнауы туралы мемлекеттік деректер банкі
ЖШС	-	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ІЖӨ	-	Ішкі жалпы өнім
ҚР ККМ	-	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі
КСРО	-	Кеңестік социалистік республикалар одағы
ҚХР	-	Қытай Халық Республикасы
ҚР МШК	-	Қазақстан Республикасының минералды - шикізаттық кешені
МАК	-	Мамандандырылған ақпараттық кешен
ОАР	-	Оңтүстік Африка Республикасы
ӨАД	-	Өңіраралық аумақтық департамент
ТМД	-	Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
ТМК	-	Тау - кен металлургиялық кешені
ТҰК	-	Транс ұлттық компания
РФ	-	Ресей федерациясы
РҒАО	-	Республикалық геологиялық ақпарат орталығы
ҰАК	-	Ұлттық атом компаниясы
ҰИЖ	-	Ұлттық инновациялық жүйе
ҰИҚ	-	Ұлттық инновациялық қор
ЭӘДҮ	-	Экономикалық әріптестік және даму ұйымы

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. XX ғ. екінші жартысынан бастап ұлттық экономикада тауарлық, шикізаттық және қаржылық нарықтардың трансформацияланып қалыптасуының экономикалық және әлеуметтік алғы шарттарын анықтайтын ғылыми - техникалық прогресстің қарқыны, экономиканың және тиісінше, тау - кен металлургиялық кешені дамуының басты факторы болып табылады. Олардың дамуы салдарынан, элементтері өзара тәуелді және бір - бірімен тығыз байланысқан, жаһандық жүйе ретінде дүние жүзілік шаруашылық қалыптасты. Жаһанданудың негізінде халықаралық интеграциялану жүзеге асып, тау-кен металлургия саласында трансұлттық компаниялар пайда болды. Әлемдік дамудың өзара теңсіздігі барысында, жағымды сипаттағы жаһандану процесі, дүние жүзілік экономикадағы тұрақсыздықтың басты себебіне айналды. Оған дәлел ретінде қазіргі әлемде орын алған экономикалық дағдарыс келтіруге болады.

Жаһандық деңгейдегі экономикалық дағдарыс әлемнің металлургия орталығы болып табылатын дамушы мемлекеттерге кері әсер етіп жатыр. Бұл мемлекеттердің қатарына Қазақстан Республикасында кіреді. Отандық тау - кен металлургиялық кешенінің қазіргі кездегі хал - ахуалы, экономиканың дамуының тұрақсыздығы мен көрініс табатын, өзіндік ұлттық ерекшеліктердің және әлемдік үрдістердің өзара әсер етуімен мазмұндалады. Еліміздің тау - кен металлургиялық кешенінің техника - экономикалық көрсеткіштерінің әлемдік бәсекелестік деңгейінің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету қажеттігі барысында, экономикалық қызметтің дәстүрлі нысандарының, мақсаттары және міндеттерінің сәйкессіздігін жоюға бағытталған, осы кешенінің шеңберінде өзара әрекеттесудің жаңа нысандарының пайда болуы кезінде, басқаруда жаңа бағыттар қажет [1].

Еліміздің экономикасында тау-кен саласының алатын орны ерекше. Қазақстан Республикасы 2015 жылы екінші бес жылдықты жүзеге асыруға көшті. Индустриалды - инновациялық даму бағдарламасында отандық тау - кен металлургиялық кешенін дамыту – ең басты бағыттардың бірі болып табылады. 2015 жылдың қорытындысы бойынша отандық тау - кен металлургиялық кешенінің үлесі Қазақстан Республикасы ІЖӨ - де 18 % құрады және ол Республика халқының 2,9 % жұмыспен қамтамасыз етіп отыр.

Тау - кен саласында жаңа жоғары технологиялық өндірістерді құру және сыртқы нарыққа экспортын көлемін арттыру, отандық нарықты қанағаттандыру осы кешенінің алдында тұрған басты мәселе болып табылады.

Аталған мәселелерді шешумен шешуді дәрежеде, ресурс және мерзім бойынша келісілген, негізгі мақсаттар және міндеттер жүйесі болып табылатын, кешеннің даму стратегиясына тәуелді. Даму стратегиясын тәжірибелік жүзеге асыру оны егжей - тегжейлі әзірлеуді және негіздеуді меңзейді. Онымен бірге, қазіргі уақытта кешеннің даму стратегиясының бірінші теориясы жоқ. Олар негізінен, жекеленген мақсаттар және міндеттерді шешу бойынша алгоритмдердің жиынтығы ретінде пайдаланылатын, бөлек - бөлек білімдердің жиынтығы ретінде ғана орын алған.

Бұл мәселені шешу стратегияны әзірлеу және оны жүзеге асыру барысында қарастырылатын барлық міндеттер және мақсаттардың барлық кешендерін қызметтік байланыстыруды талап етеді.

Бұл кешенде орын алған күрделі және келеңсіз мәселелерді шешуге және келешекте одан әрі дамытудың жолдарын іздестіруге мүмкіндік жасайды. Елдің тау-кен металлургиялық кешенінің оңтайлы даму стратегиясы, тау - кен металлургиялық кәсіпорындардың табысты қызмет етуі үшін ұйымдық-экономикалық шарттарды құру және тұрақты бәсекелестік дамуды қамтамасыз ететін, шикізатты игеруден бастап, дайын металл өнімдерін шығаруға дейінгі процесс тиімділігінің негізі бола алады.

Осылайша, қатаң бәсекелестік сипаттағы нарық талаптарына жауап бере алатын және ұтымды бәсекелестік ұстанымдарды иеленуге мүмкіндік беретін Қазақстан Республикасы тау - кен металлургиялық кешенінің даму стратегиясын және оны жүзеге асырудың тиімді механизмін әзірлеу арқылы оны дамыту, диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі болып саналады.

Тақырыптың ғылыми зерттелу дәрежесі. Бәсекелестік және бәсекеге қабілеттілік мәнінің көпәспектiлi талдауын экономиканың әртүрлі мектептерінің және бағыттарының ғалым - экономистері жүргізді. Бұл мәселелер келесі шетелдік: А. Смит, Д. Рикардо, К. Маркс, Дж. Милл, А. Маршалл,

Й. Шумпетер, Ф. Хайек, Дж Кейнс, Дж Робинсон, Э. Чемберлин, А. Курно, Дж. Эджуорта, М. Портер секілді атақты ғалымдардың еңбектерінде орын алған.

Бәсекелестік қабілеттілікті арттыру мақсатында кәсіпорындардың стратегиялық даму мәселелеріне келесі ресейлік авторлардың: Г. Азоев, Ю. Анискин, М. Бандман, О. Беленов, О. Виханский, Т. Гоголева, А. Дынкин, С. Емельянов, Ю. Куренков, И. Пилипенко, О. Туровец, Р. Фатхутдинов, В. Эйтингон, Ю. Юданов және т.б. ғылыми жұмыстары арналған.

Елімізде өндірістік кәсіпорындардың бәсекелестік қабілеттілігін арттыру және даму стратегияларын әзірлеу мәселелері бойынша қомақты үлес қосқан келесі қазақстандық ғалымдарды атап өтуге болады: О. Сабден, К. Сағадиев, О. Қалдыбаев, А. Темірбаев, З. Қарғажанов, К. Бердалиев, Е. Үпішев, Д. Дадабаева, А. Ибраева, Н. Есмағұлова, А. Оразғалиева, Е. Әмірбекұлы, С. Арыстанбаева, А. Кошанов, Г. Нұрмұханова, С. Өмірзақов, Д. Айтжанова.

Қазіргі уақытта, бәсекелестік ортада тұтас кешеннің даму стратегиясын үлгілеуде, тұтас теориялық негізделген тәсілдердің орын алмағандығын аңғаруға болады. Осы диссертация шеңберінде шешілетін мәселелер бұрыннан бері отандық және шетелдік мамандармен белсенді әзірленіп жатқандығына қарамастан, осы уақыт аралығына дейін, олар жүйелі түрде өз шешімін таппаған. Сондықтанда, зерттелетін пәндік саланы сипаттау; тәжірибеге теориялық жағдайларды енгізуді қамтамасыз ететін ұсыныстарды әзірлеу; әртүрлі стратегиялық үлгілерді әзірлеуге және талдауға мүмкіндік беретін, құралдарды құру кешенінің даму стратегиясын зерттеудің маңызды бағыттары болып табылады.

Зерттеудің мақсаты бәсекелестік ортада Қазақстан Республикасының тау-кен металлургиялық кешенінің даму стратегиясын және оны жүзеге асыру механизмін әзірлеу болып табылады.

Зерттеу мақсатына қол жеткізу келесі міндеттерді шешуді талап етті:

- шаруашылық субъектілердің бәсекелестік орта жағдайындағы қызмет етуінің теориялық негіздерін және тәжірибелік аспектілерін зерделеу;
- бәсекелестік ортадағы Қазақстан Республикасының тау - кен металлургиялық кешенінің қазіргі кездегі хал - ахуалын және оның минералды-шикізаттық базасының әлеуетін зерттеу;
- статистикалық мәліметтер негізінде, отандық тау - кен металлургиялық кешенінің бәсекеге қабілеттілігін талдау;
- Республиканың тау - кен металлургиялық кешенінің даму стратегиясын және оны жүзеге асырудың механизмін әзірлеу.

Зерттеудің объектісі болып Қазақстан Республикасының тау - кен металлургиялық кешені табылады.

Зерттеудің пәні бәсекелестік орта жағдайында Қазақстан Республикасының тау - кен металлургиялық кешенінің даму стратегиясын әзірлеу және жүзеге асыру процесі барысында пайда болған ұйымдастырушылық - экономикалық қатынастар болып табылады.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері. Стратегиялық жоспарлау және кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру аясындағы ғалым - экономистердің ғылыми еңбектері мен зерттеу нәтижелері осы жұмыстың теориялық және әдіснамалық негіздері болып табылады. Зерттеу жүргізу барысында кешенді және жағдайлық ғылыми тәсілдер қолданылды. Автор өзі ұсынатын әзірлемелерін негіздеу үшін статистикалық талдаудың және болжамды бағалаудың әдістерін; ғылыми абстракцияның тәсілдерін және әдістерін; экономикалық, математикалық және қаржылық талдаудың; экономикалық үдерістердің дамуындағы объективтіліктің және субъективтіліктің бірегейлігінің; статистикалық және математикалық үлгілеудің әдістерін қолданды.

Зерттеудің ақпараттық базасын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері, отандық және әлемдік тау - кен металлургиялық кәсіпорындардың қаржылық - экономикалық көрсеткіштері, нарықты талдау бойынша отандық және халықаралық ақпараттық агенттіктердің мәліметтері, бұқаралық ақпараттық құралдары және кезеңдік баспалардың ақпараттары, отандық ғылыми семинарлардың және халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференциялардың материалдары, отандық және шетелдік ғалымдардың талдау - сараптамалық мақалалары құрайды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- кешендердің бәсекеге қабілеттілігі түсінігінің авторлық ұстанымын анықтаудан;

- жақын болашақтағы тау - кен металлургиялық кешеннің даму үрдістерін және оның Қазақстан Республикасының ішкі жалпы өніміндегі үлесін болжаудан;

- Қазақстан Республикасының тау - кен металлургиялық кешенінің даму стратегиясының теориялық негіздерін және оны тәжірибелік жүзеге асыру әдістерін негіздеуден;

- Тау-кен металлургиялық кешеннің бәсекеге басымдылықтарын арттыруды ескере отырып, оның қызметінің тиімділігін бағалаудың көрсеткіштерін анықтаудан тұрады.

Зерттеу жұмысының қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдары:

- бәсекеге қабілеттілік түсінігіне қатысты кәсіпорынның әлеуетімен шынайы мүмкіндіктерін ескеретін авторлық ұстаным;

- мемлекеттің экономикасының негізгі салаларының дамуын ескере отыра, Республиканың тау - кен металлургиялық кешенінің даму үрдістерін оқшаулап анықтау есебінен неғұрлым нақты нәтижелерді алуға мүмкіндік беретін, ЖІӨ болжаудың әдістемесі;

- елдің экономикасын дамытудың өзекті мемлекеттік бағдарламаларын ескере отыра мемлекеттің, аймақтың және қызығушылық танытатын жақтардың мүдделерін үйлестіруге мүмкіндік беретін, Қазақстан Республикасының тау - кен металлургиялық кешенінің даму стратегиясы;

- мемлекеттің минералды - шикізаттық әлеуетін тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін, қазіргі кездегі жағдайда Қазақстан Республикасының тау - кен металлургиялық кешеннің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету механизмі.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы теориялық жағдайларды жалпылаудан және бәсекелестік жағдайында тау - кен металлургиялық кәсіпорындардың даму стратегиясы бойынша нақты ұсыныстарды әзірлеуден тұрады. Диссертациялық зерттеулерде баяндалған қағидалар және тәсілдер отандық тау - кен металлургиялық кешенінің даму стратегиясын қалыптастыру барысында пайдалануға болатындығы, оның тәжірибелік құндылығын арттырады. Ұсынылатын тау - кен металлургиялық кешенінің даму стратегиясы кешеннің даму бағдарламаларын әзірлеу барысында пайдаланған жөн. Берілген ұсыныстар оңтайлы басқару шешімдерін қабылдау есебінен, кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелерінің талқылануы. Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдары мен нәтижелері халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференцияларда баяндалды: «Қазақстанның саяси және экономикалық жағдайындағы білім беру және ғылымдағы инновациялар» халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференциясы (Рудный, Қазақстан Республикасы, 2011), «Шоқан тағылымдары – 17» халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференция (Көкшетау, Қазақстан Республикасы, 2013), «Ғылым бейбіт келіссөздердің негізі ретінде» халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференция (Донецк, Украина, 2013), «Озық ғылым» халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференция (Йоркшир, Ұлыбритания, 2015), «Қазіргі заманғы ғылымның

инновациялық даму жүйесіндегі жастар» халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференция (Рудный, Қазақстан Республикасы, 2016), «Қазіргі заманғы экономика: мәселелер, шешу жолдары, келешегі» халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференция (Кинель, Ресей Федерациясы, 2016)

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы бойынша зерттеудің мазмұнын сипаттайтын 12 мақала жарияланды. Оның ішінде, 3 мақала ҚР БҒМ Білім және ғылым саласын реттеу комитетімен ұсынылған журналдарда және 1 мақала Скопус базасындағы журналда, сонымен қатар 6 мақала халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференцияларда, 2 мақала ғылыми баспаларда жарияланды.

Диссертацияның құрылымы мен көлемі. Ғылыми еңбек құрылымы кіріспені, үш бөлімді, қорытындыны, пайдаланған әдебиеттер тізімін және қосымшаларды қамтиды.

Басты түсініктер: бәсеке, бәсекелестік, тау - кен металлургиялық кешені, кешен бәсекелестігі, стратегия, даму стратегиясы, бәсекелестік басымдылықтар, даму стратегиясын жүзеге асыру механизмі.

1 КЕШЕНДЕРДІҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ

1.1 «Кешеннің бәсекеге қабілеттілігі» түсінігінің теориялық негіздемесі

Бәсекеге қабілеттілік түсінігі кең мағынаны білдіреді және ол кеңінен қолданыс табуда. Бәсекеге қабілеттілік мәселесінің шешімі әр елде қалыптасатын әлеуметтік - экономикалық жағдайға негізделеді. Бәсекелестік және бәсекелік күрес нарықтық механизмдерге негізделетін, экономикалық жүйелердің қызметінің маңызды мазмұны болып табылады. Бәсекелестік қана нарықта тұтынушылардың қажеттіліктерін тиісті дәрежеде қанағаттандыруға жағдай жасайды. Ол кәсіпорындарды және оларды жабдықтаушыларды озық ғылыми-техникалық жетістіктерді неғұрлым толық пайдалануға және өндіретін өнімдерінің сапасын арттыруға мәжбүрлейді [2].

Бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін серпін бере отыра, өндірушілерді өз нарықтарынан айырылып қалмау үшін өздерінің басымдылықтарын үнемі нығайту бәсекелесудің мәжбүрлі мазмұны болып табылады. Табысты бәсекеге қабілеттілікті шаруашылық субъектісінің қызметінің тиімді нәтижесі ретінде қарастыруға болады. Дамыған капиталистік елдер, мемлекеттің және жекеленген кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелеріне ерекше назар аударып отыр [3]. Бәсекелестік түсінігі бойынша қазіргі уақыттың өзінде нақты анықтамалар қалыптаспаған. Мәселенің күрделілігін және маңыздылығын осы салада жүргізіліп жатқан теориялық және тәжірибелік зерттеулер куәландырады. Көптеген авторлар «бәсекелестік» терминін қарсыластар алдында басымдылыққа ие бола отырамақсатқа жету деп түсіндіреді. Бірқатар ғалым - экономистер «бәсеке» түсінігінің мағынасын «жарыс» деп анықтайды [4].

Бәсеке – бұл бір нарықтық секторда қызмет жасайтын бірнеше ұйымдардың өзара тоғысатын мүдделерге ие, өзара жарысы. Бәсекенің қарқындылығы және құрамы бәсекеге қабілеттіліктің деңгейлерін қалыптастыра отырып кәсіпорынға тікелей әсер етеді [5].

Халықаралық еңбек бөлінісінде бәсекеге қабілеттілік теориясы салыстырмалы бәсекелестік басымдылықтарды қолдану концепциясын негізге алады. Тарихи тұрғыда бәсекеге қабілеттілік туралы ілім XVI ғ. қалыптасты. Экономикалық теорияның меркантилизм ағымы, мемлекеттің бәсекелік басымдылықтарға қол жеткізуі үшін импортты барынша шектеу және колониялармен тиімсіз сауда жасау керек деп түсіндірді. Өзінің абсолюттік басымдылықтар теориясында А. Смит меркантилистердің концепциясын қатты сынға алды. Осы теорияға сәйкес, қажетті абсолюттік басымдылықтардың орын алуы, бәсекеге қабілетті өндірістің жағдайын білдіреді [6]. А. Смит өзінің зерттеулері арқасында бәсеке саласында «экономика ғылымның атасы» деген құрметке ие болды.

Ол ең алғашқы болып «бәсеке» түсінігін жарыс ретінде қарастырып, оны нарық ойыншыларының қызметін реттейтін «көрінбейтін қол» рөлін орындайды деп анықтады.

А. Смит бәсекелестіктің қағидаларын қалыптастырды және қажетті ресурстарды оңтайлы өзара бөлуге мүмкіндік бере алатын әмбебап механизмді әзірледі.

Д. Рикардо салыстырмалы басымдылықтар теориясын қалыптастырып, А. Смиттің ғылыми пікірін жалғастыруға тырысты [7]. Мемлекет басқа елдермен салыстырғанда неғұрлым аз шығынмен және ең жоғары тиімділікпен өндіре алатын өнімдерді ғана шығару қажеттілігі яғни мемлекеттердің мамандануы осы теорияның мәні болып табылады. А. Смиттің концепциясының одан әрі дамуына Дж. С. Миль, Дж. Робинсон, Дж. М. Кейнс, Й. Шумпетер, П. Хайке, Ф. Найт, К. Макконелл, С. Брю, М. Портер, Р. Фатхутдинов секілді ғалымдар өздерінің зор үлестерін қосты.

Бәсекенің жаңа бағыттары индустриалды және постиндустриалды қоғам жағдайында пайда болады [8]. Жаңа экономикалық ортада бәсекелестік басымдылықтар теориялары өзгеріске ұшырады. Бәсекелестік күресте ақпарат, озық ғылыми - техникалық жетістіктер, инновациялар басты факторларға айналып отыр. Негізінен, бәсекегеқабілеттілік түсінігі тар мағынада: нарықты «жаулап алу» және өндірілген өнімді сату мүмкіндігі ретінде қарастырылады. Төмен шығындарға және төмен бағаларға маңызды рөл беріліп келді. Бәсекелестіктің күрделенуі, нарықтың тауарларға аса толығыуы, трансұлттық компаниялардың (ТҰК) пайда болуы, ұлттық экономикалардың жаһандануы бәсекелестікті қалыптастыруда жаңа бағыттарды талап етуде.

Р. Лукастың пікірінше, ғылыми әзірлемелер және адами капиталға инвестициялар бәсекеге қабілеттілікке қолжеткізудің және оны ұзақ уақытқа сақтаудың маңызды жағдайлары болып табылады. Бәсекелестікке қабілеттілік механизмін абсолютті және салыстырмалы басымдылықтар теориялары көмегімен түсіндіруге тырысқан А. Смит және Д. Рикардодан кейін көптеген ғалымдар осы құбылысты ұғыну үшін әртүрлі экономикалық теорияларды ұсынды. Олардың арасында М. Портердің бәсекелес басымдылықтар теориясы ерекше құрметке ие. Елдің бәсекеге қабілеттілігін, компаниялардың бәсекеге қабілеттілігінің призмасы арқылы қарастыру көзқарасы М. Портердің жаңалығы болып табылады. Оған сәйкес, бір елдің бәсекеге қабілеттілігі, ұлттың өнімділігімен байланысты және қолда бар барлық ресурстарды тиімді пайдалану. Елдің даму дәрежесін қарастыру барысында, жеке кәсіпорынның деңгейінде қарастыру қажет. ІЖӨ және ұлттық табыс компания-өндірушілерімен құрылады.

М. Портер дамыған елдердің өзінде өнеркәсіптің салалары және өндірістік компаниялар барлығы бірдей дами алмайтынын ескертеді. Ұлттық экономиканың табыстылығы, халықаралық белсенділікті жүзеге асыратын жекеленген компаниялардың шоғырына тәуелді. Бұл кәсіпорындар әр елдің өндіріс шағынының көрсеткіштерін айқындайды. Бастапқыда, мемлекеттер емес, сол мемлекеттердің ұлттық компаниялары бәсекегеқабілетті болғандықтан, бәсекелестік күресте табысты болу үшін фирмалар басымдылықтың екеуінің біреуін иеленуі қажет: өндірістің төмен шығындары немесе жоғары бағамен сату үшін өнімнің сапасын дифференциялауы.

Бәсекелестік өз кезегінде компанияларды өзге бәсекелес кәсіпорындардың табысымен салыстырады және үнемі бір - бірімен жарысуға итермелейді. Елдің халықаралық мамандануы оның бәсекеге қабілетті экономикалық салаларымен байланысты. Халықаралық саудада әртүрлі елдердің неғұрлым бәсекеге қабілетті салаларының өнімдері өзара бөлінеді нәтижесінде, артық өндірілген отандық компаниялардың тауарлары экспортталады, ал шетелдік бәсекелестердің неғұрлым тиімді өнімдері импортталады.

М. Портер бәсекелесу факторларын анықтай отыра «Бес күш» үлгісін ұсынады (1 - сурет) [9].



Сурет 1 – М. Портердің бәсекелестіктің «Бес күші» үлгісі

Ескерту – дереккөз: [9]

Компания өз стратегиясын өзгерте отырып, осы күштерге өз пайдасына қарай әсер ете алады. Кеңес дәуірінде бәсекеге қабілеттілікке қажетті дәрежеде көңіл бөлінбеді. Бұл ұғым негізінен тауарлар экспортымен байланысты болды. Бәсекеге қабілеттіліктің негізгі көрсеткіштері ретінде тауар экспорттаушылардың салыстырмалы табыстылығы негізге алынды. Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізумен байланысты бәсекелестік мәселелерін белсенді зерттеу жұмысы басталды. Бұрынғы одақтас елдермен қалыптасқан шаруашылық байланыстар үзіліп және жаңа нарық экономикасының талаптарына сәйкес келетін индустриялық экономиканы құру қажеттілігі туындады. Республиканың Еуразиялық кеңістіктегі интеграциялық ұмтылыстары және

ӘСҰ мүше болуы, отандық ғалым-экономистерді бәсекеге қабілеттілік мәселелерін терең зерттеуге итермелейді. Зерттеушілер «бәсекеге қабілеттілік» және «бәсекелік басымдылықтар» терминдерін өзара байланыстырады. Осы түсініктер арасындағы өзара ұқсастықтың өзіндік негізі бар. Бәсекелестік басымдылықтарды, кәсіпорында ресурстар түрінде пайда болатын және оған бәсекелестік күресте жеңіске қол жеткізуге мүмкіндік жасайтын табыстылықтың кілті ретінде қарастыруға болады [10]. Бәсекеге қабілеттілік бәсекелестік басымдылықтардың орын алуы мен қолданудың нәтижесі ретінде анықтауға болады. Бәсекеге қабілеттілік өзара тығыз байланысқан элементтерден тұратын жүйе болып табылады. Оны жекеленген түсінік ретінде қарастыруға келмейді. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі оның ажырамас қасиеті болып табылмайды. Кәсіпорын микро және макро орта жүйесінде қалыптасқан ұлттық экономика шеңберінде қызмет етеді. Бір жағынан кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі ұлттық экономикаға тәуелді болса, ал екінші жағынан оны анықтайды» [11].

Экономикалық құбылыстар жаһандық, аймақтық және салалық деңгейлерде тығыз өзара байланысқан [12]. Бәсекелестіктің макро деңгейі салалық бағыт барысындағы және бәсекеге қабілеттілікпенде, ұлттық бәсекеге қабілеттілікпенде ұсынылған. Осы түсініктер арасында түбегейлі айырмашылық жоқ. Айырмашылық негізінен осы категорияларды анықтаудағы бағыттан тұрады. Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін әлемдік экономикалық жүйеде алатын орнымен және оның басқалармен табысты сайысқа түсу мүмкіндігімен анықталады. Бұл категория экономикалық, әлеуметтік және саяси тұрақтылықты, елдің қауіпсіздігімен тәуелсіздігін меңзейді. Бәсекелестік жүйесі микро деңгейді, мезо деңгейді және макро деңгейді біріктіретін иерархиялық құрылымды білдіреді. Бәсекеге қабілеттілікті анықтайтын екі теориялық тәсіл бар: салалық және аймақтық. Макро бәсекеге қабілеттілік – жалпы тұтас мемлекеттің және оның ішінде жекеленген кәсіпорындардың барлық экономикалық жүйесінің жұмыс тәртібін қалыптастыратын бәсекеге қабілеттіліктің басымды деңгейі болып табылады [13]. Жекеленген кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілік деңгейі мемлекеттің экономикалық дамуына жағымды әсер ететіні туралы көптеген авторлардың зерттеулері дәлелдейді [14]. Отандық тауар өндірушілердің бәсекелестігі – бұл мемлекет қауіпсіздігінің басты мәселесі.

Кесте 1 – Бәсекелестік деңгейлерді анықтаудағы теориялық тәсілдер

Бәсекелестік деңгейлері	Аймақтық тәсіл	Салалық тәсіл
Макро деңгей	Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі	Ұлттық бәсекеге қабілеттілік
Мезо деңгей	Аймақтың бәсекеге қабілеттілігі	Кешеннің және корпоративтік бірлестіктердің бәсекеге қабілеттілігі
Микро деңгей	Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі	Кәсіпорынның және жекеленген тауарлардың бәсекеге қабілеттілігі
Ескерту – Автормен әзірленген		

Бәсекелестіктің мезо деңгейі, зерттеудің алға қойған мақсаттары және міндеттеріне тәуелді, кешендік немесе аймақтық бәсекеге қабілеттілікпен ұсынылған. Бірқатар ғалым - экономистер аймақтың бәсекеге қабілеттілігін оның жалпы жүйесінің мета деңгейіне жатқызады [15].

Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі жекеленген салалардың оған қол жеткізуі арқасында қамтамасыз етіледі. Мемлекеттің табысты қызметі осы саланың жекеленген кәсіпорындарының даму стратегияларын сәтті жүзеге асыруымен анықталады. Кешеннің бәсекеге қабілеттілік дәрежесі салалық инфрақұрылымның, өндірістік, коммерциялық, ғылыми - техникалық әріптестіктің және бәсекеге қабілетті кәсіпорындарға тәуелді. Кешендік бәсекеге қабілеттілік және салаларда өндірілетін өнімінің бәсекеге қабілеттілігі арасында ажырамас байланыс бар.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі және өзі өндіретін тауарлардың бәсекеге қабілеттілігіне тікелей тәуелді. Өндіретін өнімнің бәсекеге қабілеттілігі, кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің басты құрамдас бөлігі болып табылады. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі – ұйымның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың және қамтамасыз етудің басты шарты болып табылады.

«Бәсекеге қабілеттілік» түсінігіне байланысты әдебиеттерде көптеген анықтамалар орын алған. Анықтамалар бәсекеге қабілеттіліктің жекеленген аспектілерін ғана сипаттайды немесе оны кешенді сипаттаудың талпынысын жүзеге асырады [16]. Төмендегі 2 - кестеде осы түсінік бойынша танымал анықтамалардың салыстырмалы талдауы ұсынылған.

Кесте 2 – «Бәсекеге қабілеттілік» түсінігінің анықтамаларына шолу

№	Авторлар	Анықтамалар
1	2	3
1	Л. Донцова	Кәсіпорынның өз тауарларымен нақты қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру дәрежесі бойынша да, өндірістік қызметтің тиімділігі бойынша да нарықта ұқсас тауарды (қызметті) өндіретін басқа өндірушімен қақтығысу қабілеті
2	Ю. Рубин	Компанияның шынайы және әлеуетті мүмкіншілігі сонымен қатар, бәсекелестерге карағанда, тұтынушылар үшін бағалық және бағалық емес мазмұндамалары бойынша жағымды тауарларды жобалау, әзірлеу және өткізу мүмкіндіктері
3	Е. Млоток	Фирманың ұлттық экономикасының және оның сыртындағы ішкі салаларындағы басқа фирмаларға қатысты салыстырмалы артықшылығы
4	Д. Джакот	Компанияның үшінші тұлғалар алдында міндеттемелерін орындауды және өсімді қамтамасыз ететін (тиімділіктің белгілі деңгейін қамтамасыз ету, негізгі қорларды қалыптастыру, инвестициялық капиталды қайтару) баға бойынша өзінің өнімін өткізу қабілеті
5	Г. Багиев	Кәсіпорынның ұлттық және әлемдік тауар нарықтарына шығудың дұрыстығының маңызды талаптарының бірі
6	Р. Фатхутдинов	Нақты нарықта ұсынылған, ұқсас объектілерді салыстыру бойынша қажеттіліктерді қанағаттандыру дәрежесін мазмұндайтын объектінің қасиеті. Бәсекеге қабілеттілік нақты нарықта ұқсас объектілермен салыстырғанда бәсекелестікті ұстап тұру қабілетін анықтайды

1	2	3
7	О. Қалдыбаев А. Темірбаев	Бәсекеге қабілеттілік – бұл кәсіпорынның экономикалық, техникалық, ұйымдық мүмкіндіктері және оның бәсекелестер алдында басымдылықтары
8	Д. Дадабаева	Бәсекеге қабілеттілік – бұл өндірістің тиімділігін арттыруға бағытталған әлеуетті мүмкіндіктерді толық пайдаланумен байланысты ұйымдастыру қабілеті
9	А. Ибраева	Бәсекелестердің экономикалық ресурстарды пайдалануға қатысты шаруашылық субъектінің экономикалық ресурстарын тиімді пайдалану деңгейі
10	Н. Есмағұлова	Бәсекеге қабілеттілік – бұл ресурстарды неғұрлым тиімді пайдалану есебінен нарықта бәсекелестікке төтеп беру қабілеті
11	А. Оразғалиева	Бәсекелестердің жиынтық көрсеткіштеріне қатысты, белгілі бір нарықта белгілі бір уақыт аралығында кәсіпорынның табыстылығын анықтайтын, кәсіпорын қызметінің бағалау көрсеткіштерінің жиынтығының басымдылық дәрежесін сипаттайтын, кешенді мазмұн
12	О. Сабден	Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі – бұл кәсіпорынның нарықтағы бәсекелестік басымдылығының дәрежесін анықтайтын және бәсекелес-фирмалар арасында әлемдік экономикалық күресте оған жеңісті қамтамасыз ететін, интегралды қасиет
13	Авторлық ұстаным	Бәсекеге қабілеттілік – бұл өндіретін тауарларының немесе көрсететін қызметтерінің бағасы және сапасы бойынша бәсекеге қабілетті арақатынасымен, нарықтағы үлесі және бәсекелік әлеует деңгейімен шарттасқан, қазіргі уақытта ғана емес, сонымен бірге келешекте де табысты бәсекелесе алу қабілетімен мазмұндалған, нақты уақыт аралығында және белгілі бір нарықта сыртқы ортамен бағаланатын бәсекелестер алдындағы басымдылық
Ескерту – Автормен әзірленген		

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігіне қатысты әртүрлі авторлардың ұсынған анықтамаларын зерттеудің нәтижесінде, неғұрлым маңызды ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік туды [17]:

- бәсекеге қабілеттілік – бұл тұтынушылар үшін өнімнің тартымдығы, сатылу мүмкіндігінің шамасы;
- жаңа өнімді әзірлеу барысында берілетін шама;
- тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыру дәрежесін сипаттайды және қойылатын талаптардың мазмұны өнім түріне тәуелді келеді;
- белгілі бір уақыт аралығында техникалық, экономикалық, пайдалану мазмұндамалары бойынша негізгі бәсекелестердің ұқсас өнімдерін салыстыру барысында алынатын, салыстырмалы шама;
- болжанатын, математикалық өлшем;
- кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі кәсіпорынның барлық ресурстарын пайдаланудың тиімділігін және өлшемін мазмұндайды;
- кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі өзгерісі сыртқы да ішкі де факторларға тәуелді динамикалық көрсеткіш болып табылады;
- кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі шартты көрсеткіш болып табылады. Озық кәсіпорындардың немесе бәсекелес кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттіліктің ұқсас көрсеткіштері салыстыру базасы болып табылады;
- кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігіне әлеуметтік және экологиялық орталар әсер етеді.

Бәсекелестік туралы ұстанымдар, осы түсініктің маңызды қасиеттерін ескере отыра қалыптасқаны байқалады:

- бәсекеге қабілеттілік – бұл кешенді мазмұндама;
- бәсекеге қабілеттілік кәсіпорынның әлеуеті және шынайы мүмкіндіктерін ескере отыра анықталады;
- бәсекеге қабілеттілік бір уақыт аралығында орнайды, ол уақыт аралығында өзгеріске ұшырайтын, динамикалық түсінік;
- бәсекеге қабілеттілік салыстырмалы көрсеткіш.

Бәсекеге қабілеттілікті кешенді, жүйелі және стратегиялық тұрғыда қарастыру қажет [18].

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің басты аспектісі болып табылады:

- өндірістік;
- қаржылық;
- маркетингтік;
- инновациялық;
- басқарушылық;
- кадрлық.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін мазмұндау үшін оның критерийлерін таңдау өте маңызды. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің критерийлері – бұл олардың негізінде кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі бағаланатын, сандық және сапалық мазмұндамалар. «Бәсекеге қабілеттілік критерийлері» және «бәсекеге қабілеттілік факторлары» түсініктерін ажырату қажет. Факторлар кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі критерийлерінің өзгеріс себептері болып табылады [19].

Бұл түсініктерді ажырату күрделілігінің мәні – бәсекеге қабілеттіліктің бірқатар критерийлері бір уақытта оның факторлары болып табылуында. Бәсекеге қабілеттіліктің критерийлерінің бәсекеге қабілеттілігінің факторлары болып табылуы мүмкін. Көрсеткіштер бәсекеге қабілеттіліктің критерийлерін нақтылайды. Бәсекеге қабілеттілік критерийлері – бұл оның деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін көрсеткіштер кешені. Бәсекеге қабілеттілік критерийлерінің тізімі, бағалауды жүзеге асыратын субъектіге, кәсіпорынның типіне, ол қызмет ететін нарықтың түріне тәуелді болып өзара бөлінуі мүмкін.


Бәсекеге қабілеттілік критерийлері бір ғана немесе кешенді болады. Бір ғана критерий – бұл бәсекеге қабілеттілікті жағдайластыратын, бір ғана мазмұндама. Кешенді критерийлер осындай мазмұндамалардың жиынтығын білдіреді және топтық немесе жалпылама болып келуі мүмкін. Топтық критерийлер бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыратын мазмұндамалар тобын білдіреді. Жалпылама критерий негізінде кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың нәтижелері туралы сипат алуға болады. Жалпылама критерийдің мысалы ретінде кәсіпорынның рейтингін қарастыруға болады.

Біздің ойымызша, кәсіпорынның нарықтық үлесі оның шынайы жағдайын анықтайды және кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің ең басты критерийі болып табылады.

Ұйымның бәсекеге қабілеттілігі нарықта ғана айқындалады, ал қалған көрсеткіштер оның әлеуетті мүмкіндіктерін мазмұндайды. Кәсіпорынның нарық үлесі оның қызметінің нәтижесі болып табылады. Өндірістік қызметтің, маркетингтік және өткізу қызметінің тиімділігі, қатаң бәсекеге төтеп беру қабілеті, сатылым және табыс көлемінің артуы, абырой, қаржылық жағдайы, шынайы және болашақтағы бәсекелестерден озу қабілеттері – бәсекеге қабілеттіліктің критерийлері болып табылады.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі факторлары – бұл кәсіпорынның қызметіне әсер ететін және оның бәсекеге қабілеттілігінің деңгейін өзгертетін өндірістік-шаруашылық және әлеуметтік - экономикалық процестер мен құбылыстар. Бір немесе бірнеше факторлардың орын алуы бәсекеге қабілеттілік критерийлерінің өзгерісі үшін қажетті және жеткілікті болып табылады. Факторлардың әсері кәсіпорынның қызметі үшін жағымды немесе теріс болуы мүмкін. Жағымды факторлар бәсекелестік басымдылықтарды құрады. Теріс факторлар – кәсіпорын үшін өзекті мәселеге айналуы мүмкін. Ұйымның бәсекеге қабілеттілігінің факторларын анықтау және оларды талдау оның қызметінің сонымен қатар, бәсекелестердің мықты және әлсіз жақтарын анықтау үшін қажет. Бұл бәсекелестердің әлсіз жақтарын және өзіндік күшті жақтарды пайдалануға жәрдемдеседі. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі факторларының сыныптамасы өте кең және көптеген авторлардың еңбектерінде орын алған. Әлемде ешқандай мемлекет барлық ұстанымдар бойынша толық бәсекеге қабілетті бола алмайды. Оған себеп – мемлекет ресурстарының шектеулігі. Мемлекетте қолда бар ресурстарды неғұрлым тиімді пайдалану күрделі мәселе болып табылады.

Ресурстарды үнемдеу, тиімді экономикалық өсудің ең басты қайнар көздерінің біріне айналуы тиіс. М. Портер ұлттық бәсекелестік артықшылығының детерминат жүйесін сипаттайтын «бәсекелік қиық» үлгісін ұсынады (2 - сурет).



Сурет 2 – М. Портердің ұлттық бәсекелестік басымдылықтарының детерминат жүйесі – «бәсекелік қиық»

Ескерту – дереккөз: [19]

Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі үшін негізгі факторлар әдетте, алдыңғы өткен ұрпақтардан мұра ретінде берілмейтіні, ол еңбек қызметінің процесінде құрылатыны анық. Факторлар – табиғи тегін келетін және еңбекпен жинақталатын болып екіге бөлінеді.

Тек қана дамыған факторлар ғана бәсекелес мемлекеттердің көшіріп алуы қиынға соғатын, мемлекетке бәсекелестік басымдылықтар әкеледі. Ішкі нарықтың көлемі емес оның сапасы маңызды. Мысалы, Қытай немесе Ресейдің ішкі нарықтары кең, бірақ бұл нарықта орын алған сұраныс көп жағдайда төлемге қабілетсіз. Швейцариядағы жоғары төлем қабілеттілігімен ұштасқан ішкі нарықтың тарлығы «Nestle» және «ABB» компанияларын негізінен сыртқы нарықтарда жұмыс жасауға мәжбүрлейді.

М. Портер, жекеленген салалар ғана емес, сонымен қатар компаниялар тігінен немесе көлденең шоғырланған, тұтас салалардың «шоғыры» бәсекеге қабілетті бола алады деп санайды. Мысалы, Швецияда металл өндеумен байланысқан барлық қызмет салалары дамыған. Оның «SKF», «Sanadvik», «ABB», «Saab», «Scania», «Volvo», «Electrolux» компаниялары әлемге әйгілі.

Компанияларды ұйымдастыру тәсілдері және стратегиялар, мақсаттар әртүрлі мемлекеттерде әртүрлі екені белгілі. Ұлттық ерекшеліктерге фирманы басқару әдістері, тәсілдері, бәсеке түрлері тәуелді.

Ешқандай жүйе әмбебап болып табылмайды, ол компанияның бәсекелік басымдылықтарының көздеріне сәйкес болулары қажет. Мысалы, Германияда технология деңгейі жоғары салаларда ірі компаниялар неғұрлым бәсекеге қабілетті. Италияда, керісінше, шағын және орта бизнес әсіресе, отбасылық кәсіпорындар көшбасшы болып табылады.

М. Портердің «Бәсекелік қиығы» кешенді жүйе болып табылады. Оның детерминанттары үнемі бір - біріне әсер етеді. Мемлекеттің ерекшелігі басқа басымдылықтары құрады немесе күшейтеді. Қиықтың барлық жақтарында орын алатын басымдылықтар, бәсекелестік басымдылықтар болып саналады. Бір - екі детерминант негізіндегі бәсекелестік басымдылықтар тек қана табиғи ресурстарына қатты тәуелді немесе күрделі технологиялар және дағдылар қолданылмайтын салаларда пайда болуы мүмкін. Бәсекелестік басымдылықтарды ұзақ уақыт ұстап тұру мүмкін емес. Олар суырылып бір елден екінші елге ауысып отырады. Экономиканың озық салаларында бәсекелестік басымдылықтарды иелену және ұстап тұру үшін, «қиықтың» барлық құрамдас бөліктерінде басымдылықтарға ие болу қажет.

Жекеленген әр детерминант бойынша басымдылық сол саланың бәсекеге қабілеттілігінің дәлелі емес. Шетелдік мемлекеттердегі бәсекелестерге ондай басымдылықтарды жоюға немесе көшіріп алуға қиындық туғызбайды. Мемлекеттің кешенді басымдылықтары оның әлемдік сыныптағы бәсекелестік держава ретінде оның жаһанды көшбасшылығын анықтайды. Ұлттық бәсекелестіктің басымдылығы, тұтас «қиық» ерекше болып табылғанда ғана туындайды. Оны басқа мемлекеттер көшіріп алу мүмкіндігі болмайды.

Бәсекеге қабілеттілік факторларының сыныптамасын үш топқа бөліп қарастыруға болады: техникалық - экономикалық; коммерциялық; нормативтік-құқықтық. Бірінші топқа өнімділікке және өндіріс шығындарына тәуелді

факторлар жатады. Екінші топ – өзіне қаржылық әлеует, нарық конъюктурасы, имидж және т.б. біріктіреді. Нормативтік - құқықтық факторларға техникалық және экологиялық қауіпсіздік ережелері, патенттік - құқықтық талаптар кіреді.

Бәсекеге қабілеттілікті факторлардың үш тобы қалыптастырады:

- 1) кәсіпорынның стратегиялық мүмкіншілігі және бәсекелік басымдылықтардың детерминанттарымен анықталатын, кәсіпорынның әлеуеті;
- 2) өндірілетін өнімнің бәсекеге қабілеттілігімен және сату көлемінің динамикасымен анықталатын, нарық талаптарын қанағаттандыру дәрежесі;
- 3) қаржылық жағдаймен және ресурстарды тиімді пайдаланумен анықталатын, кәсіпорын қызметінің нәтижелері.

Өндірістік, коммерциялық, қаржылық, ақпараттық құрылымдардың орын алуымен және олармен бизнестің құқықтық жүйесінде тиімді өзара әрекет ететін бәсекелестермен толыққан, үнемі өзгерісте болатын әлемдік бәсекелестік ортада тау - кен металлургиялық кешен кәсіпорындарының қызметінің табысты болуы, осы кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін мазмұндайды.

Тау - кен өндірістік кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігінің ерекшелігі, тез басқарушылық шешім қабылдауды талап етеді. Себебі, олардың өніміне деген сұраныстың болуы кәсіпорынның табысты қызметінің ғана емес, Қазақстан экономикасының дамуының кепілі болып табылады.

Кәсіпорынның алған қойған мақсаттары, оның қызметінің негізі болып табылады. Мақсаттарға қол жеткізу үшін бірқатар күш - жігер талап етіледі және тиімді қызметінің нәтижесін сипаттайды. Кәсіпорын мақсаттары мүмкіндіктерді ескере отыра, өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың ниетін білдіреді. Белгілі бір сала кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін талдау барысында факторларды жалпы және арнайы түрлерге бөліп қарастырудың мәні бар. Төменгі 3 - кестеде тау-кен металлургиялық кешенінің бәсекеге қабілеттілігінің факторларының сыныптамасы ұсынылған.

Кесте 3 – Тау - кен металлургиялық кешенінің бәсекелік қабілеттілігіне әсер ететін факторларының сыныптамасы

Тау-кен металлургиялық кешенінің бәсекелік қабілеттілігіне әсер ететін жалпы факторлар	Тау-кен металлургиялық кешенінің бәсекелік қабілеттілігіне әсер ететін ерекше факторлар
1	2
Сыртқы факторлар	
<ul style="list-style-type: none"> - макроэкономикалық; - технологиялық; - нарық сыйымдылығы; - энергиялық ресурстарға бағалардың ауытқуы; - өнім сапасы; - тау-кен металлургиялық кешенінің және нарықтың даму үрдістері; - қаржылық. 	<ul style="list-style-type: none"> - әлемдік саяси және экономикалық; - халықаралық нарықтағы бәсекелестік деңгейі; - кешеннің дамуын қолдайтын мемлекеттік бағдарламалардың орын алуы; - халықаралық имидж; - ұлттық валюта бағамының өзгерісі.
Ішкі факторлар	
<ul style="list-style-type: none"> - құрал-жабдықтардың сапасы; - технологияның мазмұны; - өндірісті ұйымдастыру; - ұйымдық құрылым; - персоналды ынталандыру; 	<ul style="list-style-type: none"> - нарықтың өзгерістеріне өндірістің икемді әсер ете алуы; - озық технологиялық бөліністерді қолдану; - ғылыми зерттеу және тәжірибелі конструкторлық жұмыстар;

1	2
<ul style="list-style-type: none"> - маркетингтік қызметті ұйымдастыру; - ассортименттің алуандығы; - өнім бағасы; - қаржы ресурстары, білікті персонал деңгейі. 	<ul style="list-style-type: none"> - инвестицияны тарту мүмкіндігі; - әлеуметтік жауапкершілік; стейкхолдерлер мүдделері
Ескерту – Автормен әзірленген	

«Кешен» – терминінің мағынасы қандай бір сала өндірістерінің жиынтығы екені анық. Тау - кен металлургиялық кешені – бұл белгілі бір аймақта шоғырланған бірнеше кенорындарында өндіріс бірліктерімен бір уақытта шикізатты бірлесіп игеру және өндеу үшін құрылған технологиялық кешен. Кешен құрамында шикізаттарды өндеудің басымдылықтары:

- отын - энергетикалық шығындарды төмендету;
- капиталды салымдарды үнемдеу;
- ішкі өндірістік - техникалық байланыстар құрылымын жетілдіру;
- ортақ инфрақұрылым;
- шикізаттық ресурстардың барлық түрлерін кешенді пайдалану есебінен кен орнында игерілмеген қалдықтарды азайту.

Отандық ТМК үшін сала және кәсіпорын бәсекеге қабілеттіліктерінің арасындағы тығыз өзара байланыстың болуымен мазмұндалады. Салалық инфрақұрылымның, өндірістік жүйенің, коммерциялық, ғылыми - техникалық әріптестіктің орын алуы саланың бәсекеге қабілеттілігіне маңызды әсер етеді.

Нарық өзгерістеріне әсер ету қабілеттілігі, сапалы және арзан өнімді ұсыну мүмкіндігі, жаңа ғылыми әзірлемелерді енгізу, озық техникалар мен технологияларды пайдалану, ассортиментті жаңарту, синергиялық әсер алу үшін кәсіпорындар арасында өзара әрекеттесу ТМК басты факторлары болып табылады.

Кешендердің бәсекеге қабілеттілігі экономикалық шынайылық талап ететіндей дәрежеде толық қанды зерттелмеген. Кешендердің бәсекеге қабілеттілігінің классикалық анықтамасын М. Портер ұсынады: «Біз нақты мемлекеттің кешенін әлемдік нарықтың неғұрлым бәсекеге қабілетті қатысушыларымен салыстырғанда маңызды бәсекелік басымдылықтарды иеленетін болса, біз оны халықаралық деңгейде табысты қызмет етеді деп танымыз... Біз неғұрлым оңтайлы өлшемдер ретінде басқа көптеген елдерге маңызды және тұрақты экспортты және өз еліндегі құрылған активтерге және тәжірибеге негізделетін инвестициялардың салмақты экспортын таңдадық» .

М. Портер кешендердің бәсекеге қабілеттілігінің деңгейін бағалаудың талабы ретінде экспорттың өлшемдерін қарастыруды ұсынады. Кешеннің бәсекеге қабілеттілігі олармен салалық өнімнің бәсекеге қабілеттілігі арқылы анықталады.

Кешендердің бәсекеге қабілеттілігіне қатысты ғалым - экономистердің ұсынатын анықтамаларын талдау, «кешеннің бәсекеге қабілеттілігі» түсінігінің келесі басты ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді:

- кешендердің бәсекеге қабілеттілігі жүйелі мазмұнға ие – ол кешенді құрайтын субъектілердің және кешен қызмет жасайтын макро ортаның бәсекеге қабілеттілігімен анықталады;

- бәсекелік басымдылықтар кешендердің бәсекеге қабілеттілігін құрудың негізі болып табылады;

- жекеленген кешеннің бәсекеге қабілеттілігі оны бәсекелес кешендермен салыстыру барысында айқындалады;

- кешендердің бәсекеге қабілеттілігі тұрақсыз, яғни динамикалық мазмұнға ие;

- кешендердің бәсекеге қабілеттілігінің соңғы бағасын, осы кешеннің өнімін тұтынатын тұтынушы береді;

- кешендердің бәсекеге қабілеттілігі басқару мазмұнына ие.

Ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде кешеннің бәсекеге қабілеттілігінің мәселелері бойынша келесі қорытындыларға келдік.

Кешендердің бәсекеге қабілеттілігі:

- халықаралық шығындардан артық емес;

- жоғары сапалы;

- тұтынушылардың нақты топтарының талаптарын қанағаттандыратын өнімдерді өндіруге мүмкіндік беретін, бәсекелік басымдылықтармен және нарық жағдайы және бәсекелестердің әрекеті талап ететін, бәсекелі әлемдік нарыққа оңтайлы мерзімдерде жеткізумен анықталады.

Кешендердің бәсекеге қабілеттілігі ретінде халық шаруашылығының жекеленген салаларының жұмысының тиімділігі деп түсінеміз.

Кешендердің бәсекеге қабілеттілігі өз құрамына біріктіреді:

- тиімді салалалық құрылымдарды;

- өздерінің деңгейлеріне дейін басқа кәсіпорындарды тартатын, жоғары бәсекелі көшбасшы - кәсіпорындар (фирмалар) топтарын;

- дұрыс жолға қойылған тәжірибелік-конструкторлық, озық өндірістік-технологиялық базаларды;

- дамыған салалық инфрақұрылымдарды;

- ғылыми - техникалық, өндірістік, материалдық - техникалық және елдегі ішкі салалалық немесе басқа да өндірістік салалармен коммерциялық әріптестіктің икемді жүйелерін;

- өндірісшілердің жақсы маркетингтік даярлығын қамтиды.

Кешендердің бәсекеге қабілеттілігін анықтаудың талаптары:

Бірінші талап: табиғи - бәсекелестік басымдылықтардың болуы. Бұл бәсекелік басымдылықтар осы кешеннің нарықта көшбасшы ұстанымын қамтамасыз етеді. Екінші талап: шығарылатын өнімдерді нарыққа жылжыту үшін негіз болып табылатын, маңызды ғылыми - техникалық бөлімнің болуы.

Жоғарыда айтылған талаптарды пайдалану кешеннің бәсекеге қабілетті салаларын таңдау барысында келесі жағдайды ескеруге мүмкіндік жасайды. Бәсекелестік қабілеттілік баға мазмұндары немесе техникалық мазмұндар бойынша қамтамасыз етіледі. Кешендерді бәсекеге қабілеттілік бойынша үш топқа бөліп қарастыруға болады:

- бәсекеге қабілетті кешендер. Бұл кешендер шетелдік инвестицияларды пайдаланумен өзін - өзі қаржыландыру және сыртқы нарыққа шығу негізінде дами алады;

- жартылай бәсекеге қабілетті кешендер. Кешендердің бұл тобы мемлекеттік қолдауды талап етеді;

- бәсекеге қабілетсіз кешендер – бұл кешендер тобы сыртқы нарықта бәсекелесе алмайды. Бұл кешендер тобы бойынша антидемпингтік тарифтерді және басқа да заңды протекционистік шараларды пайдалану қажет.

Кешендердің бәсекеге қабілеттілігінің төмен болуының себептері:

- ескірген технологиялардың орын алуы;
- жоғары ресурстық сыйымдылық және өнім өндірісінің шығындары;
- негізгі өндірістік қорлардың тозуы;
- ақша қаражаттарын ішкі жинақтау мүмкіндіктерінің шектелуі;
- саяси және әлеуметті - экономикалық тұрақсыздық;
- қатаң бюрократия және экономикалық қылмыс деңгейлерінің артуы;
- аймақтардың экономикалық және әлеуметтік дамуының теңсіздігі.

Кешеннің жағдайын талдау барысында, сандық мағынадағы бәсекеге қабілеттілікті анықтауға мүмкіндік беретін бәсекеге қабілеттіліктің индикаторлары туралы мәселе туындайды.

Қазіргі уақытта кешеннің бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың жалпыға ортақ және стандартталған әдістері орын алмаған. Әртүрлі объектілердің бәсекеге қабілеттілігінің деңгейін бағалау көптеген себептерге байланысты өте күрделі: біріншіден, бәсекеге қабілеттілікте персоналдың жұмысының ресурс сыйымдылығының және сапасының көпсанды көрсеткіштері жинақталған; екіншіден, қазіргі уақытта бәсекеге қабілеттілікті бағалау бойынша халықаралық құжаттардың жоқтығы.

Бәсекеге қабілеттіліктің деңгейін талдау барысында факторлық талдау әдісі маңызды болып табылады. Дж. Стриклендтің пікірінше шаруашылық субъектісінің бәсекелік қабілеттілігіне көптеген факторлар әсер етеді:

- өнімнің сапасы және мазмұны;
- абырой (имидж);
- өндірістік қуаттылықтар;
- инновациялық мүмкіндіктер;
- технологияларды пайдалану;
- дилерлік жүйе және тарату мүмкіндіктері;
- қаржылық ресурстар;
- бәсекелестермен салыстыру бойынша шығындар;
- клиенттерге қызмет көрсету.

М. Портер болса келесі элементтерді бәсекеге қабілеттіліктің негізгі факторлары ретінде қарастырады:

- шаруашылық субъектісінің белгілі бір салаға қатыстылығы;
- бәсекелік стратегияларды пайдалану;
- өнім құнының құрудың сызбасы.

Ол кешендердің бәсекеге қабілеттілігін бағалау барысында келесі көрсеткіштерге негізделуді ұсынады: өндірістің әлемдік экспорттағы

үлесі; белгілі бір саланың немесе кластердің экспорттың жалпы көлеміндегі үлесі; кластердің әлемдік экспорттағы үлесі.

Экономикалық категория ретінде шаруашылық субъектісінің бәсекеге қабілеттілігінің индикаторын қалыптастыруда, әртүрлі көрсеткіштерді пайдаланады. Көрсеткіштер өзіне келесі негізгі бағыттарды біріктіретін, белгілі бір әдістемелік базаның негізінде есептелінеді:

- салыстырмалы басымдылықтарды бағалау әдістері;
- фирманың және саланың теңдігін бағалау әдістері;
- тиімді бәсекелестікті талдау әдістері;
- бәсекеге қабілеттіліктің негізі ретінде тауардың сапасын бағалау әдістері;
- бәсекеге қабілеттілікті бағалаудың матрицалық әдістері;
- бәсекеге қабілеттілікті бағалаудың интегралды әдістері;
- мультипликаторды бағалау әдістері;
- кәсіпорынның стратегиялық әлеуетін бағалау әдістері;
- этолонмен салыстырудағы бағалау әдістері.

Кешендердің бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткішін анықтауда, кәсіпорынның тұрақтылығын бағалау қажет. Сыртқы ортаның белгілі бір әсері барысында ұзақ кезеңде өзінің тұрақты жағдайын қолдау қабілеті. Ғалымдар кешендердің тұрақтылығын бағалаудың әртүрлі көрсеткіштерін келтіреді. Оларды жалпы алғанда келесі категорияларда анықтауға болады:

- аймақтың экономикасындағы саланың үлесін талдау көрсеткіштері (сандық мағынадағы кешеннің бәсекеге қабілеттілігін талдау);
- кешеннің бәсекеге қабілеттілігін қалыптасу шарттарын яғни ресурстық базаны талдау көрсеткіштері;
- кластерлерді талдау көрсеткіштері.

Экономикалық әдебиеттерде кешендердің бәсекеге қабілеттілігінің төменгі көрсеткіштері қамтиды :

- еңбек өнімділігі;
- еңбек ақының ұдайы төлемі;
- капитал және ғылыми сыйымдылық;
- өнімнің техникалық деңгейі;
- өнімді және оны өндіруді өзіндік игеру үшін қажетті білімдердің және ғылыми негіздердің жиынтығы;
- кешендердің экспортқа бағытталу немесе импортқа тәуелділік дәрежесі;
- кешендердің даму деңгейінің ұлттық шаруашылықтың жалпы деңгейіне сәйкестік дәрежесі;
- өнімді халық шарушылығының әртүрлі салаларында пайдалану дәрежесі.

Бұл көрсеткіштер жиынтығы саланың ерекшеліктерін ескере отыра өзгеруі немесе толығыуы мүмкін. Кешеннің бәсекеге қабілеттілігін, пайдаланылатын әдістемеге тәуелді әртүрлі көрсеткіштермен бағалауға болады. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі кешеннің бәсекеге қабілеттілігінің басты анықтаушы факторы болып табылады. Өнімнің сапасы және бәсекеге қабілеттілігі әмбебап мазмұнға ие. Жоғары сапалы өнім өндіруден ұлттық

экономика бірқатар артықшылықтарға ие болады: экспорттық әлеуеттің және елдің төлем балансының табыс бөлігінің көбеюі, жұртшылықтың өмір сүру деңгейінің және әлемдік қауымдастықта мемлекеттің абыройының артуы. Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі кешеннің бәсекеге қабілеттілігіне тәуелді. Кешеннің бәсекеге қабілеттілігін келесідей мазмұндауға болады:

1. Қаржылық - шаруашылық қызметтің тиімділігі. Ішкі бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

2. Стейкхолдерлердің мүдделерін ескеруге бағытталған маркетингтік қызметтің тиімділігі. Стейкхолдерлердің көзқарасымен кешеннің сыртқы бәсекеге қабілеттілігі қамтамасыз етеді.

3. Нақты уақыт аралығында бәсекелі нарықтың қатаң талаптарына жауап бере отыра, бейімделу және бәсекелестік басымдылықтарды үздіксіз жинақтау.

4. Инновациялық әзірлемелерді енгізу үздіксіздігі. Біз ұсынып отырған кешеннің бәсекеге қабілеттілігі түсінігіне қатысты авторлық ұстаным, өзіне жоғарыда қарастырылған барлық құрылымдарды біріктіреді.

Кешеннің бәсекеге қабілеттілігі – бұл бәсекелестер алдында басымдылыққа қол жеткізуге мүмкіндік жасайтын, бәсекелестік басымдылықтарды жинақтауды және стейкхолдерлердің мүдделерін ескеруді, инновациялық әзірлемелерді енгізуді үздіксіз жүзеге асыру барысында, нақты уақыт аралығында және белгілі бір нарық сегментінде кешен қызметінің тиімділігі.

Нақты нарыққа бағытталған даму стратегиясын әзірлеу, нарықта бәсекелестіктің жоғары дәрежесімен қызмет ететін, кәсіпорынның тиімді басқару жүйесін және негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Нарықтық ортада ең бастысы, өздері өндіретін өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, бәсекелестік басымдықтарды иелену және өздерінің бәсекелестерінің қызметтерін жіті зерттеу арқылы кәсіпорынның нақты даму стратегиясын әзірлеу. Даму стратегиясын әзірлеу ұзақ мерзімді бәсекелестік басымдылықтарға және басқа да корпоративтік мақсаттарға қол жеткізу үшін дамудың жалпы бағытын анықтау болып табылады.

1.2 Кешендердің даму стратегияларын әзірлеудің және негіздеудің әдістемелері

Стратегияны әзірлеу кәсіпорынның нарықтағы шынайы жағдайын бағалауға және өзінің бәсекелестік басымдылықтарын айқындауға негізделуі тиіс. Республиканың тәжірибесінде стратегиялық менеджмент механизмі әлі де болса қалыптасуда. Егемендіктің алғашқы жылдарында бірқатар кәсіпорынға лезде табыс әкелген стратегиялық шешімдерге назар аударды. Көптеген жаңа кәсіпорындар жойылды немесе белгілі бір дәрежеге жетіп ары қарай дами алмай қалды.

Қазіргі кезде, қазақстандық тау - кен компанияларының басшылары даму стратегиясын әзірлеудің қажеттілігін мойындауда. Кәсіпорынның біртұтас жекеленген жүйе ретіндегі өзгешелігі, оның және қызметкерлерінің жаңа

мақсатты ұстанымдарын және мүдделерін қалыптастыруға септігін тигізеді [20].

Қазақстанда нарық қатынастарының дамуы күн сайын кәсіпорынның жоғары менеджментінің алдына үнемі жаңа талаптар қоюда. Менеджерлерден кәсіпорынды басқаруда қазіргі заманғы әдістемелерін пайдалану біліктілігін талап етеді. Менеджментті жетілдіру, кәсіпорында немесе ресурстарды стратегиялық басқаруда үздік құралдарды енгізу, ұйымның жалпы бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Кәсіпорынның өкілеттілігінің барлық саласын байланыстыратын, стратегиялық шешімді тудыруға және нәтижені жобалауға мүмкіндік беретін, тиімді әдістемелерді пайдаланбай тұрып, тұтас стратегиялық даму жоспарын құру мүмкін емес. Өзгерістерді басқару және стратегияны әзірлеудің әртүрлі кезеңдерде интеграцияның негізі болып қызмет жасай алатындай дәрежеде әдістемелер, стратегиялық процестің барлық қатысушыларына қарапайым және түсінікті болуы шарт [21].

Келесі тәсілдемелер стратегияны әзірлеуде айқын көрініс табады: қалаулы стратегиялар тұжырымдамасы және туындайтын стратегиялар тұжырымдамасы. Қалаулы стратегиялар тұжырымдамасы менеджменттің қалауына сәйкес келетін даму стратегиясын қарастырады. Туындайтын стратегиялар тұжырымдамасы, стратегияны барлық ұйымдардың ішінде және қоршаған айналасында тіршілік ететін әлеуметтік және саяси процестерден туындайтынын сипаттайды.

Шынайы стратегия осы екі тұжырымдамалардың күрделі қосындысын білдіреді. Ең алғашқы әдістемелердің бірі 1960 жылдардағы Гарвард университетіне тиесілі. Стратегияны әзірлеу ұйымның бас менеджерлерінің міндеттері ретінде қарастырылды. Стратегияны зерттеу шынайы үлгілерге және кейстерге негізделеді.

Корпоративтік жоспарлау әдісі 1960 - 1970 жылдарда өзара қатар түрде дамыды. Онда ұйымның мүмкіншіліктері, ортаның әсері, қауіп - қатерлері және осы мәліметтердің негізінде шешім қабылдау әдістері қарастырыла бастады. Осы мәліметтерді шынайы талдау негізінде менеджерлер ұйымды дамыту бойынша оңтайлы шешімдерді қабылдауға қабілетті деп пайымдалды. Осы салмақты көзқарас стратегиялық жоспарлаудың тармақтарының пайда болуына алып келді [22, 23].

Бұл тәсілдемелер 1980 жылдары қатты сынға ұшырап, осы салада түбегейлі ізденістерге жол ашылды. Әдетте, бұл сұрақтар салада ұйым стратегияларымен және қаржылық мазмұндамалар арасында байланыстың дәлелдерін табудан құралады. Зерттеулер негізінде менеджерлер неғұрлым парасатты шешімдерді қабылдай алады деп дәлелденеді. Онымен бірге, оңтайлы стратегиялық шешімдер талдау және бағалау негізінде әзірлену мүмкіндігі қарастырылады.

Баламалық пікір әлемнің күрделі болуымен түсіндіріледі. Оның күрделілігі және белгісіздігі келешекті болжауға және ағымды жағдайды толық талдауға мүмкіндік бермейді, оңтайлы шешімдерді іздестіру бос әурешілік деп саналады. Шешімді жеке және ұжымдық тәжірибені, саясаттың, тарихтың және

мәдениеттің әсері барысында ұйымның саясатын ескере отырып қабылдау қажет.

Әлеуметтік, саяси және мәдениеттік тосқауылдар менеджерлерді өте оңтайлы шешімдерге, нәтиженің төмендеуіне алып келеді деп санайтын ортодокстық көзқарас бар. Басқаша айтқанда, оңтайлы шешімдерді әзірлеу үшін менеджерлер мәдениеттегі өзгерістерге мұқтаж. Ұйым жоспарларға емес, өздерінің мүмкіншіліктерінің шамасының жүріс-тұрыс өзгерістеріне сезінетін, неғұрлым тірі ағзаға ұқсайды [24]. Бұл жағдайда басты мақсат осы әлеуметтік өзара әрекеттердің тез құбылмалы ортадағы қызметін зерттеу болып табылады.

М. Портердің жұмыстарынан бастау алып және 1990 жылдардағы Хамелдің және Прахаладтың еңбектерімен байланысып стратегияның басты тұжырымдары құрылатын негізгі әсерлерді сипаттайтын, фирманың ресурстық теориясы дамыды. Бұл теория экономикаға сүйенеді.

Бірақатар зерттеушілер кәсіпорынның тірі ағзалардан үлкен айырмашылығы жоқ екендігі туралы пікірді алға тартады. Ағзалар жоспарлап және талдап қоймайды, олар ортаны зерттейді, түсінеді және түсіндіреді. Құбылмалы ортада инновациялар және өзгерістер арқылы тіршілік ету, ағзалардың басты ерекшелігі және өзгешелігі болып табылады. Зерттеушілердің пайымдауынша менеджерлер ұйымның ішіндегі және айналасындағы күрделі әлеуметтік әрекеттестік әлемінде өздерінің ептілігін және сезімдерін пайдаланады деп пайымдайды [25, 26].

Стратегияны әзірлеудегі әртүрлі көзқарастар келесі әдістемелерді қалыптастырады:

- стратегия әзірлеме ретінде;
- стратегия тәжірибе ретінде;
- стратегия идея ретінде.

Ұйымның мазмұнына көптеген факторлар әсер етсе де, терең талдау неғұрлым маңыздыларын таңдауға мүмкіндік жасайды. Ұйымға келешекте әсер ететін және қызмет жасауға тура келетін жағдайларды болжайтын сценарийлерді құруға болады. Стратегияны әзірлеу жүйелі ойлау және шешім қабылдаудың процесі болып саналады. Стратегияны әзірлеудің және оны жүзеге асыру кезеңдерінің дәстүрлі тізбегі келесідей [27]:

1. Ұйымның сыртқы ортасын талдау;
2. Ішкі ортаны талдау;
3. Миссиясын және мақсаттарын анықтау;
4. Нақты қосалқы жүйелері бойынша баламалы стратегияларды әзірлеу, бағалау және таңдау;
5. Нақты іс - әрекеттер бағдарламалары ретінде корпоративтік стратегияларды әзірлеу және толық қанды анықтау;
6. Стратегияны жүзеге асыру;
7. Нәтижелерді бағалау және кері байланыс.

Ұйымды талдау қауіп - қатерлерді алдын алып және қолайлы жағдайларды пайдалана алатындай етіп, оны қоршаған бизнес - ортаның өзгерістерімен өзіндік ресурстарының және күшті жақтарының ара - қатынасын белгілеуге мүмкіндік жасайды [28]. Ұйымның стратегиясы, оның қоршаға

ортаға әсерін және нарықтық күшін ескере отырып, ұйымды жайғастыру және кері жайғастыру туралы шешімнің нәтижесі болып табылады. Стратегиялық шешімдер төменгі жақтан жіберілетіні бойынша осы шешімдерді орындаушыларға жеткізіледі.

Ұйымның тағдырын жоспарлау – бұл жоғары менеджментін міндеті. Ұйымда жоғары менеджмент шешім қабылдайтын, басқарудың төменгі деңгейі және операциялық атқарушылар осы шешімдерді жүзеге асыратын иерархия жүйесі бар [29].

Ұйымға әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін ішкі және сыртқы факторлар менеджментке ұйымның стратегиялық ұстанымын көрсетеді. Болашақ стратегиялық бағыт үшін мүмкіншіліктер жиынтығы мақсаттардан және ұйымның қызметіндегі күштерден таңдалады. Осы негізде қабылданған стратегиялық шешім оңтайлы болып саналады. Оны жүзеге асыру ұйымның деңгейлеріне және қызметтік бөлімшелеріне тапсырылады.

Талдау жолымен ұйым зерттелуі мүмкін деп саналады, басшылық тиімді шешім қабылдауы мүмкін, ал орындаушылар бұл шешімнің қисынын ұғынуы мүмкін. Ұйым ұтымды жүйе болып саналады. Оның құрылымы қабылданған стратегияға сәйкес болуы шарт. Осындай жүйе оңтайлы бақылануы мүмкін. Бұнда бюджеттерді бақылау, нұсқаларды таңдау, мақсаттар бойынша басқару және т.б. жүйелер пайдаланылады. Көптеген ұйымдарда мақсаттарды алға қою, жоспарлау жүйесі және бағалау және талдау жүйесі пайдаланылады [30]. Менеджерлердің осы тәсілдемені таңдаудың маңызды себептері:

- әдістеме оның қисындылығын және құрылымын ұғындыра отырып, күрделілікпен күресуге мүмкіндік береді;
- жағдайды бақылауға ынтазарлық. Стратегияны әзірлеудің құралдары және әдістері менеджерлерге «жағдайды өз қолына алу» сезімін береді;
- стратегияны әзірлеу процесі ұйымды талдау, құрылымдау және басқару процесі көмегімен жайғастырылады.

Тәжірибелік әдістеме, стратегияны әзірлеуді дұрыс деп таныған жеке және ұжымдық тәжірибенің және ұсыныстардың нәтижесі ретінде қарастырады. Бұл стратегияға өзгерістер еңгізу жолымен жүзеге асады. Алғашқы қабылданған шешім, ұйымның стратегиясын әзірлейтін шешімдердің жиынтығын қалыптастырады. Ол өз ізімен келесі шешімді қабылдауға алып келеді [31]. Олар дамып келе жатқан стратегиялық бағытты шоғырландырады. Менеджерлер жағдайды өздерінің жеке тәжірибелеріне сүйене отыра бағалайды.

Ділдік үлгі өткен тәжірибеге негізделетін жеке біржақтылық қасиетке ие болады. Менеджерлер ділдік үлгілерді, жағдайды түсіну немесе ұғыну үшін құрады. Қалыптасқан нақты жағдайларды және туындаған қиындықтарды өткен тәжірибеге сүйене отырып түсіндіріледі. Бұнда орын алған жағдайларды шынайы емес немесе ынтазарсыз қарайды деп сену орынсыз екені анық. Бірқатар мәселелер ықпалды қатысушылар арасындағы келіссөздер арқылы шешілуі ықтимал (3 - сурет).



Сурет 3 – Стратегиялық бағыттылық эволюциясы

Ескерту - дереккөз: [31]

Суретте келесі стратегиялық шешім кескінделген:

- өнімді шығару;
- иелену;
- капиталды алу;
- шетелдік экспансия.


Кәсіпорында туындаған жағдайларды түсіндіру өткен тәжірибеге негізделетіндіктен, келешек өткен шақтың түсінігімен сипатталады. Стратегия біртіндеп (инкрементальды) даму үрдісімен дамиды. Ол ұжымдық бағалау және ұсыныстар нәтижесі ретінде қарастырылуы мүмкін. Оның ұйымдық мәдениеттің әсерін ескеруі маңызды [32].

Ұйымдық мәдениет – бұл ұйымның мүшелері өзара мойындайтын ұйғарымдар және нанымдар. Олар еріксіз түрде әсер етеді және қалыпты жағдай түрінде анықталады. Ол ұйымның өзі туралы және оның қоршаған ортасы туралы елестетуі. Ұқсастық адамдардың өздерінің ұйымдарын қоршаған ортаны қалай бағалауында байқалады. Ұқсас бағалау барысында өзінің құндылықтарын және жұмыс әдістерін құптайтын және өзара байланысқан ұйымдар желісін сипаттайтын, ұйымдық алаң құрылады.

Ұйымдық алаң – ұқсас бағалауды, құндылықтарды және жұмыс әдістерін құптайтын, байланысқан ұйымдардың желісі. Ұйымдық мәдениеттегі жүріс-тұрыс ережесі және көзқарас, ойлаудың заңдылығы ретінде қарастырылуы мүмкін. Өз кезегінде ұйым, мәдениет тарапынан институтционалды жақын өлшемдер шеңберінде дамуға тырысады.

Көптеген ұйымдармен құпталған ұйғарымдар стратегияның дамуына және бизнесті жүзеге асыру әдістеріне әсер етуі мүмкін. Айқын ұйғарымдар ұйымда парадигма ретінде орын алады. Өз кезегінде ол ұйымдық стратегияға маңызды әсер етеді. Ұйымға қойылатын талаптардың маңызды өзгерісі барысында күрделі мәселелер туындауы мүмкін.

Парадигманың ең басты ұйғарымын өзгерту өте қиын [33]. Парадигма және стратегияны әзірлеу арасындағы байланыс төменгі, 4 - суретте кескінделген.



Сурет 4 – Стратегияны әзірлеу барысындағы ұйым парадигмасы

Ескерту - дереккөз: [33]

Ұйым деңгейіндегі парадигма, ұйымның күнделікті тірлігі секілді, ұйымдық мәдениеттің басқа да жақтарымен байланысқан. Шындыққа қабылданған мақсаттар ұйымдық мәдениеттің деңгейін арттырады [34].

Идеялық әдістеме стратегияны ұйымның ішінде және сыртындағы алуандылықтың, тәртіптің және инновацияның пайда болуы ретінде қарастырады. Жаңа идеялар, яғни инновациялар ұйымның ішінде немесе қоршаған ортада белгісіз пайда болуы мүмкін. Инновацияның ұйымда жоғарыдан емес төменнен келетіндігі турасында дәлелдер жетерлік. Тәжірибелер неғұрлым әр алуан әрі көп болған сайын, соғұрлым инновацияның пайда болуының ықтималдығы арта түседі. Ұйым қалыптасқан және жинақталған сектордан гөрі, тез дамиды және фрагменттік өндірістік секторда неғұрлым инновациялық болып келеді. Идеялық (шығармашылық) әдістеме – стратегияны ұйымның ішкі және сыртқы алуандығынан және таңдаулардың жиынтығынан инновациялардың пайда болуы ретінде қарастырады. Ұйымның мәдениеті идеялардың сарапшысы іспеттес, идеялар басшының жеке мүдделерімен де тежелулері мүмкін.

Күрделілік теориясында және эволюциялық теорияда ұйымдағы алуандылықты және таңдау маңыздылығын құптайды. Таңдау және алуандылық үнемі құбылмалы орта түрінде корпорациялардағы әртүрлі бизнестерде, ондағы әртүрлі топтарда және ұйымда әртүрлі тұлғаларды және олардың тәжірибелері және идеяларын таңдауда, барлық ұйымдар үшін әлеуетті тіршілік етеді. Таңдау басылып қалмай, керісінше қолдау үстінде болуы шарт. Эволюция тірі жүйелердің (ұйымдарды қоса алғанда) таңдау және алуан жағдайларда даму мүмкіндігін түсіндіреді. Ұйымның өзгеру жылдамдығы оның қоршаған ортасының өзгерісінің жылдамдығымен анықталады. Бұл жоспарлаудың немесе есептеудің нәтижесінде жүзеге аспайды. Өзгермелі және болжауға жатпайтын орта идеялардың және инновациялардың алуандығын тудырады.

Ол ұйымның жауапты әсерін туғызады және олар өзгеріске ұшырайды [35]. Бақылаудың жоғары деңгейі және қатаң иерархия, бейімделуді қолдайды және алуандылықты қысқартады. Қатаң бақылау және қатаң бюрократия барысында инновациялардың пайда болуының ықтималдылығы күрт төмендейді.

Идеялық - инновациялық әдістемеді ортаның тез құбылатыны соншалықты нәтижесінде, консенсуске келу мүмкін емес және тіпті орынсыз. Бұл қосымша қиындықтар туындатады. Бірақ, инновация үшін қажетті алуандылықпен және құрылымды шиеленістік, жағдайды («қарсы шығу»), орныққан қағидаларды тексеруді, зерттеуді қолдайды. Егер жаңа идеялар бір-бірімен бәсекеге түссе жақсы дамиды.

Күрделілік теориясы бойынша ұйымда қатаң тәртіп жұмыс жасау үшін табысты болып табылады және инновацияларда және креативтілікте пайда болады. Бірақ, ұйымдағы қатаң тәртіп кез - келген инновацияларды тежемейтін болуы шарт [36]. Ұйымда тұрақты немесе тепе - теңдік жағдай орын алмағанда инновация ықтималдылығы арта түседі [37]. Ұйым және оны қоршаған ортасы арасындағы шекара неғұрлым бұлыңғыр болған сайын инновациялар ықтималдылығы арта түспек.

Көптеген жоғары технологиялық бизнестер үшін ұйым шекарасын анықтау қиынға соғады. Жоғары менеджмент барлығын біле алмайды, сондықтан да болашақты толықтай етіп жоспарлай алмайды. Жаңа идеяларды және инновацияларды «жоғарыдан - төмен» секілді жоспарлау түрімен жүзеге асыру шындыққа сай келмейді.

Менеджмент ұйымға әсер етіп және оған жаңа идеяларды бере отыра, бәсекелі нарықтық ортаға әр уақыт дайын болуы маңызды. Бұл тандауды және бейресми желілерді құруды қолдайтын ұйымды қалыптастыру жолымен жүзеге асады. Ұйымның күнделікті тіршілігінің қырларына және адамдардың әлеуметтік өзара әрекеттесуін және олардың қоршаған ортаға деген интуитивтік сезімталдығын және хабардылығын ынталандыратын ұйымды әзірлеуге негізгі тірек жасалады.

Стратегиялық өзгерістер біртіндеп жүзеге асады. Бірақ ұйымдық пішінді қозғайтын жаңа идеялардың пайда болуы барысында кездейсоқ және драмалық өзгерістердің пайда болатындығын бақылау көрсетіп отыр. Күрделілік теориясы тәртіпті құру ережелерінің маңыздылығына ерекше көңіл аударады. Өндірістік кәсіпорынның даму стратегиясын әзірлеу және енгізу бойынша барлық кешенді жұмыстарды шартты түрде төмендегідей бөліп қарастыруға болады [38]:

1. Саланың инвестициялық тартымдылығын талдау.
2. Саланың дамуының сценарийлік болжамын әзірлеу.
3. Сыртқы және ішкі нарықтардың сұраныс және ұсыныстың конъюнктураларының өзгерісін болжау.
4. Кәсіпорынның саладағы бәсекелестік ұстанымдарын бағалау.
5. Стратегиялық баламаларды бағалау.
6. Компанияның келешектегі кескінін қалыптастыру.
7. Стратегиялық мақсаттарды және міндеттерді әзірлеу.

8. Стратегияны енгізу бойынша жұмыстар кешені.

Кесте 4 – Стратегияны әзірлеуде қолданылатын әдістемелер

Әдістемелер	Стратегия		
	Әзірлеме ретінде	Тәжірибе ретінде	Идея ретінде
Жиынтықтау	Талдау, құрылымдық, директивтік, ұтымды процестер арқылы ұстанымды өндіреді	Ұжымдық және жеке тәжірибе, қалыптасқан нормалар нәтижесі ретінде инкрементальдық даму	Ұйымның сыртқы және ішкі әр алуандығы және айырмашылықтар негізінде инновациялардың және тәртіптің пайда болуы
Ұйымға қатысты тұспалдау	Механикалық, иерархиялық, қисынды	Тарихқа, заңдылықтарға және өткен табыстарға негізделген мәдениет	Әралуандылықтың және айырмашылықтардың күрделі жүйесі
Жоғары менеджмент -тің рөлі	Стратегиялық шешімдерді құрушылар	Тәжірибеге бой ұсынушылар	Контекст құрушылар және идеяларды өткізушілер, «Тренерлер»
Өзгерістерге еліктіру	Өзгерістер, жоспарланған стратегияны жүзеге асыру	Тізбекті өзгерістер және басты өзгерістерге қарсыласу	Тізбекті өзгерістер, бірақ кездейсоқ өтеді
Негізгі теориялар	Экономика; шешімдер теориясы	Институционалды теория; мәдениет теориясы; психология	Күрделілік және эволюция теориялары

Ескерту – Автормен әзірленген

Экономиканың жекеленген салаларының инвестициялық тартымдылығын бағалау келесі негізгі элементтер бойынша жүзеге асады:

1. Саланың даму келешегінің деңгейі.
2. Сала кәсіпорындарының қызметінің орта салалық тиімділік деңгейі.
3. Салалық инвестициялық тәуекелдердің деңгейі.

Сыртқы ортаның дамуының белгісіздігін болжаудың және жоспарлаудың сценарийлік әдісі неғұрлым тиімді болып табылады [39]. Сценарийлік әдістер қоршаған ортаның дамуы бір ғана болжамы емес. Көптеген стратегиялық сценарийлер әзірленеді, олардың әрқайсысы үшін өзіндік стратегия қалыптасады. Болжаудың және жоспарлаудың сценарийлік процесін үш ірілетілген кезеңдерге бөлуге болады сценарий алды, сценарийлік және сценарийді енгізу кезеңі. Сценарийлерді әзірлеу жоспарлаудың маңызды бөлігі болып табылады [40]. Кәсіпкерлік құрылымдарға қатысты сценарийлер стратегияны қалыптастыру және стратегиялық жоспарлар үшін, қабылданған стратегияны тексеру үшін немесе басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін пайдаланылуы мүмкін [41].

Нарық конъюнктурасы немесе нарықтық конъюнктура – бұл шектеулі уақыт аралығында немесе дәл сол уақытта қалыптасқан нақты экономикалық жағдай.

Нарықты түсіну және талдау өзіне біріктіреді [42]:

- нарықтың теңестірілуінің деңгейі;
- нарық дамуының қалыптасқан, анықталып келе жатқан немесе өзгерген үрдістері;
- нарықтың негізгі өлшемдерінің тұрақтылығының немесе ауытқулығының деңгейі;

- нарықтық операциялар көлемі және іскерлік белсенділік дәрежесі;
- коммерциялық (нарықтық) тәуекел деңгейі;
- бәсекелестік күрестің күші және ауқымы;
- экономикалық немесе маусымдық кезеңдер нүктесінде нарықтың орналасуы жағдайы.

Нарық конъюнктурасын зерттеудің басты мақсаты – бірінші кезекте сұраныс және ұсыныс арақатынасының оның тепе - теңділігінің мазмұны және дәрежесін анықтау. Конъюнктураның қалыптасуының және дамуының барлық факторлары белгілі бір көрсеткіштерде өзінің әлпетін табады. Бұл көрсеткіштер жалпы экономиканың және оның жекеленген салаларының жағдайын салыстырып көрсетуге мүмкіндік туғызады. Конъюнктура көрсеткіштерінің шеңбері зерттеу объектісіне тәуелді өзгереді. Материалдық өндірістің жағдайының және дамуының, тауар айналымы өрісінің және несие - ақша өрісінің көрсеткіштері конъюнктура көрсеткіштерінің негізі болып табылады [43].

Барлық кәсіпорындардың белгілі бір салаға қатыстылығына қарамастан, олар әртүрлі өлшемдер бойынша бір - бірінен айрықшалануы мүмкін, мысалы, олар жұмыс жасайтын нарықтар, ұсынатын қосымша қызметтердің жиынтығы бойынша және т.б. Стратегиялық топ нарықта жақын бәсекелестік ұстанымдар және әдістемелердің өзара жарысқа түсетін кәсіпорындардан құрылады. Стратегиялық топтарды бөліп шығару техникасын стратегиялық топтардың картасын құру деп атайды. Бұның барысында тізбектілік келесідей:

1. Салада кәсіпорынды дифференциялайтын мазмұндамаларды анықтау.
2. Екі координаталық картада аталған мазмұндамаларды қосарын пайдалану арқылы кәсіпорындарды орналастыру.
3. Бір стратегиялық кеңістікке, бір топқа түсетін кәсіпорындарды біріктіру.
4. Жақын бәсекелестерді талдау: олардың мүмкін болатын әрекеттерін.

Нақты бәсекелес кәсіпорындарды зерттеу жақын бәсекелестердің қазіргі таңдағы саясатын және әлеуетті қадамдарын талдауға тіреледі. Бәсекелестердің әрекеттерін дұрыс бағалау кәсіпорынға оларға алдын-ала әзірленуге және ашылып жатқан мүмкіндіктерді пайдалануға жәрдем етеді [44, 45]. Бәсекелестердің болашақтағы әрекеттерін толық нақты болжау мүмкін емес, бірақ олардың тәсілдемелерін түсінуге жақындауға болады. Талдау негізінде бәсекелестердің қазіргі таңдағы жағдайын, пайдаланылатын бәсекелестік стратегияны және оның өзгерістерінің үрдістерін талдау жатыр [46].

Жақын бәсекелестердің қызметі қарастырылғаннан кейін, талдаушыларда бәсекелестердің мүмкін болатын нақты қадамдарын сенімді түрде жоспарлауға және оларға қарсы жауапты әрекеттерді ойластыруға немесе бәсекелік стратегияны қалыптастыруға мүмкіндік туындайды [47, 48].

Кәсіпорын өз еркінде төрт стратегиялық баламаны иеленеді [49]:

- шектеулі өсу;
- өсу;
- қысқару;
- осы нұсқалардың үйлесімі.

Шектеулі өсу көптеген ұйымдардың басшылыққа алатын стратегиялық баламасы болып табылады. Инфляцияны ескере отыра түзетілген, қол жеткен мақсаттардан бастау алып, алға мақсат және міндеттер қою шектеулі өсу стратегиясына тән. Шектеулі өсу стратегиясы өзінің нарықтағы жалпы жағдайымен қанағаттанатын ұйымдарда, тұрақты технологиялары бар өндірістің кемел салаларында қолданылады [50]. Ұйымның осы баламаның таңдауының себебі, ол әрекет етудің ең жеңіл, ынғайлы және неғұрлым тәуелсіз әдісі. Басшылық жалпы алғанда өзгерістерді жақтырмайды. Егер фирма өткен шақта шектеулі өсу стратегиясын басшылыққа алып, табысқа қол жеткізсе, онда ол ең дұрысы осы стратегияны одан әрі басшылыққа алатыны сөзсіз айқын.

Өсу стратегиясы өткен жылдың көрсеткіштерінің деңгейінен артығырақ қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттардың деңгейін маңызды арттыру жолымен жүзеге асады. Өсу стратегиясы ең жиі қолданатын баламалардың екіншісі болып табылады [51, 52]. Ол тез өзгеретін технологиялы қарқынды дамитын салаларда қолданылады. Оны тоқырау жағдайындағы нарықтардан шығып кетуге, өздерінің фирмаларын диверсификациялауға тырысатын басшылар басшылыққа алуы мүмкін. Тұрақсыз салада өсудің болмауы банкроттыққа алып келуі ықтимал. Тарихи тұрғыда біздің қоғамымыз өсуді игілікті құбылыс деп қарастырады. Көптеген акционерлер өсуді, әсіресе, қысқа мерзімді өсуді тікелей дәулеттіліктің артуы ретінде қарастырады. Өкінішке орай, көптеген фирмалар ұзақ мерзімді ойсырау қаупін ойламай, қысқа мерзімді өсуді қалайды [53].

Өсу ішкі және сыртқы болуы да мүмкін. Ішкі өсу тауар ассортиментін кеңейту жолымен жүзеге асуы мүмкін. Сыртқы өсу аралас салаларда тігінен немесе көлденең нысанда жүзеге асуы мүмкін. Өсу байланыспаған салалардағы фирмалардың бірігуіне, яғни конгломераттардың пайда болуына алып келуі мүмкін.

Басшылардың ең аз таңдайтын және жиі «ақтық құрал стратегиясы» деп атайтын балама - қысқарту стратегиясы болып табылады. Алға қойылған мақсат және міндеттер өткен шақта қол жетілген мақсат және міндеттер деңгейінен төмен болады [54]. Көптеген фирмалар үшін қысқарту тиімділіктің және қайта бағдарлаудың ақылға сай нақты жолы.

Балама шеңберінде қысқарту бірнеше нұсқаларда болуы мүмкін. Қысқарту стратегиясына, көбінесе, экономикалық құлдырау барысында немесе кәсіпорын қызметінің көрсеткіштері төмендеуін тоқтатпаса немесе ұйымды құтқару үшін сүйенеді. Барлық баламалардың үйлесімділігінің стратегиясы көбіне - көп бірнеше ірі салаларда белсенді қызмет ететін ірі фирмалар ұстанады. Басшылық барлық қолда бар қолданыстағы стратегиялық баламаларды қарастырып болғаннан кейін ол нақты стратегияға жүгінеді [55, 56].

Мақсат ұйымның ұзақ мерзімді тиімділігін барынша арттыратын стратегиялық баламаларды таңдау болып табылады. Жалпы стратегияны таңдау жоғары басшылықтың құқығын да, міндетін де білдірсе де, ақтық таңдау тұтас ұйымға терең әсер етеді. Нарықта басшылары, компанияның ішінде бизнес -

процестерді және жүйелерді құруға, технологияларды жетілдіруге ерекше назар аударатын кәсіпорындардың саны жетерлік. Шынайы кәсіпорындарда, оның сыртқы мән-мәтінінің көрінісі ғана бар кәсіпорындар да бар. Кәсіпорынның ішкі мазмұны және сыртқы көрінісі тең емес. Мүдделі топтар кәсіпорынды шынайы қандай екендігін дөп білмейді, олар оның нарықта және бұқаралық ақпарат құралдарында қалыптасқан бейнесіне және ол жайлы қалыптасқан пікірлерге сүйене отыра таниды.

Сыртқы орта ақпараттарды қабылдайды, белгілі бір бейнені қалыптастырады және ары қарай сол бейненің негізінде шешімдер қабылданады. Нарықтағы бейне – бұл компанияны сыртқы ортаның түйсінуі. Нарықтық бейне – бұл компанияның өзінің сыртқы ортасымен өзара әрекеттесу тәсілі. Тек компанияның бейнесі ғана оның нарықтағы дамуының динамикасын үдетеді. Компанияның бейнесі стихиялық түрде немесе оның қатаң бақылауымен мақсатты түрде қалыптасуы мүмкін [57].

Стратегиялық жоспарды әзірлеу келесі кезеңдерді өзіне біріктіреді [58]:

- ұзақ мерзімді мақсаттарын және олардың кешенге дейін ірілетілген міндеттерін қалыптастыру;

- алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін, дамудың ұзақ мерзімді тұжырымдамасын негіздеу;

- сыртқы орта өзгерісінің әртүрлі нұсқалары және ішкі әлеуетөзгерісінің мүмкіндіктері барысында дамудың ұзақ мерзімді болжамдарын анықтау;

- инвестициялық бизнес - жоспарларды немесе кәсіпкерлік жобаларды біріктіре отыра, дамудың стратегиялық жоспарының көрсеткіштерін және бағыттарын негіздеу.

Стратегиялық жоспарлауды жүзеге асыру, олардың ағымды жоспарларымен және кәсіпорында әртүрлі мезгілдік көкжиектермен жоспарлау жүйесін қалыптастырумен өзара байланыстылығын білдіреді. Жоспарланған уақытта қажетті нәтижелерді алу және стратегияны жұмысқа қосуды анықтау стратегияны енгізудің қызметінің мәні.

Стратегияны енгізу және тиімді жүзеге асыру, сонымен қатар, жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін жоғары біліктілік талап етіледі [59, 60]. Стратегиялық жоспарды жүзеге асыру процесі стратегиялық басқарудың ең күрделі және уақыттың ең көп шығынын талап ететін бөлігі. Ол басқарудың барлық жақтармен байланысқан және ұйымның ішінде әр нүктелерден шешіле алады. Кәсіпорынның даму стратегиясын әзірлеудегі барлық әдістемелер, стратегияның теориялық талдаудың және әзірлеушілердің интуицияларының үйлесімін білдіретініне келіп саяды. Стратегия ешқашан толық ойланып және аяғына дейін жетілмейтіні. Оны ішкі және сыртқы ортаның өзгеру шамасы бойынша түзету қажеттілігі маңызды болып табылады.

Біздің ойымызша, нарықта ешқандай кәсіпорын бәсекелестердің алдында тауардың барлық коммерциялық мазмұндамалары және оны жылжыту құралдары бойынша басымдылыққа жете алмайды. Өндірістік кәсіпорын қызметінің күшті жақтарын жетік пайдаланатын әдістермен және нарықтың даму үрдістерімен сәйкес ұштасқан стратегияларды әзірлеу және басымдылықтарды таңдау керек. Осы мәселені шешудің бір ғана жолы –

кәсіпорынның ішкі және сыртқы ортасымен дәлме - дәл келетін, инвесторлар үшін тартымды, нарықтық құнды арттыратын және капитал ағымын үдететін, тиімді бәсекеге қабілетті бизнес үлгісін қалыптастыру және жүзеге асыру болып табылады.

1.3 Тау - кен трансұлттық компанияларының жағдайы, үрдістері және негізгі даму мәселелері

Экономика және саясат саласындағы жаһанды үрдістер тау - кен металлургиялық кешенінде бірқатар өзгерістерді туғызды. Сұраныстың ұзақ мерзімді болжауларында дамушы нарықтар көш басшылыққа ие. Ұсынысты шектейтін факторлар және пайдалы қазбалардың сапасының нашарлауы сонымен қатар неғұрлым шалғай кен орындарын игеру қажеттілігімен байланысты қиындықтар орын алуда [61].

Транс ұлттық компаниялардың өндірістік шығындарының көлемі артып келеді. Онымен бірге, әлемдік тау - кен саласы үшін күрделі қаржылық жағдай орын алған. Осыған байланысты шаруашылық жүргізу ережелері біртіндеп өзгеріп келеді.

Әлемдік қаржылық дағдарыс сала бойынша ауыр зардапты соққыларымен зиян келтірсе де тау - кен металлургиялық кешені бұрынғы көрсеткіштеріне алғашқылардың бірі болып қол жеткізе бастады. Дамушы мемлекеттер экономикаларыда ресми саясат процесстерден айығуда. Қытайдың ресурстарға деген сұранысы 10 % жылдық экономикалық өсімінмен қуатталады.

Негізінен шикізаттарды экспорттаумен айналысатын мемлекеттерде тау - кен өндірісін реттейтін нормативтік актілер және салық заңдылықтары қайта қаралып жатыр. Мемлекеттің араласуы салдары Австралия, Канада және Оңтүстік Африка Республикасы секілді ірі тау - кен мемлекеттерінде бірқатар келісім - шарттардың нәтижелеріне кері әсер етті. Тау - кен өнеркәсібінде нарықтық капиталдануды қалпына келтіру жалғасып отыр. Әлемдегі ең озық әрі ірі тау-кен компанияларының нарықтық капиталдануы 20 % артты.

Егер Қытайдың жарияланған 12 жылдық әлеуметтік - экономикалық даму жоспарында орын алған, ІЖӨ - нің 7 % өсуінің мақсатты көрсеткішін назарға алсақ, минералды шикізаттарға деген тұтынушылар сұранысының төмендеуінің ешқандай белгілері байқалмайды.


Дүние жүзінде пайдалы қазбалар қорлары сапасының төмендеуімен және неғұрлым шалғай орналасқан географиялық аудандарда немесе саяси тұрақсыз аймақтарда кен игеру қажеттілігімен туындаған мәселелер орын алуда. Осы саланың алдында тұрған ең маңызды мәселе, өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру үшін шикізаттық ресурстардың қажетті көлемін игеру болып табылады.

Әлемдік экономикаға бұрынғыдай шикізат қажет. Оны тау - кен компанияларының қызметтерінің нәтижелері дәлелдеп отыр. Экономикалық пайданы өзара бөлу тәсілдерін тандауға қатысты көбейіп келе жатқан қызығушылық танытатын жақтардың саны тарапынан қысымды ескере отырып,

тау - кен компаниялары өздерінің әлеуметтік міндеттемелерін орындаумен байланысты күрделі мәселелерді шешулері қажет [62].

Компаниялардың басшыларына деген қысымның күшеюіне жауап ретінде сала, тау - кен кәсіпорындары қызығушылық танытатын жақтармен қарым-қатынастарды басқару мәселелеріне барынша назар аудара бастады. Барлық жақтар, түгелдей қатысушыларға әділетті болып келетіндей нәтижелерге жету үшін мемлекеттік және жеке сектордың, қоғамның арасында әріптестіктің қажеттілігімен келіседі [63].

Тау - кен ТҰК жергілікті қоғамдарға маңызды пайда әкелуі талап етіледі (5 - сурет).



Сурет 5 – Әлемдік тау - кен транслттық компанияларының 2011 - 2015 жылдардағы акционерлерінің жалпы табысы, %

Ескерту - дереккөз: [63]

Тау - кен саласы, өз компанияларының қызмет ететін аймақтарында, оларға қызығушылық танытатын жақтар ұсынатын талаптарды сипаттай отыра және компанияның ұстанымдарын қорғай отыра, осы секілді пікір - таластарға белсенді қатысады. Бұл есептердің дәйектілігі, корпоративтік құндылықтар және бюджетке тікелей үлес қосу салаларында көшбасшылық ауыртпалығын арттырады.

Ең үздік тау - кен ТҰК қызмет көлемінің артуына қарамастан, пайыздарды төлеу бойынша таза шығындар маңызды өзгеріске ұшыраған жоқ, бұл пайыздық табыс әкелетін, үлкен ақша көлемінің қорларымен ұштасқан пайыздық үстемелердің төмендеуімен және компанияның бухгалтерлік балансында аз көлемді пайыздық қарыздармен түсіндіріледі.

Қытайдың тау - кен өндірісіне әсері шикізаттық тауарларға сұранысты қалыптастыруда көшбасшылық рөлімен сипатталады. Пайыздық күйдегі түсімде Қытайдың үлесі 25% - 27% өссе, Солтүстік Американың үлесі төмендеген, бұл салалық түсімде үлестерді өзара бөлісуде дамушы экономикалардың салмағының басымдылығын көрсетеді [64].

Шикізатқа бағаның төмендеуі және жалғасып жатқан экономикалық тұрақсыздық жағдайында тау - кен кәсіпорындарына сұраныстың келешектегі динамикасын болжау барынша қиындап барады. Экономикалық болжамдар жақын уақытта шикізаттық тауарларға әлемдік сұраныстың өсетінін анықтайды. Компаниялар қазіргі таңда Қытайдың тарапынан сұраныстың әлсіреуінің әсерінен бизнесті кеңейту бойынша жобаларды жүзеге асыруды кейінге қалдыруда. Сонымен бірге, күшейіп отырған баға қысымынан және білікті кадрлардың үнемі жетіспеуі салдарынан тау - кен компаниялары тиімділікті өте күрделі нұсқаларда бағалауға мәжбүр.

Кәсіпорындарға нарықтағы күрделі баға ауытқуларына төтеп беру үшін инвестициялар қажет. Макроэкономикалық факторлар тау - кен өндірісінің дамуына бұрынғыдай маңызды әсер етіп отыр. Егер АҚШ - ның экономикасы біртіндеп өз орнына келе бастаса, Еуропада мемлекеттік қарыз дағдарысы басылған жоқ. Шикізаттық тауарларға деген бағалардың тұрақсыздығы жағдайына қарамастан, барлық әлем бойынша мемлекеттер тау - кен қызметінің табысының көп бөлігін алып отыр.

Өндірістік дамыған мемлекеттер тарапынан ұзақ мерзімде сұраныстың ұлғаюына қарамастан, қысқа мерзімді динамика өндірістің ағымды жоспарларын жүзеге асыруды қамтамасыз ете алмай отыр. Тау - кен өнімдері және металл нарықтарында Қытайдың белсенділігі төмен. Көптеген тау - кен кәсіпорындары үшін акция бағамы және шикізаттық тауарлардың құны арасында тепе - теңдік бұзылуда, бұл олардың ұтымды жағдайлардағы капиталға қол жеткізілуін шектейді. Кеңдерде металл мазмұндарының азаюы жағдайды қиындатады, тау - кен компаниялары неғұрлым алыс және неғұрлым шығынды аймақтарға жұмыс жасауға мәжбүрлі.

Барлық осы факторлар инвестициялық қоржынның құрылымына қатысты неғұрлым салмақты ойланып талқыландырылған шешімдерді қабылдау қажеттігі туралы айтады. Тау - кен кәсіпорындары одан әрі бастапқы экономикалық үлгілер негізінде тек қана игеруге инвестициялауды жүзеге асыра алмайды. Кәсіпорынды орналастыру орны туралы немесе жобаны жүзеге асыру туралы шешім қабылдау алдында компанияларға неғұрлым кең көлемді факторларды ескеру қажет, олардың ішінде: заңды және саяси тәртіптердің өзгерісі, қоғамның талғамы, қажетті инфрақұрылым, жемқорлықпен байланысты тәуекелдер, білікті персоналға деген қажеттілік, сонымен қатар электр қуаты және су секілді басты ресурстарға қолжетімділік, бұның барлығы қазіргі таңда көптеген компанияларда кездеспейтін талдау мүмкіндіктерін қолдануды талап етеді [65].

Транс ұлттық компанияларында өндіріс шығындары артуының себептерін талдайтын болсақ, рентабельділік төмендеп келеді және бұл үрдіс сақталуы мүмкін. Әлемдік валюта болып табылатын АҚШ долларына қатысы бағалардың ауытқуы, әлемнің негізгі тау - кен аймақтарында, соның ішінде Австралия, Оңтүстік Африка, Канада және Латын Америкаларының жергілікті нарықтарында еңбекақы төлеу және шикізаттарға, арнайы құралдарға бағаның артуына себеп болды.


ТҰК жұмысшылар еңбек ақының жоғарылауын талап етуде. Вахталық әдіспен жұмысты ұйымдастырудың ерекше жоғары құны, өз кезегінде еңбекақы төлеу шығындарын бұрын - сонды болмаған деңгейлерге дейін өсуіне алып келді. Электр қуатының және судың тапшылығы көптеген тау - кен аймақтарында өндірістік шығындардың артуын туындатады және компанияларды инфрақұрылымға инвестициялауға мәжбүрлейді.

Кесте 5 – Әлемдік тау - кен трансұлттық компанияларының 2011 - 2015 жылдардағы ең маңызды тәуекелдердің салыстырмалы талдауы

2011 жылдағы маңызды тәуекелдер	2015 жылдағы маңызды тәуекелдер
Білікті кадрлардың жетіспеушілігі	Өндіріс шығындарының артуы
Салалық шоғырлану	Белгісіздік жағдайында сұранысты басқару
Инфрақұрылымға қолжетімділік	Капиталдық жобаларды жүзеге асыру қарқынының бәсеңдеуі
Әлеуметтік жауапкершілік	Қосылу және сатып алу
Климаттың өзгеруі	Ресурстық ұлтшылдық
Өндіріс шығындарының артуы	Жемқорлық
Игерілетін кен орындары санының азаюы	Әлеуметтік саты бойынша өрлеу
Ресурстық ұлтшылдық	Білікті кадрлардың жетіспеушілігі
Электр қуатымен үздіксіз қамтамасыз ету	Қауіпсіздік мәселелері
Реттеуші талаптардың артуы	Ақпараттық технологиялар
Ескерту – автормен [65] негізінде әзірленген.	

Бұл шығындар тау - кен ТҰК кенде неғұрлым көп металл мазмұны бар кен орындарын іздестіруде неғұрлым алыс аймақтарға жылжыған сайын арта бермек. Көптеген елдер тек қана тау - кен саласы үшін бекітілетін кендерді игеру құқығына салықтар және экологиялық мандаттар енгізіп жатыр, бұл өз кезегінде нормативтік талаптарды сақтауға шығындардың артуына себеп болатыны сөзсіз [66].

Қытайдағы экономикалық өсім қарқынының төмендеуі шикізаттық тауарлар бағасына да және капиталдық инвестицияларды жүзеге асыру туралы шешімдерге де маңызды әсер етті [67]. «Economist Intelligence Unit» агенттігінің мәліметтері бойынша 2010 - 2016 жылдар кезеңі аралығында Қытайдың ІЖӨ жылдық орташа өсімін 8,1 % болады деп болжайды (6 - сурет).



Сурет 6 – Әлемдік өндірістік өсімінің болжамы, %

Ескерту - дереккөз: [68].


Белгісіздіктің осындай аспектілері әсерінен Қазақстан, Ресей, Үндістан, Бразилия және басқа да пайдалы қазбаларды экспорттайтын елдердің өндіріс көлемін төмендететіні анық.

АҚШ экономикасы біртіндеп қалпына келе бастады. Бірақ, еуроаймақта қарыздық дағдарыс жалғасуда. Макроэкономикалық факторлардың әсерінен пайдалы қазбаларға және металдарға деген әлемдік сұранысқа қатысты белгісіздік қалыптасады [69]. Тау - кен компанияларына нақты экономикалық үлгілеуді құру қажет. Әлем бойынша тау - кен ТҰК бюджеттік шеңберден шығып жатыр. Бұл құбылыс акционерлерге және әлеуетті несие берушілерге қиындық тудырып отыр.

ТҰК бюджеттерінің артуы шынайы себептермен түсіндіріледі [70]:

- кенде металлдың үлесінің кемуі ТҰК технологиялық жағынан неғұрлым күрделі шахталар құруды мәжбүрлейді;
- білікті мамандардың және арнайы тау - кен құралдарының жетіспеушілігі байқалады;
- талаптарды ұстаудың шығындары ұлғаяуда;
- ТҰК стейкхолдерлердің мүдделерін ескеруде;
- жер мен су ресурстарын пайдалану үшін бәсекелестік күшеюде;
- инфрақұрылымның жоқтығы маңызды жобалардың жүзеге асуына кедергі келтіруде.

ТҰК шығындарының өсуін тек қана сыртқы қолайсыз жағдайларға жатқызуға болмайды (7 - сурет). Жобаның сәттілігін төмендететін басқада факторлар жетерлік. Олардың ішінде: корпоративтік басқару жүйесінің жеткіліксіз дамуы, тәуекелді басқару механизмінің және бақылаудың әлсіз әзірлеуі, жоба бойынша жұмыстар көлемін анықтау процестері тиімділігінің жеткіліксіздігі. Бұл сыртқы және ішкі факторлар тау - кен ТҰК басты инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін шектейді. Оған қоса, тау - кен компаниялары инвестицияның қайтымдылығының жеткілікті деңгейін қамтамасыз ете алмаса, онда жобалардың жүзеге асуының қажеттілігін анықтау қажет [71].



Сурет 7 – Тау - кен ТҰК аймақтар бойынша жобаларының бюджетінің жұмсау қаражаттарынан асып кетуінің шамасы

Ескерту - дереккөз: [71]

Тау-кен компаниялар игеру көлемін барынша арттыруға тырысады. Акционерлер және несие берушілер ұзақ мерзімді тәуекелді жобаларды қаржыландырғысы келмейді. Бұл үрдіс тау - кен ТҰК инвестициялық жобаларды жүзеге асыру тізбегін өзгертуге және оларды кейінге қалдыруға, дайындалып жатқан жобаларды қайта бағалауға және төмен табысты кендерді жұмысқа қабілеттілікті қолдау тәртібіне көшіруге итермелейді.

«Deloitte Financial Advisory Services LLP» агенттігі өткізген сұрау мәліметтері бойынша, компания басшыларының 55 % салынған капиталдың қайтымдылығын оңтайландыруды ұйымдастыруда өзінің қабілеттеріне сенімсіздік білдірген.

Жобалардың жеткілікті терең салыстырылмауы немесе пайданың жеткіліксіз бағалануы (25 %), жобаның стратегиямен байланыссыздығы (25 %), шешім қабылдаудың тиімсіз процессі (12 %) сонымен қатар, жүйені «алдау» ниеті (11 %) осыған себеп болып отыр.

Тау - кен саласының кәсіпорындары қаржы құралдары үшін белсенді күрес жүргізуде. Несие беру көздерінен қаржыландыру үшін қаражаттар алу көптеген мемлекеттер үшін күрделі мәселе болып отыр. Акционерлер өздерінің қаражаттарын басқа активтерге бағыттай отырып басқа салаларға кетуде. Талдау көрсеткіштерінің нашарлауы салдарынан инвесторлар тау - кен компанияларындағы өздерінің акцияларының үлесін азайтуда. Бұл, саланың нарықтық капиталдануының төмендеуіне әкеліп соғады. Ірі бірігулер дәуірі аяқталғанымен ең жоғары белсенділік, капиталдық жобаларды сату және сатып алуға қатысты байқалып отыр [72,73].

Капиталды тарту үшін бірқатар компаниялар, азиялық әріптестерімен бірлескен кәсіпорындары құрып жатыр. Капитал тартудың балама тәсілдерінің ішінде ең жақсысы, біріккен кәсіпорындар құру, қосылу және консолидациялау.

Пайдалы қазбаларды экспорттаушы мемлекеттер ұлттық ресурстарға деген бақылауды күшейтуде. Мемлекеттер жекешелендіру және мемлекеттік меншікке айналдыру жолын таңдамаса да, олар «ресурстық ұлтшылдықтың» өзіндік әдістерін тәжірибеге енгізуде.


Жемқорлық барынша дамыған елдерде жұмыс жасайтын тау - кен компаниялары үшін маңызды тәуекел екендігіне келіседі. Осы тәуекелдің өсіп келе жатқан үрдісі сонымен қатар, «кен игеретін салаларда дәйектілікті қамтамасыз ету бойынша ниеттер (EITI)» талаптарын сақтау қажеттілігімен толығады.

Бұл құжатқа қосылған мемлекеттер өз тұрғындары үшін ақпараттардың шынайылығын қамтамасыз ету мақсатымен, жергілікті түсімнің көлемі туралы ақпараттарды ашуға қатысты компаниялардан халықаралық стандарттарды қолдануын талап етеді. Реттеуші органдарда үшінші тараптармен қарым - қатынастарды қоса тұра, ТҰК қызметіне бақылауды күшейтуде [74].

ТҰК өздерінің серіктестерінің, жабдықтаушыларының, сатушыларының, агенттерінің және делдалдарының қызметтеріне де жауапты. Жемқорлыққа тыйым салатын заңды талаптарды орындау керек. Соттық даулар барысында акционерлердің мүдделерін қорғайтын және тексерістің өткізілу барысын

бақылайтын тәуелсіз бақылаушылардың және қорғаушылардың қызметтерінің және айыппұлдарды төлеу шығындарын қоспағанда, оларға қызмет жүргізуге лицензияларынан айырылып қалу тәуекелінің қаупі төнеді. Бұл тек корпоративтік абыройға соққы беріп қоймай, компаниялардың таза табысының көлеміне де маңызды әсер етеді [75].

Осындай жағдайлар тау - кен компаниялары үшін игеру жоспарларын әзірлеуге, ұзақ мерзімді тәуекелдерді түсінуге және шешім қабылдау үлгілерін әзірлеуге қиындық тудырады. Басты аймақтардан пайдалы қазбаларды игеруді шығарып тастаудың жанама салдары әлем бойынша тау - кен компанияларының көптеген мемлекеттердің ІЖӨ әсерін талдау барысында анық байқалады (8 - сурет).



Сурет 8 –Тұтас әлем және бірқатар мемлекеттер бойынша тау-кен өнеркәсібінің ІЖӨ үлесі, %

Ескерту - дереккөз: [75]

Тау - кен ТҰК кенорындарын игеру барысында жергілікті үкіметтің және қоғамның талаптарын толық орындау қажеттілігін түсінеді. Бірақ, бұл талаптар соңғы бірнеше жылдарда қатты өзгеріске ұшырап отыр. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, экологиялық әсерді бағалауды жүргізумен байланысты заңи талаптардың шеңберінен асып кетеді.

Бағалау өзіне қоғамның өзгермелі күтім түсінігін, үкіметтік емес ұйымдардың және тиісті қызығушылық білдіретін тұлғалар тобы талаптарының есебін, сонымен қатар жоғары деңгейлі дәйектіліктің және операциялық тұрақтылықтың қамтамасыз етілуін қамтиды [76].

Стейкхoderлер өздерінің қаржылық жағдайларын жақсаруын, жеткілікті еңбек ақы төлеу процестерінің жақсарғандығын, оқу барысында алынған білімдерді, озық технологияларға қол жетімділікті, отбасы мүшелерінің білім алу мүмкіндігін және қазіргі заманғы медициналық қызметті қалайды. Осы талаптар қанағаттандырылмаған жағдайда күшті оппозициялық толқулар қалыптасады. Нәтижесінде, жаппай қарсы тұру акциялары және ереуілдер орын ала бастайды.

Көптеген мемлекеттер тау - кен ТҰК кен орындарындағы жұмыстарға жергілікті ресурстың белгілі бір пайызының тартылуын талап етеді. Әлемнің бірқатар тау - кен компаниялары жобалардың жүзеге асыру мерзімдерін кейінге шегеруге және өндірістік процесті бәсеңдетуге мәжбүр. Осылайша, өндіріске жұмыс күшінің жетіспеушілігімен байланысты күрделі жағдай маңызды төмендеп отыр. Тіпті соңғы жылдары бірқатар жобалар жабылса да, білікті жұмыс күшінің жетіспеушілігі тау - кен өндірісі үшін өзекті болып қала бермек. Пайдалы қазбаларды игеру бойынша Австралиялық Кеңестің бағалауына сәйкес 2020 жылдары тау-кен саласының қосымша мамандарға және білікті жұмыс күшіне деген қажеттілігі шамамен 86 мың адамды құрамақ.

Канаданың кен игеретін кәсіпорындары Ассоциациясының болжамы бойынша 2017 жылға білікті мамандарға деген қажеттілік 60 - 90 мыңға жуық адамдарды құрайды. Чилиде 2016 жылдың өзінде осы өндіріс саласы 70 мың қосымша жұмыс орындарына қажеттілікті сезініп отыр. Осындай үрдістер Бразилияда және Перуде де байқалып отыр.

Бұл мәселе тау - кен ТҰК өздерінің қызметін жүзеге асыратын шалғай аймақтарға жұмысшылардың көшуге ықпалсыздығынан туындап отыр. Көптеген жұмысшылар өз отбасыларының ластаған өндірістік қалада тұрғандарын қаламайды.

ТҰК жұмысшыларды сақтап қалу үшін олардың еңбек ақыларын шексіз көтере алмайды. ТҰК қауіпсіздік мәселелері неғұрлым шалғай және қолайсыз аймақтарды игеріп жатқан компанияларында зор маңызға ие. Үздік кәсіпорындар бақылау және қауіпсіздік қызметінің мәдениетін қалыптастыру жүйесіне ерекше назар аударады. Компаниялар техникалық қауіпсіздік бойынша нұсқау жүргізуге және қауіпсіздікке қатер төну барысында дабыл беру тәртібіне, техникалық қауіпсіздікті сақтауда жұмысшылардың жауапкершіліктерін дамытуға бағытталған бағдарламаларын жүзеге асыруға қаражаттарын салуда.

Қауіпсіздік бойынша комитеттер құрылуда. Жалпыға танымал халықаралық стандарттарға сәйкес келетін басқару және бақылауды жүзеге асыру бағдарламалары әзірленуде [77]. Кең көлемді салымдарға қарамастан, көптеген тау - кен компанияларында қауіпсіздік деңгейі мәз емес және күрделі тіпті адамның өліміне әкеп соғатын төтенше жағдайлар әлі де болса орын алуда. Оңтүстік Африка Республикасының Минералды ресурстар департаменті техникалық қауіпсіздіктің бұзылуынан туындаған төтенше жағдайларды 1904 жылдан бастап тіркеп келеді. Келеңсіз жағдайлар нәтижесінде 54 мың адам қаза тапқан.

Әлемдік тау - кен саласында жағдай күрделі және тұрақсыз. Нарық жағдайы белгісіз. Кейбір ТҰК үшін саланың басқа кәсіпорындарымен әріптестікті орнату, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікке басты назар аудару, операциялық қызметті жүзеге асыру үшін лицензиялар алу, өндірістік процестерді оңтайландыру немесе мемлекеттік және реттеуші органдармен дұрыс диалог орнату қызметтіңбасым бағыттары болып табылады [78]. Нәтижесінде, үздік ТҰК әлем бойынша дамушы мемлекеттердің экономикасын қолдауда, жұмыс орындары және білікті мамандардың санын көбейтуде неғұрлым маңызды рөлге ие болатыны сөзсіз.

Біз, қазіргі кездегі әлемдік тау-кен саласындағы ТҰК жағдайын және олардың даму үрдістерін пысықтай келе, келесі қорытындылар жасаймыз:

- тау - кен игерушікомпаниялар акционерлері, капиталды басқарудың тиімділігін арттыруды талап етуін жалғастыруда;

- болашақта саланың жұмысы дұрыс таңдалған жобаларды әзірлеу және жүзеге асыру есебінен көлемді арттыруға бағытталады болады;

- нарықта шикізатқа деген сұраныс сақталады. Пайыздық мағынада оның деңгейі тым жоғары болмаса да, өсім базасы жоғары болады;

- қорларды әзірлеу сапасының төмендігі және шығынның артуы салдарынан шикізаттық тауарларға деген неғұрлым жоғары орташа бағаларды бекітумен мазмұндалатын, құрылымдық өзгерістер жалғасуда.

Бірінші бөлім бойынша тұжырым. Диссертациялық зерттеудің бірінші бөлімде тау-кен металлургиялық кешенінің бәсекеге қабілеттілігі түсінігінің теориялық негіздемесі сараланды.

Бәсекеге қабілеттілік - шаруашылық бірліктің (тауар және қызметтің) нарыққа шығу кедергілерінен өтіп, сол нарықта басқа да ұқсас нарық қатысушыларымен (тауарлар және қызметтер) бәсекелесуге қауқарлы болу қасиеті.

Кешеннің бәсекеге қабілеттілігін келесідей мазмұндауға болады:

- ішкі бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыруды қамтамасыз ететін тиімді қаржылық - шаруашылық қызмет;

- стейкхолдерлердің көзқарасымен кешеннің сыртқы бәсекеге қабілеттілігі қамтамасыз етуге бағытталған тиімді маркетингтік қызметі;

- нақты уақыт аралығында бәсекелі нарықтың қатаң талаптарына жауап бере отыра, бейімделу және бәсекелестік басымдылықтарды үздіксіз жинақтау процесі;

- инновациялық әзірлемелерді енгізу үздіксіздігі.

Кешеннің бәсекеге қабілеттілігі түсінігіне қатысты авторлық ұстаным, өзіне жоғарыда қарастырылған барлық құрылымдарды біріктіреді.

Кешеннің бәсекеге қабілеттілігі – бұл бәсекелестер алдында басымдылыққа қол жеткізуге мүмкіндік жасайтын, бәсекелестік басымдылықтарды жинақтауды және стейкхолдерлердің мүдделерін ескеруді, инновациялық әзірлемелерді енгізуді үздіксіз жүзеге асыру барысында, нақты уақыт аралығында және белгілі бір нарық сегментінде кешен қызметінің тиімділігі.

Бөлімде кешендердің даму стратегияларын әзірлеудің және негіздеудің әдістемелері пысықталды. Стратегияны әзірлеу бойынша түрлі ғылыми көзқарастар төменгі әдістемелерді қарастырады: стратегия әзірleme ретінде; стратегия тәжірибе ретінде; стратегия идея ретінде.

Даму стратегиясын әзірлеудегі барлық әдістемелер, стратегияның теориялық талдаудың және тәжірибенің үйлесімін білдіреді. Даму стратегия ешқашан толық қанды ойланып және аяғына дейін жетілмейтіні анық. Оны ішкі және сыртқы ортаның өзгеру шамасы бойынша түзету қажеттілігі маңызды болып табылады. Ешқандай нарық субъектісі бәсекелестердің алдында толық басымдылыққа қол жеткізе алмайды. Бұл мәселені шешудің бір ғана жолы – ішкі және сыртқы ортасымен дәлме-дәл келетін, инвесторлар үшін тартымды, нарықтық құнын арттыратын және капитал ағымын үдететін, кәсіпорынның тиімді бәсекеге қабілетті бизнес үлгісін қалыптастыру және жүзеге асыру болып табылады.

Әлемдік тау - кен кешенінің ТҰК дамуын зерттеу нәтижелері келесі қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

- әлемдік тау - кен өндірісінде жаһандық процесстердің орын алуы;
- шет елдерде тау-кен саласына белсенді мемлекеттік қолдау көрсетілуде;
- тау-кен саласының ТҰК неғұрлым ғылыми сыйымды салаға айнала отыра, олардың капиталдық шығындары артуда;
- салааралық әріптестік, кәсіпорындардың белсенді консолидациясы және кластерлеу кешен кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің маңызды бағыттары болып табылады.

Әлемдік тау - кен нарығын талдау барысында өнімдерге деген сұраныстың төмендендеуі және компаниялар арасында бәсекелестік күрестің күрделене түскендігі анықталды. Бұл үрдіс отандық тау - кен кәсіпорындарына одан әрі табысты қызметін жалғастыру және өздерінің бәсекеге қабілеттіліктерін арттыру үшін тұтас кешеннің даму үрдістерін және негізгі бағыттарын ескеретін, оңтайлы даму стратегияларын әзірлеу қажеттілігін туындатады.

2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТАУ - КЕН МЕТАЛЛУРГИЯЛЫҚ КЕШЕНІНІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ЖАҒДАЙЫН, БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ЖӘНЕ ДАМУ ҮРДІСТЕРІН ТАЛДАУ

2.1 Қазақстан Республикасының тау - кен металлургиялық кешеннің қазіргі кездегі жағдайын талдау

Қазақстан Республиканың ТМК бәсекеге қабілеттілігін талдаудан бұрын, жалпы кешеннің даму үрдістері және қалыптасқан қазіргі жағдайды зерттеу керек. Пайдалы қазбаларға бай мемлекеттердің экономикалық дамуының жоғары шегіне жетуі, кен игеруді арттыру және оларды жоғары қосымша құнмен дайын өнімге қайта өңдеу есебінен, сонымен қатар әлемдік нарыққа тек металдар ғана емес, олардан бәсекеге қабілетті өнімдер шығару арқылы да қол жеткізумен байланысты. Әлемде игерілетін 11 млрд. т минералдардың ішінде біздің республикамызға 250 млн. т тиесілі екендігін ескеру маңызды. Бұл бізге әлемде 11 орынды иеленуге мүмкіндік беріп отыр.

Республика өнімнің 37 түрінен әлемде 1 - 19 орындарды иеленеді. Еліміз вольфрам, ванадий кендері бойынша әлемде бірінші, хромды қамтитын кендер бойынша – екінші (23 %), марганец бойынша – үшінші орында. Қазақстанға әлемдік қорғасын қорының – 19 %, мырыштың – 13 %, мыс пен темір кенінің – 10 % тиесілі [79].

ТМК мемлекет өндірісінің неғұрлым қарқынды дамып келе жатқан секторы. Ұлттық экономиканы индустриализациялаудың негізі. Ол ел экономикасының маңызды бөлшегі бола тұра, экономикалық, технологиялық және әлеуметтік қатынастардың жекеленген тұтас жүйесі болып табылады. Республиканың тау - кен металлургиялық кешені өте күрделі құрылымға ие. Ол үшін сала арасындағы тығыз байланыстар және өнімнің кең ассортименті тән.

Қазақстан Республикасы ТМК ерекшеліктері мыналар болып табылады [80]:

- минералдық - шикізат кешенімен және құрылыс, машина жасау салаларымен тығыз байланысты;
- өнеркәсіптің басқа салаларымен салыстырғанда капитал салымына деген зор қажеттілік және өндіріске деген үлкен шығындар;
- төмен қайтымдылық және капиталдың бәсең айналымы;
- өнім түрлерін ауыстыруда төмен ұтқырлық.

Кешен экспортты жүзеге асыратын салалар арасында жоғары рейтингпен мазмұндалады. Еліміздің ТМК шикізаттардан бастапжәне дайын өніммен аяқталатын экспортталатын тауарлардың кең номенклатурасын иеленеді [80].

Қазақстан Республикасы КСРО заманында ТМК минералдық өнімдерді өндіре отырып, өңделген және өңделмеген шикізаттарымен одақтас елдердің барлық өндірістік зауыттарын қамтамасыз етті. Кеңес одағы ыдыраған сәттен бастап еліміздің тау-кен және металлургиялық комбинаттары үшін дәстүрлі нарықтары жойылды. Нәтижесінде, минералдық шикізаттардың өндіріс көлемі күрт төмендеді. Тау-кен кәсіпорындары ауыр қаржылық қысымның астында қалды.

Ресейде және Азия елдерінде орын алған қаржылық дағдарыс Қазақстан Республикасы минералдық өнімдер нарықтарының одан бетер тарылуына әкеп соқты [81, 82]. Өндірістегі жағдайды қалпына келтіру және қолдау ниетімен, Қазақстан Үкіметі тау - кен кәсіпорындарын жекешелендіруді жүзеге асырды. Оларды жергілікті және шетелдік инвесторлардың консорциумдарына басқаруға берді. Көптеген инвесторлар алып - сатарлықпен ғана айналысып, пайдалы қазбаларды өңдеуге немесе өндіруге еш қатысы болмады. Осындай инвестициялардың нәтижелері республика үшін тиімді болмай шықты. Қазақстан көптеген келісім - шарттардың күшін жоюға мәжбүр болды. Бұл оқиғалар еліміздің инвестиция тарту абыройына зор нұқсан келтірді. Нарықтық қатынастарға өту процестері ТМК өндірістік көлемдеріне кері әсерін тигізді. Қазақстандық экономиканың трансформациясы кешеннің жағдайына ауыр соққы жасады [83]. Кешеннің құлдырауына мемлекеттің қолдаудан айырылуы секілді екінші кезекті факторларда күрделі әсер етті.

Біздің пікірімізше, ТМК орын алған дағдарыстың себептері келесідей:

- қалыптасқан салалық байланыстардың бұзылуы;
- орталықтандырылған сатып алу және өндірілген өнімді өткізудің жүйесінің жойылуы;
- инфляция;
- тау - кен саласын реттейтін құқықтық базаның жетілмеуі және оның тұрақсыз жағдайы;
- жекешелендірудің кері салдары;
- банктік несие ставкаларының жоғары болуы;
- тау - кен кәсіпорындарында айналым қаражаттарының жетіспеушілігі;
- өндірілетін өнімдердің бәсекеге қабілеттілік дәрежесінің төмендігі;
- нарық конъюнктурасының толық еместігі;
- тау - кен компанияларында маркетингтің төмен деңгейі;
- сапасыз менеджмент.

Кесте көрсеткіштерінен кешеннің біртіндеп дамып келе жатқанын байқауға болады. Осы саладағы өндіріс деңгейі және жұмыспен қамту көрсеткіштері кеңестік дәуірмен салыстырғанда төмен. Бірақ, тұрғылықты елді-мекендерді өмірлік маңызды әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз етуді жалғастыра отыра, ең ірі және маңызды тау - кен кәсіпорындары өз қызметтерін тоқтатпады [84].

Кешен жағдайы өндірістік кәсіпорындар санының артуымен және сыртқы нарықтарда қатаң бәсекелестік күреспен мазмұндалады. Отандық ТМК 2015 жылы республиканың ішкі жалпы өніміндегі үлесі 7 % құрады. Бірақ, ол өнеркәсіптің жалпы көлеміндегі үлесінің 3,9 % дейін азаюымен байқалады. Зерттелетін кезең аралығында кешенде жұмысбасты өнеркәсіптік - өндірістік персоналының 78 мыңнан 85 мыңға дейін артуы жүзеге асты және сала маңызды көлемде білікті кадрлармен толықты. Сала жұмысшыларының орташа айлық еңбекақысы жыл сайын артып 2014 жылы 188456 теңгені құрады. Осылайша, Қазақстан Республикасы ТМК жағдайы салыстырмалы түрде жоғары еңбекақымен мазмұндалады, бұл кешенің тартымдылығын көтереді.

Қазақстан Республикасы ТМК қызмет етуінің негізгі көрсеткіштерінің динамикасы 6 - кестеде сипатталған.

Кесте 6 – Қазақстан Республикасы тау - кен металлургиялық кешенін қызметінің негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2015 жылға өзгерістер, %	
							2010	2014
Өнеркәсіптік өндірістің көлемі, млн.тг.	5502014	7419550	10081254	10242053	10063456	11568796	110,3	210,3
Кешенде жұмыс жасайтын кәсіпорындар саны	64	70	71	75	78	85	24,7	8,2
Өнеркәсіп өнімінің жалпы көлеміндегі сала өнімінің үлесі, %	4,6	5,4	5,0	4,3	4	3,9	-17,9	-2,5
Негізгі қызметтегі персонал саны, мың адам	16114	21661	20642	22545	21657	19456	17,1	-11,3
Негізгі қызметтегі персоналдың орташа айлықақысы, теңге	123313	148091	169656	178100	185346	188456	3,4	1,6
Негізгі капиталға инвестициялар, млн. теңге	1234564	1651953	1593634	1599703	1834569	1934567	36,1	5,1
Салық салынғанға дейінгі пайдасы (залалы), млн.теңге	2074880	3528556	4768108	4623642	4567865	3934564	47,2	-16,0
Өнім өткізуден түскен табыс, млн.теңге	5601507	7574321	10405755	10327654	10234543	9234321	39,3	-10,8
Өткізілген өнімнің өзіндік құны, млн.теңге	2154678	2805436	3525432	3732249	3876567	3956732	45,5	0,0
Міндеттемелері бойынша берешегі, млн.теңге	3647112	3834579	4057873	4232028	4564348	4865762	25,0	6,1
Рентабельділік, %	21	27	21	9	8	8	-162,5	-162,2

Ескерту – автормен [84] негізінде әзірленген.

Еліміздің ТМК құрамына 80 жуық кәсіпорындар және ұйымдар кіреді. Олардың базасында, түрлі - түсті металлургия кәсіпорындарын бақылайтын «Қазақстан түсті металдары» және алтын сонымен қатар басқа да асыл металдарды өндіретін кәсіпорындарды өзіне біріктіретін «Алтыналмас» ҰАК, «Қазатомпром» ҰАК қызмет етеді.

Қазақстан Республикасы ТМК ірі кәсіпорындары болып табылады:

Тау - кен кәсіпорындары:

- «KAZ Minerals» (бұрынғы - Қазақмыс) - мыс компаниясы, карьерлер, шахталар, 10 кен байыту фабрикалары, мырыш зауыты, 2 мыс балқыту кешені, көмір шахталары, электрстанциялары бар;

- «Қазцинк» - мырыш өндіруші, 3 комбинат, шахталары, фабрикалары бар;

- «ERG» (бұрынғы - ENRC) – глинозем, хром, никель, темір, галий, фероқорытпалар өндірісі. Шахталар, фабрикалар, зауыттар;

- «Қазхром»ТҰК – хром игеру, кен-байыту фабрикалары, зауыт;
- «Казфосфат» АҚ – тыңайтқыштар өндіру, шахталар, карьералар, зауыт;
- «Қазатомпром» (ҮМЗ) – уран өндірісі, сирек металдар өндірісі, шахталар, зауыттар.

Металлургиялық компаниялар:

- «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ – губкалық титан, магний өндірушісі;
- «Арселомиталл Қазақстан» - болат, шойын, прокат өндірісі. Комбинат, коксхимиялық өндіріс.

Кешенінің құрамында бірқатар мемлекеттік холдингтік компаниялар жұмыс істейді. Отандық тау - кен кешені өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін және тау - кен активтерінің жоғарылауына септігін тигізу үшін «Тау - кен Самұрық» АҚ ҰТК құрылды. Оның негізгі мақсаты:

- отандық тау - кен кешенің дамытуда мемлекеттік мақсаттарды жүзеге асыру;
- мемлекеттік меншіктің құнын үдету және олардың қызмет етуінің тиімділігін арттыру;
- мемлекеттік активтерді жинастыру;
- жеке сектормен серіктестік ретінде бірлесе отыра, пайдалы қазбалардың қорларын барлау, игеру және қайта өңдеу.

Республиканың тау - кен кешенінде жағдайдың тұрақтылығы туралы айту әлі ерте. Алдыңғы жылдарда орын алған әлемдік экономикалық дағдарыстың әсерінен кейін сала біртіндеп түзеле бастады. Бұл тау - кен кәсіпорындарын қолдау бойынша мемлекет тарапынан жасалып жатқан іс - шаралармен байланысты [85].

Қазақстан Республикасы ТМК өндірісінің тұрақты өсімі көбіне - көп Үдемелі индустриалды - инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асырумен және Индустриализация картасына кіргізілген жобаларды іске асырумен қамтамасыз етіліп келеді.

Кешенінің одан әрі даму секторы алдағы бес жылдыққа арналған индустриялық - инновациялық бағдарламада кескінделген. Құжатқа сәйкес 2019 жылға дейін қара металлургияда басты назар шойын алу үшін жоғары сапалы шикізат өндірісін игеруге, оның жаңа түрлерін әзірлеуге және жоғарылегерленген шойын ассортиментін кеңейтуге аударылады. Феррокорытпалардың жаңа түрлерінің өндірісі де қарастырылған.

Кешеннің түрлі - түсті металлургия саласындағы саясат, базалық металдардың өндірісін кеңейтуге және сым, прокат, профил және құймалар, фольга, зергерлік бұйымдар және аралас салалар үшін бұйымдар өндірісін арттыруға бағытталады. Осы барлық мақсаттарды жүзеге асыруға 1,2 трлн. теңге бағыттау жоспарланған. Мақсатқа жету жолында тау - кен саласы теңіз металл құрылымдары, трубиналық эстакадалары, композиттік металдық құбырлар, сымдар, сантехникалық металдық бұйымдар, әртүрлі арматуралар секілдісұранысқа ие бірқатар жаңа өнім түрлерін игеріп алды.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, жаңадан іске қосылған өндірістік қуаттардың тек қана 42 % жүктелген. Кәсіпорындардың жүктелудің орташа

және жоғары деңгейіне (88 % дейін) жетуі барысында 2019 жылы өндірілетін өнім көлемі 2013 жылмен салыстырғанда 4,5 есеге артуы мүмкін.

Отандық ТМК кәсіпорындары тарифтік және салықтық жеңілдіктер ұсынатын ерекше тәртіпте қызмет жасайды. Бұл экономиканы диверсификациялауға ішкі және сыртқы инвестицияларды тартуға мүмкіндік береді.

Негізгі металдарға деген бағалардың қолайлылығы жағдайында еліміздің тау-кен саласының кәсіпорындары тұрақты дами алады. Әлемдік экономикадағы жағдай кешен кәсіпорындарына кері әсерін тигізуде.

Қазіргі уақытта, өндірістік металлдарға деген сұраныс төмендеген. Тау - кен кәсіпорындарында артық өндіріс орын алуда. Ол өз кезегінде бағаның одан әрі төмендеуіне себеп болады. Бұл тиімділіктің төмендеуіне әкеп соқтырады. Шығындарды, капиталды салымдарды және дивиденд көлемін төмендету секілді әдістері көмегімен сауатты жоспарлау және басқару барысында ғанатау-кен кәсіпорындары тұрақты қаржылық жағдайға қол жеткізулері мүмкін. Кері жағдайда қарыздық жүктеме артады. Бұл несие берушілер алдында тәуелділікке және күрделі қаржылық мәселелерге алып келеді. Ең негізгі қатер – өндірістік қуаттарды қысқарту. Ол әлеуметтік проблемаларға әкеп соғады.

Сарапшылар Кеден одағын құрылуы және еліміздің ӘСҰ мүше болуы секілді сыртқы факторлардың ТМК оңды әсер ететінін ескереді. Кешенінің өнімдерін өткізу нарығының әлеуеті артып отыр. Зерттелетін кезеңаралығында ТМК өндіріс көлемінің артуы байқалады. Инфляция барысында өндіріс көлемінің құндық көрсеткіштері өзгерістердің шынайы келбетін түсінуді қиындатады. Кешен өндірісінің физикалық көлеміне талдау жүргіземіз (9 - сурет).



Сурет 9 – Қара және түсті металдар кенін өндірудің нақты көлемінің индекстері, алдыңғы жылға, %

Ескерту - дереккөз: [86]

Біз, еліміздің ТМК модернизациялау процесіне әлі де болса отандық ғылыми - инновациялық әлеуеттің әлсіз тартылғанын байқаймыз. Саланың индустриалдық - инновациялық дамуы өзіндік техникалық базаны дамытуды және импортталған технологиялардың жергілікті жағдайларға бейімдеу қажет. Тау - кен кәсіпорындары көбінесе шетелдік технологияларға басымдылық беріп отыр. Осы үрдіс жалғаса берсе, модернизациялаудың тиімді процесін және тұрақты мазмұнын қамтамасыз ету мүмкін емес екені анық.

Қара металлургия – Қазақстанның ауыр өнеркәсібінің салыстырмалы жас саласы. Олар екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында ғана пайда болды. Осы сала толық және жартылай толық циклдегі кәсіпорындармен ұсынылған. Олар шойын, болат, прокат және ферроқорытпа бұйымдарын береді.

Республиканың қара металлургия құрамына келесі салалар кіреді [86]:

- тау - кен саласы;
- металлургиялық сала;
- ферроқорытпа саласы;
- отқаберіктік бұйымдар өндіру саласы;
- темір қалдықтарын қайта өңдейтін кәсіпорындар.

Теміртау қаласында орналасқан Қарағанды металлургиялық комбинаты республикадағы ең ірі қара металлургия кәсіпорны болып табылады. Ол Қостанай облысынан жеткізілетін темір кені концентраттарын пайдаланатын, толық циклды өндірісті немесе металл қалдықтармен жұмыс жасайтын толық емес циклдағы өндірісті қамтитын екі зауыттан тұрады. Комбинат шойын, болат трубаларды, рельстерді, жұқа жапырақты темірлерді шығарады. Қостанай облысы Рудный қаласындағы Соколов - Сарыбай және Лисаков және Қашар тау-кен байыту комбинаттары Қазақстан Республикасы қара металлургиясы саласының маңызды кәсіпорындары болып табылады. Осы кәсіпорындардан темір кенінің концентраттары Теміртау және Магнитогорск қалаларына жөнелтіледі.

Республикамыздың сапалы қара металлургиясы Ақтөбе және Ақсу ферроқорытпа зауыттарымен ұсынылған. Біріншісі – Хромтау хромиттерімен жұмыс жасап, феррохром шығарады, екіншісі – Оралдан жеткізілетін кварциттерден ферросилиций өндіреді. Қара металлургия саласы маңызды минералды - шикізаттық базаға ие.

Елімізде жоғары сапалы марганец кендерінің барланған ірі қорлары бар. Марганецтік ферроқорытпалар өндірісі тартымды экспорттық салалардың біріне айналды. Хром кенің игеру және өндеу республиканың маңызды валюталық түсім көзі болып табылады. Қара металлургияда 2015 жылы табыс 2010 - 2011 жылдардағы орташа мағынамен салыстырғанда екі есеге кеміді.

Сыртқы нарықтарда қалыптасқан қолайсыз жағдай саланың қаржылық жағдайына кері әсерін тигізуде. Кестеде отандық кешенінің қара металлургия саласының кәсіпорындарының қызметінің негізгі көрсеткіштері сипатталған. Салық салудан дейінгі табыс 2014 жылы 470 млн долл. дейін төмендеді.

Рентабельділік көрсеткіштерінде көңілге толмайды. Өз кезегінде, 2015 жылы – 8 % өндеу өнеркәсібінде бұл көрсеткіш жалпы алғанда – 7 % кем екендігін ескерген жөн (7 - кесте).

Кесте 7 – Қазақстан Республикасы тау - кен металлургиялық кешенінің қара металлургия саласының кәсіпорындары қызметінің негізгі көрсеткіштері.

Көрсеткіштер	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2015 жылға өзгерістер, %	
							2010	2014
Өнеркәсіптік өндірістің көлемі, млн.тг.	620,4	837,2	903,2	748,9	631,9	630,4	1,5	- 0,2
Салада жұмыс жасайтын кәсіпорындар саны	77	71	83	88	83	85	9,4	2,3
Өнеркәсіп өнімінің жалпы көлеміндегі сала өнімінің үлесі, %	1,5	2,1	2,1	1,4	1,3	1,2	-25,0	-8,3
Негізгі қызметтегі персоналдың орташа айлық ақысы, теңге	82914	99529	112635	120847	155034	165948	50,0	6,5

Ескерту – автормен [87] негізінде әзірленген.

Республиканың қара металлургия саласы 2008 жылғы құлдыраудан кейін, 2010 - 2011 жылдары шамалы өсім көрсетті. Ал 2015 жылы қайтадан күрделі жағдайға тап болды (8 - кесте).

Кесте 8 – Қазақстан Республикасы қара металлургия саласының маңызды өнім түрлерінің өндірісі, млн. т

Қара металлургияның маңызды өнім түрлері	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2015 жылға өзгерістер, %	
							2010	2014
Темір кені	46,248	50,190	51,742	52,614	51,756	50,986	9,2	10,6
Шойын	2,997	2,894	3,141	2,707	2,623	2,369	-26,5	-14,2
Болат	4,217	4,346	4,812	3,776	3,477	3,263	-30,0	-21,2
Прокат	2,990	2,900	3,108	2,402	2,277	2,156	-38,6	-31,3
Феррокорытпалар	1,469	1,702	1,669	1,724	1,708	1,682	12,6	13,9
Марганец кені	2,457	3,045	2,963	2,975	2,852	2,845	13,6	13,8
Хром кені	4,678	5,092	5,059	5,233	5,255	5,263	11,1	10,9

Ескерту – автормен [88] негізінде әзірленген.

Қара металлургия саласы мемлекет үшін маңызды болып табылады. Осы саланы қолдау мақсатында Қарағанды облысында арнайы экономикалық аймақ құрылды.


Импортты алмастыру, отандық өндірісшілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жағдай жасауға ерекше көңіл бөлінеді. Төменгі кестеде еліміздің қара металлургия саласындағы ірі инвестициялық жобалар сипатталған (9 - кесте).

Кесте 9 – Қазақстан РеспубликасыТМК қара металлургия саласындағы ірі инвестициялық жобалар тізімі,млн. долл.

Кәсіпорындар	Кәсіпорындардың өндіретін өнім түрлері	Инвестиция көлемі, млн. долл.
«Петропавловск құбыр зауыты» ЖШС	Жылына 100 мың т металл құбырларын өндіру	2,8
«СтальЦинк» ЖШС Астана қ.	Цинкленген жол қоршауларын өндіру	2,8
«СовИнТех» ЖШС Қарағанды облысы	Ферросилиция өндірісі бойынша зауыт	16
«S-Tare» ЖШС Қарағанды облысы	Оралған болат ленталарын өндіру бойынша зауыт	20
«KAZTHERM» ЖШС Қарағанды облысы	Жылына 130 мың жалпақ болат радиаторларының өндірісі	6,7
«Литмашкомплект» ЖШС Павлодар облысы	Дөңгелек прокат және илеме бұйымдарының өндірісі	7,0
«АЛЗ» ЖШС	Жылына 149 мың т металл өнімдерін өндіру үшін болат прокаты бойынша зауыт	26,9
«Тараз металлургия зауыты» ЖШС	Жылына ферросиликомарганецті 25 мыңнан 100 мың т дейін шығаруды арттыру және шикізатты кешенді терең өңдеу мақсатымен феррокорытпа өндірісін жаңарту	79,2
«ILNO Group» ЖШС Алматы облысы	Болат иілгіш профилін және металлқұрылымдарын өндіру	14,1
«ССКӨБ» АҚ Қостанай облысы	Металлданған өнім өндіру бойынша зауыт	673
«Өркен» ЖШС Ақмола облысы	Темір кенін өңдеу және байыту бойынша үгіту-байыту фабрикасын салу	1,5
«Ақтөбе темір ВС» ЖШС Ақтөбе облысы	Байыту фабрикасын салумен «Велихов» темір кен орнын игеру	161
«Жанатас» металлургиялық комбинаты» ЖШС	Болат балқыту цехін салу	3
«СПП» Металлоизделия» ЖШС	Металлқұрылымдарын ыстықтай цинктеу бойынша өндірістік қызметтерді ұйымдастыру	7
«Вару Mining» ЖШС Қарағанды облысы	Темір кенің игеру және өңдеу	71
«Евраз Каспиан Сталь» ЖШС Қостанай қ.	Ұсақсұрыпты прокат өндірісін құру	158
«J.Ray McDermott» Манғыстау облысы	Металлқұрылымдары зауытын салу	38
«KSP Stell» ЖШС Павлодар облысы	Прокаттық ресльстік-бағандық өндірісті құру	254
«Темір мен Мыс» ЖШС Қарағанды қ.	Қуаттылығы жылына 200 мың т. электрдәнекерлі болат құбырларының зауыты	127
Ескерту – автормен [89] негізінде әзірленді		

Болаттың әлемдік өндірісі 2013 жылы 3,5% артты, өсім негізінен Азия және Таяу Шығыс елдерімен қамтамасыз етілді. «World Steel Association» агенттігінің болжамына сәйкесболат нарығындағы белгісіздік жағдайына қарамастан 2014 - 2015 жылдары болатқа деген әлемдік сұраныс тұрақтанады. Өткен жылмен салыстырғанда қара металлургияның өнеркәсіптік өндіріс көлемі 2015 жылы 18,3 % артты.

Металлургиялық нарыққа 2014 жылы өнімдерге деген әлсіз сұраныс кері әсер етуін жалғастырды. Болатқа деген баға 2014 жылдың қаңтар айында әр тоннаға 281 долл. құрады, 2015 жылдың қаңтар айында баға 295 долл. өскенің айтуға болады. (10 - сурет).



Сурет 10 – Болат бағасының динамикасы (comex GC), долл/т.

Ескерту - дереккөз: [90]

Әлемдегі металдардың жартысын тұтынатын Қытайдың даму жағдайы еліміздің қара металлургия саласына шешуші әсер етеді. Онымен бірге, ішкі тұтынудың үлесінің төмендігі отандық өндірушілерді қолдау бойынша мемлекеттің мүмкіндігін шектейді.

Жасалған зерттеулерді қорытындылай келе, біз отандық ТМК қара металлургия саласы бойынша келесі қорытындылар жасаймыз:

- республиканың қара металлургия саласы маңызды минералды-шикізаттық базаға ие.

- қара металлургияда 2014 жылғы табыс 2010 - 2012 жылдардағы орташа мағынадан екі есеге кеміді;

- қара металдарға деген бағалардың қолайлығы жағдайында қара металлургия саласының кәсіпорындары тұрақты дами алады. Бірақ әлемдік экономикада орын алған жағдайлар саланың дамуына кері әсерін тигізуде;

- кешеннің қара металлургия саланың кәсіпорындары тарифтік және салықтық жеңілдіктер ұсынатын ерекше режимде қызмет жасайды. Бұл экономиканы диверсификациялауға ішкі және сыртқы инвестицияларды тартуға мүмкіндік береді.

- сарапшылар Кеден одағын құрылуы және еліміздің ӘСҰ мүше болуы секілді сыртқы факторлардың қара металлургия саланың кәсіпорындарына оңды әсер ететінін ескереді.

Түрлі - түсті металлургия өнеркәсіптің ең көне және озық саласы болып табылады. Оның дамуы кешенінің орасан зор пайдалы қазбалары ресурстарына негізделеді. Республиканың тұтас өнеркәсіп кешенінің қалыптасуына маңызды әсер етеді. Республикасының түрлі - түсті металлдарының сапасы өте жоғары. Мысалы, Өскемендік мырыш, Балқаш және Жезқазған мысы Лондондағы түсті

металдар биржасының эталондары болып табылады. Мемлекеттің валюталық табысында түрлі - түсті металлургияның үлесі зор.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген сәтінен бастап бүгінгі күнге дейінгі аралықта түрлі - түсті металлургияның ІЖӨ - дегі үлесі 2 есеге артты. Түрлі - түсті металлургия саласының екі ірі кәсіпорны - «Жезқазғанцветмет» АҚ және «Қазцинк» ҰАК осы саланың осы саланың 70% өнімін өндіреді. Шетелдік сарапшылардың пайымдауынша, Қазақстан түрлі - түсті металдардың дүние жүзілік нарығында берік ұстанымдарға ие.

Қазақстан Республикасының түрлі - түсті металлургиясы 7 саламен ұсынылған:

- мыс;
- алюминийлік;
- вольфрам - молибдендік;
- титанды - магнийлік;
- сирек металды;
- алтын игеру.

Қазақстан Республикасы өнеркәсіп кешенінде түрлі - түсті металлургияның келесі аудандары қалыптасып дамуда:

1. Кенді Алтай
2. Балқаш мекені
3. Жезқазған ауданы
4. Оңтүстік Қазақстан
5. Қарағанды ауданы
6. Павлодар ауданы

Кесте 10 – Қазақстан Республикасы тау - кен металлургиялық кешенінің түрлі - түсті металлургия саласының кәсіпорындары қызметінің негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2015 жылға өзгерістер, %	
							2010	2014
Өнеркәсіптік өндірістің көлемі, млн.тг.	284673	394876	456022	487130	535380	639602	55,4	16,2
Салада жұмыс жасайтын кәсіпорындар саны	54	48	36	41	42	45	- 2,0	6,6
Өнеркәсіп өнімінің жалпы көлеміндегі сала өнімінің үлесі, %	3,1	3,3	2,9	2,9	2,6	2,4	- 29,1	-8,3
Негізгі қызметтегі персоналдың орташа айлықақысы, теңге	90914	101529	120635	128847	150453	155344	41,4	3,1

Ескерту – автормен [91] негізінде әзірленген

«Қазцинк» АҚ қорғасын және мырыш негізінде түрлі - түсті металдардың негізгі өндірушілері болып табылады. Оның құрамына Өскемен қаласындағы қорғасын – мырыш балқыту комбинаты, Лениногор қаласында орналасқан полиметалл комбинаты және Зырян қорғасын балқыту комбинаты кіреді.

«Қазцинк» АҚ құрамында жақын арада жылына қуаты 70 мың т кесектелген мыс өндіретін мыс балқыту зауытын іске қосады. Объектіде мыс катодтарын автоматты сыпыруды қарастыратын аппараттық басқару – жаңашылдығы енгізілетінін атап кеткен жөн. Жоба құны 270 млн. долл. Өнім Ресей, Еуропа елдеріне және Қытайға экспортталады. Қазақстанның дүниежүзілік мыс нарығында алатын орны ерекше және оны өндіру бойынша әлемдегі елдердің ондығына кіреді [92].

Отандық мыс индустриясы «KAZ Minerals» компаниясымен (бұрынғы – «Қазақмыс Корпорациясы»), металл сынықтарын қорытумен мамандалған «Түрлі - түсті металлдарды өңдеу бойынша Балқаш зауыты» АҚ ұсынылған. «KAZ Minerals» - Қазақстанда қазіргі заман талабына, азшығынды тау - кен өндірісін дамытуға бағытталған мыс өндіруші компания. «KAZ Minerals» құрамына кіретін кәсіпорындар 2014 жылы 84 мың т катодты мыс өндірді. Онымен бірге 2014 жылы «KAZ Minerals» 121 мың мырыш концентратын, 3,4 млн унция алтын мен 34,6 мың унция алтын өндіріп шығарды.

Үгітудің бірнеше сатысынан өткен кен 4 кенбайыту фабрикаларымыздың бірінде өңделеді. Шығыс аймақ пен Бозымшақта өндірілген мыс концентраты әрі қарай өңдеу үшін «Балқаш мыс балқыту зауытына» жеткізіледі.

Бозшакөл, Ақтоғай – ауқымы және өндіру көлемі бойынша манызды әрі ірі жобалары болып табылады.

Республикада алюминий саласының негізін «ERG» (бұрынғы - ENRC) Тобының құрамындағы «Қазақстан алюминий» АҚ құрайды. «Қазақстан алюминий» АҚ – Қазақстанның ірі түсті металлургия кәсіпорны. Құрамына «Павлодар алюминий зауыты», «Торғай боксит кен басқармасы», «Красно-октябрьск кен басқармасы» және «Керегетас» АҚ кіреді.

Қазақстан Республикасы әлемде титан ысқыштарының ірі өндірушісі. Елімізде дүние жүзілік ең ірі титан (Өскемен титан - магний комбинаты), ниобий (Ертіс химия - металлургия зауыты), тантал (Үлбі металлургиялық зауыты), молибден (Тың тау - кен комбинаты) өндіруші кәсіпорындар орналасқан.

Әлемде небәрі 7 титан-магний комбинаттары бар. «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ - дүние жүзілік ең ірі комбинат, ол әртүрлі мақсаттағы титан ыстағыштардың 15 сұрпын шығарады. «Өскемен титан - магний комбинаты» АҚ 2010 жылы титан кесектері мен балқымаларының өндірісі бойынша цехтің құрылысын аяқтады және пайдалануға енгізді. Титан кесектері мен балқымаларының өндірісі кеуекті титанды және қоспалы элементтерді екі еселік вакуумдық-имелік қайта балқыту әдісімен жүзеге асырылады [93].

Жаңа өндіріске салынған инвестициялардың көлемі шамамен 90 млн. долл. құрады. Жылдық өндірістік жобалық қуаты - 11 000 т титан кесектері мен балқымалары. Цех 2012 жылы жиынтық қуаттан 80 % өндіріске шықты. Шығарылатын өнім әуе ғарыштық, мұнай - газ өнеркәсібінде, атом энергетикасында, қорғаныс және медициналық салаларда пайдаланылатын бұйымдарды даярлауға арналған.


Қазақстанның валюталық әлеуетін бекітуде алтын игеретін өнеркәсіптің аффинаждалған қымбат металдарды және зергерлік өндірісті қоса ала отыра

одан әрі дамуы ерекше маңызды. Үндістанда, Шығыс Азияда және Таяу Шығыс елдерінде алтынға деген сұраныс жоғары. Қазақстан дәлелденген алтын кен орындары бойынша ТМД елдері арасында Ресей және Өзбекстаннан кейінгі үшінші орында. Мемлекеттің ресурстары 1,8 мың т. қор - шамамен 800 т. немесе 75,5 млрд. долл. Алтын игерудің 70 % қорлары шағын және орташа кенорындарына тиесілі. Бірқатар мәліметтерге сәйкес елде 122 түбірлі, 81 кешенді және 34 шашыраңқы алтын орындары бар.

Барлық алтынигеретін компаниялардың тек 35 алтын игеріп және геологиялық барлау жұмыстарын жүзеге асырып отыр. «Kazakh Gold Group Ltd» компаниясы осы саланың ең ірі өндірушісі болып табылады. «Казцинк» АҚ және «KAZ Minerals» компаниялары да еліміздің ірі алтын өндірушілері қатарына кіреді. Бірақ, өңдеу құнының жоғары болуынан бұл кәсіпорындар қуаттылықтарының үштен бірі ғана жүктелген [94].

Түрлі - түсті металлургия саласында 2014 жылдың қаңтар айынан бастап металға деген бағалар төмендеді. Мысалы, 2013 жылдың қаңтарында алюминийдің әр тоннасының бағасы 2073 долл. бағаланса, жыл соңында баға 1770 долл. төмендеген. Мыстың әр тоннасына 8112 долл. берсе, жыл соңына қарай баға 7304 долл. құрады.

Мырыштың әлемдік өндіріс көлемі сұраныстан төмен болғандықтан, оның бағасы жыл басында тоннасы 2032 долл. тұрса, жыл аяғында баға 2038 долл. артқан. Никельге деген сұраныс жыл басында әр тоннасы үшін 17564 долл. құраса, жыл соңында 14149 долл. төмендегені байқалады. (11 - сурет)



Сурет 11 – Бірқатар металл түрлерінің баға динамикасы (LME), долл/т

Ескерту - дереккөз: [95]


Елімізде зергерлік өнеркәсіп әлсіз дамыған. Зергерлік бұйымдарды сататын компаниялар қымбат металды өндірушілермен бірге әрекет етпейді: елдегі өндірілетін барлық алтын экспортқа шығарылады. Ғылымның жаңа салаларының және техниканың дамуымен бүкіл әлемде өнеркәсіптің озық

салаларында сирек және сирек кездесетін металдарға деген сұраныс күрт артып отыр. Сирек және сирек кездесетін металдардың әлемдік қорының 9 % біздің республикамыздың үлесінде.

Олардың ұтымды пайдалану барысында мемлекетте ұзақ мерзімде ғылымның және техниканың қазіргі заманғы салаларын дамытуға және әртүрлі салаларға пайдалану үшін олардың тазалығын және әзірлік дәрежесін үздіксіз арттыру жолымен, әлемдік нарыққа сирек кездесетін металдарды экспорттауға болады.

Алтынның әр унциясының бағасы 2014 жылдың қаңтар айында 1662 долл. бағаланса, маусым айында ол 1241 долл. кеміді. Платинаның әр унциясы үшін жыл басында 1670 долл. ұсынса, жыл соңында оның бағасы 1424 долл. азайды. Күмістің әр унциясының құны жыл басында 31 долл. тұрса, жыл аяғында ол 19 долл. дейін құлдырады [96].

Біздің пікірімізше, ҚХР экономикалық даму үрдісінің баяулауы және оның экономикасының дамуы бойынша белгісіздіктің орын алуы, металға деген бағалардың күрт төмендеуінің басты себептерінің бірі болып табылады. ҚХР тарапынан жақын келешекте металдарға деген сұраныс төмендеседе, оның экономикасының даму үрдісінің баяулауы металл нарығына әсері сезіле бастады (12 - сурет).



Сурет 12 – Қымбат металдар бағасының динамикасы (comex GC), долл/унция

Ескерту – дереккөз: [97]

Біз, отандық түрлі - түсті металлургия саласының даму үрдістерін зерттей отыра, келесі нәтижелерге тоқталдық:

- түрлі - түсті металлургия саласының дамуы ТМК орасан зор пайдалы қазбаларының ресурстарына негізделеді және республиканың тұтас өнеркәсіп кешенінің қалыптасуына маңызды әсер етеді;

- еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген сәтінен бастап бүгінгі күнге дейінгі аралықта түрлі - түсті металлургияның ІЖӨ - дегі үлесі 2 есеге артты;

- түрлі - түсті металлургия саласында 2014 жылдың қаңтар айынан бастап металға деген бағалар тек төмендеумен болды. Металға деген бағалардың төмендеуін сарапшылар ҚХР - да экономикалық даму үрдісінің баяулауы және оның экономикасының дамуы бойынша белгісіздіктің орын алуымен байланыстырады;

- түрлі - түсті металлургияның дамуы үшін мемлекеттің металды көп қажет ететін салаларды дамыту мақсатында тиімді жағдай қалыптастыру есебінен ішкі металл тұтынуды белсендірудің маңызы зор.

Отандық ТМК әлемдік нарықта қатаң жаһандық бәсекелестік жағдайында жұмыс жасауда. Осыған байланысты, ТМК алдында тұрған өзекті мәселелердің бірқатарын сипаттаймыз (11 - кесте).

Кесте 11 – Қазақстан Республикасы тау-кен металлургиялық кешенінің өзекті мәселелері

Тау-кен металлургиялық кешенінің түсті металлургия саласындағы өзекті мәселелер	Тау-кен металлургиялық кешенінің кара металлургия саласындағы өзекті мәселелер
Бай және жеңіл игерілетін кендердің қорларының тозуы, минералдық құрамның көп компоненттілігі салдарынан байытудың күрделілігі	Шығарылатын өнімнің сапасының төмендігі және ассортименттің тарлығы
Тозудың жоғары дәрежесі, кәсіпорында моральды тозған құрал-жабдықтардың орын алуы	
Әлсіз дамыған ішкі нарық	
Жұмыс жасап жатқан кәсіпорындардың әлсіз қуаттылығы	
Әлемдік нарықта базалық металлдарға деген бағаның ауытқуы және өткізу нарықтарында сұраныстың төмендеуі	Тауарларды сертификаттау үшін зертханалық базалардың жоқтығы
Жоғары қосымша құнмен өнімдердің экспортының қысқаруы және импортының артуы	
Темір жол және электр қуатын тасымалының тарифінің жоғары болуы	
Өнімнің жоғары қуат - және еңбек сыйымдылығы	
Көлік логистикалық инфрақұрылымның нашар дамуы	
Білікті кадрлардың тапшылығы	
Салалық институттардың материалдық-техникалық және тәжірибелі - өндірістік базаларын жаңарту қажеттілігі	
Ескерту – Автормен әзірленген	

Жүргізілген зерттеулер нәтижелері, отандық ТМК жалпы жағдайымен және оның даму үрдістері туралы келесі негізгі тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

1. Әлемде пайдалы қазбаларды игеру бірқатар іргелі қағидаларға негізделеді:

- мемлекетте сапалы кен базасының болуы;
- көпсалалы ғылыми мектептердің, жоғары білікті мамандардың болуы;
- табысты жұмыс жасап жатқан және жаңадан салынып жатқан тау-кен өндірістік кәсіпорындардың және өндеу кешендерінің болуы;

- инвестициялауды қоса алғанда, кенорындарын игеру бойынша барлық толық кешенді жұмыстарды қатаң заң шеңберінде жүзеге асыруға мүмкіндік жасайтын, тиісті құқықтық базаның болуы. Барлық жоғарыда айтылғандармен

Республикасы толықтай қамтылған. Пайдалы қазбалардың алуандығы, оларды игеру үшін дамыған өнеркәсіптің орын алуы, осы саладағы мамандарға қатаң талаптар қояды.

2. Біз, отандық ТМК шикізаттық базасын дамытудың негізгі бағыттарын келесідей анықтаймыз:

- жаңа кен орындарын барлау және игеруге шетелдік (отандық) инвесторларды тарту үшін мақсатты бағытталған, кешенді инвестициялық және әсерлі салықтық саясат;

- ғылыми - техникалық байланыстың жетістіктерін енгізуді көздей отыра, оны ақтық өнім түрлеріне дейін жеткізумен, шектік шикізаттық материалды кешенді өңдеу бойынша ұйымдық - құқықтық және техникалық шараларды әзірлеу және жүзеге асыру.

3. Өндірістің қалдықтарын қайта өңдеу еліміздің экономикасы үшін, қоршаған орта үшін өте маңызды. Қалдықтарды қайта өңдеу үшін құнды компоненттерді алудың технологияларын жетілдіруге бағытталған зерттеулерді жүргізу қажет. Қиын байытылатын және балансталған кендерді қайта өңдеудің ғылыми-техникалық мәселелерін шешу қажет;


4. Отандық түрлі - түсті металлургияның дамуы, шынайы сектордың дамуына бөгет болып табылатын экспортты - шикізаттық бағытты ұстанып отыр. Түрлі - түсті металлургия стратегиялық маңыздылығы әлемдік нарық үшін соңғы өнімді шығарумен ғана шектеліп қоймайды. Ол мемлекеттік постиндустриалды дамуы үшін жағдайды қамтамасыз етеді.

5. Металл өндірісінде жаңа технологиялық бөліністерді дамыту – отандық ТМК басты мәселесі. Шағын және орта бизнестің отандық кәсіпорындары жоғары бөліністердегі өнімдері өндіру үшін металдарды шетелдерден сатып алады. Транспорттық шығындарды қысқарту есебінен пайда табуға және сату көлемінің тұрақтылығына кепіл бере отырып, монополистердің өнімдерін шағын және орта бизнес өкілдеріне ұсыну туралы мәселені шешу керек.

6. Ішкі металл тұтынуды әрі қарай арттыру мәселесі, металдардың және металл өнімдерінің ішкі нарықтарының дамуы белсенді мемлекеттік ынталандырумен, отандық ТМК негізгі қорларын жаңартумен, қосымша құнды дамытумен байланысты.

2.2 Отандық тау - кен металлургиялық кешеннің бәсекеге қабілеттілігін талдау

Қазақстандық нарықта металлургиялық сала өнімдеріне деген сұраныс артып келеді. Еліміздің ТМК ішкі нарықтың шамамен 20 % ғана қамтамасыз етіп отыр [98]. Кешенінің қазақстандық экспорты негізінен елдің ішінде қолданыс таппайтын шикізаттық тауарлармен ұсынылған. Қытай және Еуропа елдері отандық ТМК өнімдерінің басты тұтынушылары болып табылады. Отандық ТМК өнімдерінің 80 % алыс шетелдерге экспортталады (13 - сурет).



Сурет 13 – Өнім түрлері бойынша 2015 жылы, отандық өндірісте металлургиялық өнеркәсіптің алатын үлесі, %

Ескерту - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің мәліметтері негізінде әзірленген.

Ел экономикасы болаттан жасалған дәнекерленген профилдер және шпунттық құрастырмалар және темір жолдар үшін қара металл бұйымдары, ферромарганец, құбырлар және құбырлар үшін құйылған фитингтер, әртүрлі диаметрлердегі құбырлар, салқын тарту жолымен алынған сымдар, ыстыққакталған бұйымдар секілді өнім түрлерінің 100 % шет мемлекеттерден импорттайды (12 - кесте).

Кесте 12 – Қазақстан Республикасы ТМК өнімдері экспорты және импортының 2009, 2014, 2015 жылдардағы тауарлық құрылымы, млн. долл.

Тауарлар мен өнімдер/млн. долл.	Экспорт					Импорт				
	2009	2014	2015	Өсім, %	Ұд.сал м., %	2009	2014	2015	Өсім, %	Ұд.сал м., %
<i>1</i>	<i>2</i>	<i>3</i>	<i>4</i>	<i>5</i>	<i>6</i>	<i>7</i>	<i>8</i>	<i>9</i>	<i>10</i>	<i>11</i>
Барлық тауар ұстанымдары	10811,1	7802,2	6468,2	-17,1	100	6357,0	6370,4	4249,7	-33,3	100
Қара металлдар	6271,9	3252,5	3077,9	-5,4	47,6	1183,5	1148,4	1043,2	-9,2	24,5
Түрлі-түсті металлдар	4539,9	4549,7	3390,3	-11,7	52,4	5173,5	5222,0	3206,5	-24,1	75,5

Ескерту – www.kazninvest.kz

Отандық ТМК өнімдерінің экспортын және импортын зерттей отырып, келесі қорытындылар жасауға болады:

- шикізаттық өнімдердің импортының төмендеуінің және жоғары бөлініс өнімдерінің артуы орын алады;

- ең аз дәрежеде өңделген өнімдер экспортының өсу үрдісі байқалады. Бірақ дайын өнім экспорты төмендеген.

Мемлекетіміздің металлургиялық өнеркәсіп өндірісіне қажетті шикізаттарды және металдарды шетелге ең төменгі құнмен шығарады. Ал дайын жоғары сапалы металл өнімдері және олардың негізінде әзірленген бұйымдар елімізге жоғары қосымша құнмен кері импортталады. Қазақстан Республикасы ТМК өнімдерінің сыртқы саудадағы жағдайы экспорт көлемінің төмендеудің жалпы үрдісімен, дайын өнімнің импортының артуымен мазмұндалады.

Әлемдік нарықтардағы бәсекелестік күрестің күрделенуі қазақстандық ТМК кәсіпорындарының дамуына кедергі жасап отыр. Бір жағынан, бұл жағдай әлемдік тау - кен металлургиялық өнеркәсіптерінде орын алған жалпы мәселелермен байланысты шынайы себептерден туындаса, екінші жағынан, созылмалы депрессия жағдайындағы отандық кешенінің жағдайын одан әрі қиындатады. Қалыптасқан жағдайда тау - кен өнеркәсібіндегі дағдарыстан шығу үшін жедел іс - қимылдар қажет. Импортты алмастыру проблемаларында шешу қажет. Қазақстандық тау - кен компанияларының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жағдай жасайтын, ТМК даму стратегиясын әзірлеу және жүзеге асыру жолымен ғана мүмкін болады [99].

Жүргізілген зерттеулерге сәйкес, ТМК кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігіне келесі факторлардың әсер етеді:

- «нарықтардың даму үрдістері» - ұтымды жағдай жасайды. Себебі, келешектегі сұраныстың тұрақты артуы кәсіпорындар үшін қолайлы мүмкіндіктерді туындатады;

- «бәсекелестіктің мазмұны және деңгейі» (негізінен шетелдік) – бір жағынан кедергі келтіретін фактор болып келсе, екінші жағынан, нарық қатысушыларынан үнемі бәсекелестік ұстанымдарды нығайтуды талап етеді;

- «шикізат ресурстарына қол жетімділік деңгейі». Елден шикізаттар мен металдарды жаппай шығару сала кәсіпорындарының бәсекелестік қабілеттілігіне кері әсерін тигізеді.

- «саланы қолдайтын мемлекеттік бағдарламалардың орын алуы».

Бұл кешенге оңды әсерін тигізеді. Бірақ салада шешімін таппаған мәселелер көп. Қазақстан Республикасы ТМК бәсекеге қабілеттілігін арттыру және импортты алмастыру мәселелерін шешу үшін арнайы мемлекеттік бағдарламалар әзірленді. Бағдарлама бойынша 3 мақсатты индикаторлар анықталды. Біріншіден, бұл металлургия саласында минералды шикізаттарды терең өңдеу және жана бөліністерді құру негізінде 2008 жылмен салыстырғанда 2015 жылы ұдайы қосымша құнды шынайы мағынада 50 % өсіру. Екіншіден, 2008 жылмен салыстырғанда металлургиялық өнімдердің экспорт көлемін 30 % арттыру. Үшіншіден, мақсатты индикатор - ол тау - кен металлургиялық

кешенінде 2008 жылмен салыстырғанда еңбек өнімділігін кем дегенде 15 % көтеру.


Бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесі ретінде металлургиялық өнеркәсіптің ұдайы қосымша құнының шынайы өсімі 2010 жылмен салыстырғанда 2013 жылы 35,6 % артып, номиналдық мағынада 1,2 трлн теңгені құрады. Металлургиялық өнеркәсіптің өндіріс көлемі 2010 жылмен салыстырғанда 2013 жылы 1,56 трлн теңгеден 1,763 трлн теңгеге немесе 12,9 % артты. Бағдарлама шеңберінде металл өнімдерінің экспорты 2008 - 2013 жылдар аралығында құндық мағынада 23,2 % төмендеді. Әлемдік нарықтағы базалық металдарға деген бағалардың ауытқуы, сыртқы нарықтағы сұраныстың төмендеуі, әлсіз дамыған ішкі нарық, отандық металлургиялық кәсіпорындарының өндірістік қуатылықтары жүктелімінің аздығы экспорт көлемінің азаюына әкеп соқты.

Индустриализациялау картасы отандық тау - кен және металлургия саласын дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын және үдемелі индустриалды - инновациялық дамуы бойынша мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың басты құралы болып табылады. Онда тұтас республикаға және оның аймақтарына стратегиялық маңызды болып табылатын инвестициялық жобалар кіреді. Индустриализациялау картасына ТМК саласындағы кіргізілген объектілер елдің өнеркәсіп өнімдерінің өндіріс көлеміне маңызды әсер етті.

Қазақстан Республикасында металлургиялық компаниялар ерекше жағдай қызмет жасайды. Оның шеңберінде тарифтік және салықтық жеңілдіктер ұсынылады. Бұл еліміздің экономикасын диверсификациялауға ішкі және сыртқы инвестицияларды тартуға мүмкіндік берді. Металлургиялық өнеркәсіптің негізгі капиталына инвестициялар 2015 жылы 278,4 млрд теңгені құрады. Кәсіпорынның бәсекелестік қабілеттілігіне әсер ететін «инвестицияларға қолжетімділік» факторын бағалау үшін ТМК негізгі капиталына инвестициялау көлемінің динамикасын қарастырамыз. Қазақстан Республикасы ТМК 2011 - 2015 жылдардағы негізгі капиталға инвестициялар [100]:

- металл кендерін игеру 2 есеге (102,6 млн. теңгеден 225,7 млн. теңгеге) артты;

- металлургиялық өнеркәсіпте негізгі капиталға инвестициялар 2011 жылмен салыстырғанда 86 % көбейді (14 - сурет).



Сурет 14 – Қазақстан Республикасы ТМК негізгі капиталына инвестициялар динамикасы, млн. теңге

Ескерту - дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің мәліметтері негізінде әзірленген.

Отандық ТМК инвестициялық жобалары Индустриализациялау картасы шеңберінде инвестиция көлемі бойынша, көлік инфрақұрылымы және телекоммуникациялар, мұнай өңдеу және мұнай - газ секторының инфрақұрылымы секілді экономика секторларынан кейін 3 орынға ие. Инвестициялық жобалардың талдау, 83 жобаның ішінде 32 тау - кен саласында, оның ішінде 13 кен игеруде, 19 өндеудің және байытудың бастапқы секторында екендігін көрсетті.

Металлургиялық секторда 51 жоба жүзеге асып жатыр, оның ішінде 10 бастапқы металлды алуды қамтамасыз етуге, 16 құймаларды алуға, 25 прокат және металл өнімдерін шығаруға бөлінген. Қазіргі уақытта, 2015 - 2019 жылдарға арналған үдемелі индустриалды - инновациялық даму бағдарламасының екінші бес жылдығы жүзеге асуда.

Бағдарлама бұрынғы тәжірибені ескере отыра, Қазақстан Республикасы 2010 - 2014 жылдарға арналған Үдемелі индустриалдық-инновациялық дамуы бойынша мемлекеттік бағдарламаның қисынды жалғасы болып табылады. Бұл бағдарлама Қазақстанның өндірістік саясаттың бір бөлігі және тиімді салалық реттеу және класстерлік тәсілді қолданумен аймақтық мамандануда, шектеулі секторларда барлық күш-жігерді және ресурстарды шоғырландырумен өндеу өнеркәсібін дамытуға бағытталған.

Металлургиялық өнеркәсіпте 2015 - 2019 жылдар аралығында мемлекеттік саясат қара металлургияның басты бағыттарын жүзеге асыруға негізделген. Олар болатты алу үшін жоғары сапалы шикізатты өндіруге, болаттың жаңа түрлерін алуға, кеме болатын және тб өндіруге.

Түрлі - түсті металлургияда – базалық металл өндірісін кеңейтуге және бұйымдар өндірісін арттыруға бағытталған [101].

Талдау барысында бәсекелес кәсіпорындардың мықты және әлсіз жақтары, мүмкіндіктері мен қауіп - қатерлері қарастырылды. Қарастырылып отырған кәсіпорындарға ішкі және сыртқы факторлардың маңыздылығы анықталып, сонымен қатар олардың әсер етуі бағаланды. Факторлардың сараптамалық мағынасын олардың маңыздылығына көбейту жолымен ішкі және сыртқы факторлардың өлшемді бағасы табылды.

Кестелерде ішкі және сыртқы ортаның жекеленген факторлары бойынша бағалануы, сонымен қатар осылардың негізінде осы жақтардың кешенді бағалануы жасалған.

Сарапшылардың әлсіз жақтары немесе қауіп - қатерлер бойынша берген бағалары неғұрлым жоғары болған сайын кәсіпорындар үшін соғұрлым қауіп болып келеді.

Отандық ТМК өндірістік кәсіпорындарының дамуын талдау және олардың одан әрі даму бағыттарын анықтау мақсатында кәсіпорындардың бәсекелестік қабілеттілігінің талдауға негізделген, сараптама әдісін қолдана отыра, біз ірі өндірістік кәсіпорындардың SWOT - талдауын жүргіздік (13 - 14 кестелер).


Кесте 13 – Қазақстан Республикасының ТМК кәсіпорындары қызметінің мықты және әлсіз жақтарын бағалау

Ішкі стратегиялық фактор	Маңыздылығы	«Казцинк» АҚ		«KAZ Minerals» (бұрынғы – «Қазақмыс» АҚ)		«ERG» (бұрынғы - ENRC)	
		Факторларды бағалау	Өлшемді бағасы	Факторларды бағалау	Өлшемді бағасы	Факторларды бағалау	Өлшемді бағасы
Мықты жақтары							
Сапалы минералдық шикізат базасы	0,30	5	1,50	5	1,50	5	1,50
Қызмет түрінің алуандығы	0,20	5	1,00	4	0,80	5	1,00
Имидж	0,10	4	0,40	2	0,20	1	0,10
Мықты кадрлық саясат	0,10	4	0,40	4		4	
Білікті персонал	0,10	4	0,40	4	0,40	4	0,40
Кәсіпорынның дамуын қолдау бойынша мемлекеттік іс-шаралар	0,30	5	1,50	4	1,20	5	1,50
Қорытынды	1		5,20		4,10		4,50
Әлсіз жақтары							
Ескірген технологиялар және маңызды дәрежеде тозығы жеткен құрал-жабдықтар	0,20	4	0,80	5	1,00	4	0,80
Төмен еңбек өнімділігі	0,15	5	0,75	5	0,75	5	0,75
Көлік инфрақұрылымының нашар дамуы	0,10	3	0,30	3	0,30	2	0,20
Әлсіз менеджмент және маркетинг, нақты бәсекелестік стратегияның жоқтығы	0,15	3	0,45	2	0,30	3	0,45
Экспортта шикізаттық үлестін жоғары болуы және дайын өнім үлесінің төмендігі	0,20	4	0,80	3	0,30	4	0,80
Білікті кадрлардың тапшылығы	0,20	4	0,80	4	0,80	4	0,80
Қортынды	1	-	3,90	-	3,45	-	3,80
Ескерту – автормен әзірленген							

Кесте 14 – Қазақстан Республикасының ТМК кәсіпорындары қызметінің мүмкіндіктері және қауіп - қатерлерін бағалау

Ішкі стратегиялық фактор	Маңыздылығы	«Казцинк» АҚ		«KAZ Minerals» (бұрынғы – «Қазақмыс» АҚ)		«ERG» (бұрынғы - ENRC)	
		Факторларды бағалау	Өлшемді бағасы	Факторларды бағалау	Өлшемді бағасы	Факторларды бағалау	Өлшемді бағасы
Мүмкіндіктер							
Технологиялық көшбасшылардың тәжірибесін пайдаланумен технологиялар трасферті	0,25	3	0,75	4	1,00	3	0,75
Инновациялық жобаларды енгізу	0,20	5	1,00	4	0,80	4	0,80
Стратегиялық инвесторларды тарту	0,20	3	0,60	3	0,60	4	0,80
Шығарылатын өнімнің сапасын арттыру және ассортиментін кеңейту	0,20	4	0,80	4	0,80	4	0,80
Қайталама техногенді түзілімдерді пайдалану	0,15	3	0,45	2	0,30	3	0,45
Қорытынды	1		3,60		3,50		3,60
Қауіп-қатер							
Әлемдік бәсекелестіктің өршуі	0,30	4	1,20	5	1,50	5	1,50
Әлемдік нарықтарда бағалардың қолайсыз өзгерісі	0,30	5	1,50	5	1,50	5	1,50
Кәсіпорындарының резидент емес тұлғалардың меншігінде болуы	0,20	3	0,60	3	0,60	4	0,80
Интеграцияланудың кері әсерлері	0,20	3	0,60	3	0,60	4	0,80
Қорытынды	1	-	3,9	-	4,2	-	4,6
Ескерту – автормен әзірленген							


Төменгі 15, 16 - суреттерде жекеленген ішкі және сыртқы кешендік көрсеткіштер бойынша кәсіпорындарға қатысты бәсекелестік ұстанымдары ұсынылған.



Сурет 15 – Мықты және әлсіз жақтарына қатысты сыртқы ортаның кешенді бағалау бойынша тау - кен кәсіпорындарының жағдайы

Ескерту - дереккөз: автормен әзірленген.

Жоғарыдағы берілген 13,14 - кестелерде және сипатталған 16,17 - суреттерді талдаудан алынған мәліметтер, «Казцинк» АҚ мықты және әлсіз жақтарына қатысты кешенді бағалау бойынша басқа бәсекелес компаниялармен салыстырғанда неғұрлым қолайлы орынды иеленеді. «Казцинк» АҚ мықты жақтарына қатысты (5,20 ұпай) және әлсіз жақтарына қатысты (3,90 ұпай) кешенді бағалаудың ең жоғары бағасына ие.



Сурет 16 – Мүмкіндіктері және қауіп - кәтерлеріне қатысты сыртқы ортаның кешенді бағалау бойынша тау - кен кәсіпорындарының жағдайы

Ескерту - дереккөз: автормен әзірленген.

Жоғарыдағы 13,14 - кестелерде және 17, 18 - суреттерде сипатталған мәліметтерден, «Казцинк» АҚ жоғары сол жақта орналасқан, онда басқа бәсекелес компанияларымен салыстырғанда оның мықты ішкі жақтарының басымдылықтары және мүмкіндіктерінің жоғарылығын меңзейді. Сол жақ басқа бәсекелес компанияларға қатысты, «Казцинк» АҚ оның әлсіз ішкі

жақтарының, сонымен қатар сыртқы ортада мүмкін болатын қауіп - қатерлер әсерінің неғұрлым әлсіздігін көрсетеді.

Мүмкіндіктері және қауіп - қатерлеріне қатысты сыртқы ортаның кешенді бағалау бойынша да «Казцинк» АҚ басқа бәсекелес компаниялармен салыстырғанда неғұрлым оңтайлы орынға жайғасқанын байқаймыз. Ол мүмкіндіктерге қатысты ең жоғары мағынаға (3,60 ұпай) және қауіп-қатерлерге қатысты ең төменгі мағынаға (3,90 ұпай) ие.

«Казцинк» АҚ неғұрлым жақын орналасқан бәсекелесі «ERG» (бұрынғы - ENRC) компаниясы, ал неғұрлым шалғай орналасқан бәсекелес компания «KAZ Minerals» (бұрынғы – «Қазақмыс» АҚ). Өзіндік мықты және әлсіз жақтардың нақты мағыналарына негізделіп және бәсекелестердің мәліметтерін ескеріп, «Казцинк» АҚ өз қызметін одан әрі дамыту үшін неғұрлым оңтайлы даму стратегиясын әзірлеп және оны жүзеге асыра алады. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың қолда бар әдістерін талдау негізінде біз келесі формула барысында бәсекеге қабілеттілікті бағалаудың рейтингтік әдісін пайдалануды ұсындық.

$$R_i = \sqrt{k_1 x_{ij}^2 + k_2 x_{(i+1)j}^2 + \dots + k_n x_{nj}^2} \quad (1)$$

Бұнда k_1, k_2, \dots, k_n - кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіштерінің мәнінің коэффициенттері, $\sum k = 1$;

x_{ij} - стандартталған коэффициенттер мағынасы.

R_i - мағынасы көп болған сайын, кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігіде артады.

Бұл әдіс кешеннің кез-келген саласының кәсіпорындары үшін қолдануға тұрарлық. Бірақта, рейтингті біртектік өнім өндіретін өзара бәсекелес кәсіпорындар арасында ғана салыстыру қажет. Сондықтанда әдісті бейімдеу үшін зерттеу объектісі ретінде біз түрлі - түсті металлургия саласының үш кәсіпорынын таңдадық:

- «Казцинк» АҚ;
- «KAZ Minerals» (бұрынғы - «Қазақмыс» АҚ);
- «ERG» (бұрынғы - ENRC).

Зерттелетін кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін бағалауды жүргізу үшін көрсеткіштер жиынтығының негіздемесі қажет. Бағаланатын көрсеткіштерде жаңа туындаған жағдайларға тәуелді өзгеруі мүмкіндігін ескерген жөн. Біз, бағалау үшін сала кәсіпорындарының бәсекеге қабілетті факторларының сыныптамасынан туындайтын кәсіпорынның қызметінің әртүрлі қырларын мазмұндайтын, топтық көрсеткіштерді пайдалануды ұсынамыз.

Зерттелетін кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін бағалауды жүргізу үшін көрсеткіштер жиынтығының негіздемесі қажет. Бағаланатын көрсеткіштерде жаңа туындаған жағдайларға тәуелді өзгеруі мүмкіндігін ескерген жөн. Біз, бағалау үшін сала кәсіпорындарының бәсекеге қабілетті фактор-

ларының сыныптамасынан туындайтын кәсіпорынның қызметінің әртүрлі кырларын мазмұндайтын, топтық көрсеткіштерді пайдалануды ұсынамыз.

Топтық көрсеткіштер келесі формуламен есептелінеді:

$$K_i = \sum_{j=1}^m (b_j P_j); \quad (2)$$

Салмақты коэффициенттер жекеленген көрсеткіштің топтыққа әсерін бағалайды және сомасы бірлікке тең (16 - кесте).

Кесте 15 – ТМК кәсіпорнының бәсекеге қабілеттілігін бағалау көрсеткіштері

Көрсеткіштер атауы	Белгіленуі	Салмақтылығы
<i>1</i>	<i>2</i>	<i>3</i>
<i>Кәсіпорынның өндірістік қызметінің көрсеткіштері</i>	<i>K1</i>	0,15
Өндірістік қуаттылықты пайдалану коэффициенті	<i>П1</i>	0,6
Құралдардың жаңару коэффициенті	<i>П2</i>	0,4
<i>Өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіштері</i>	<i>K2</i>	0,25
Өнімнің бағасының салыстырмалы көрсеткіші	<i>P1</i>	0,55
Өнімнің сапасының салыстырмалы көрсеткіші	<i>P2</i>	0,45
<i>Еңбек қызметінің көрсеткіштері</i>	<i>K3</i>	0,1
Персонал рентабельділігі	<i>T1</i>	0,65
Персонал біліктілігінің деңгейі	<i>T2</i>	0,35
<i>Кәсіпорынның қаржылық жағдайының көрсеткіштері</i>	<i>K 4</i>	0,15
Ағымды төлем коэффициенті	<i>Ф1</i>	0,55
Дербестік коэффициенті	<i>Ф2</i>	0,45
Маркетингтік қызмет көрсеткіштері	<i>K 5</i>	0,15
Сатылым динамикасы	<i>M1</i>	0,35
Нарықтағы үлесі	<i>K6</i>	0,2
Ескерту – Автормен әзірленген		

Салмақты көрсеткіштердің мағыналары сараптамалық әдістің көмегімен анықталған. Ол үшін жоғары білікті мамандардан тұратын топ құрылды. Сараптамалық талдаудан кейін әр көрсеткіш үшін сандық мағына берілді. Осылайша, кәсіпорынның өндірістік қызметінің мазмұндамасы үшін өндірістік қуатты пайдалану коэффициентін пайдалануды ұсынамыз. Ол кәсіпорынның өндірістік мүмкіндіктерін пайдаланудың әртүрлі аспектілерін айқындайды, онымен бірге, негізгі қорлардың жаңару коэффициентінде қосамыз, оған себеп осы саланың кәсіпорындары үшін техникалық қайта жабдықталу мәселелері өте өзекті болып отыр [102].

«Бұйым бағасының қатысты көрсеткіші» және «өнім сапасының қатысты көрсеткіші» секілді мазмұндарды таңдау, атап айтқанда, осы көрсеткіштердің оңтайлы арақатынасы кешенді өнімінің бәсекеге қабілеттілігін басты факторы болып табылуына орай негізделген. Бағалық көрсеткіш кәсіпорын өнімінің орташа бағалары негізінде анықталады. Өнім сапасы сараптамалық жолмен ұпай (1 - 10 дейін ұпайлар) түрінде бағаланады.

Еңбек ресурстарын пайдаланудың нәтижелілігін бағалау үшін персоналдың рентабельділігі және персоналдың біліктілік деңгейі көрсеткіштерін пайдалануды ұсынамыз.

Біздің ойымызша, бұл көрсеткіштер еңбек ресурстарының тиімділігін анықтау үшін зор мағынаға ие. Персоналдың рентабельділігі жалпы кәсіпорын ұжымы жұмысының нәтижелігін сипаттайды. Ал персоналдың біліктілігінің коэффициентін таңдаудың себебі, қазіргі таңдағы тау - кен металлургиялық кәсіпорындары үшін кадрлардың біліктілігін арттыру мәселесінің өзектілігімен байланысты. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын мазмұндайтын барлық көрсеткіштердің арасына нағымды төлем қабілеттілігі коэффициентін және дербестік коэффициентін пайдаланған жөн. Төлем қабілеттілігінің коэффициенті - кәсіпорынның ағымды міндеттемелерін өзінің активтерімен жабу қабілеттілігін айқындайды, яғни, оның төлем қабілеттілігін сипаттайды. Дербестік коэффициенті - кәсіпорынның несие берушілерден қаншалықты тәуелсіз екендігін көрсетеді. Кәсіпорынның маркетинг қызметін бағалау үшін біз «сатылым динамикасы» және «имидж» көрсеткіштерін пайдалануды ұсынамыз. Сатылым динамикасы көрсеткіші өткен кезең аралығында сатылым өнім өткізу көлемінің қаншалықты артқанын немесе кемігенін көрсетеді. Кәсіпорынның имиджі сараптамалық жолмен бағаланады (1-10 дейін ұпайлар). «Нарық үлесі» көрсеткішін таңдау, оның кәсіпорынның бәсекелестік қабілеттілігін бағалауда шығар, нәтижелік өлшем ретінде маңызды орын алатынына негізделген.

Бағалауда неғұрлым толық нақтылыққа қол жеткізу үшін салыстырмалы көрсеткіштерді пайдалану қажет. Тәжірибеде салыстырмалы көрсеткіштерге ауыстыруда келесі формула пайдаланылады:

$$A_{ri} = \frac{A_i}{A_{\max}}; \quad (3)$$

A_{ri} – салыстырмалы көрсеткіш;

A_i - көрсеткіштің нақты мағынасы;

A_{\max} – кәсіпорында болуы мүмкін, көрсеткіштің базалық (жақсырақ) мағынасы.

Салыстырмалы көрсеткішті анықтау мақсатымен оның экономикалық мағынасының ең жоғары немесе ең төмен мағыналарын бекіту қажет. Осы көрсеткіштердің қатарына төменгі көрсеткіштерді қосуға болады [103]:

- бағаланатын кәсіпорынды өткен кезеңдермен салыстыру көрсеткіштері;
- кәсіпорын-көшбасшының немесе кез-келген бәсекелес кәсіпорынның көрсеткіштері;
- орташа салалық көрсеткіштер;
- сараптамалық жолмен бекітілген көрсеткіштер.

Осылайша, «бұйымдар бағасы», «өнімнің сапасы» және «имидж» секілді көрсеткіштерді салыстырмалы өлшемдерге ауыстыру қажеттілігі туындайды. Біз, базалық көрсеткіштер ретінде орта салалық мағынаны пайдаландық. Бұйымның бағасы үшін сала бойынша ең төмен мағыналы болғаны жақсы. Өнім сапасы және имидж үшін ең жоғары ұпайға ие болу жақсы. Есептер үшін шығыстық мәліметтер 16 - кестеде берілген.

Кесте 16 – Тау-кен металлургиялық кешені кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін бағалау үшін мәліметтер

Көрсеткіштер	«Казцинк» АҚ	«KAZ Minerals» (бұрынғы – «Қазақмыс» АҚ)	«ERG» (бұрынғы – ENRC PLC)
<i>1</i>	<i>2</i>	<i>3</i>	<i>4</i>
Кәсіпорынның өндірістік қызметінің көрсеткіштері			
Өндірістік қуаттылық, млн.теңге	14700	12560	25400
Өндіріс көлемі, млн. теңге	12450	11540	22870
<i>П1 коэффициенті</i>	0,85	0,92	0,90
Жаңа негізгі құралдардың құны, млн. теңге	1580	987	2785
Жыл аяғына негізгі құралдардың құны, млн. теңге	8350	9500	15504
<i>П2 коэффициенті</i>	0,19	0,10	0,18
<i>К1 коэффициенті</i>	0,52	0,51	0,54
Өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіштері			
<i>P1i</i> нақты мағынасы, теңге	140000	250000	150000
<i>P1min</i> базалық мағынасы, теңге	75000	195000	125000
<i>P1 коэффициенті</i>	0,54	0,78	0,83
<i>P2i</i> нақты мағынасы, ұпайлар	7	9	8
<i>P2max</i> нақты мағынасы, ұпайлар	10	10	10
<i>P2 коэффициенті</i>	0,70	0,90	0,80
<i>К2 коэффициенті</i>	0,62	0,84	0,82
Еңбек қызметінің көрсеткіштері			
Таза пайда, млн. теңге	1500,0	400,0	1700,0
Персонал саны, адам	15000	28500	35000
<i>T1 коэффициенті</i>	0,10	0,01	0,05
Білікті жұмысшылардың саны, адам	13500	27800	32780
<i>T2 коэффициенті</i>	0,90	0,98	0,94
<i>К3 коэффициенті</i>	0,50	0,49	0,49
Кәсіпорынның қаржылық жағдайының көрсеткіштері			
Айналым қаражаттары, млн. теңге	11700,0	21570,0	18650,0
Ағымды міндеттемелері, млн. теңге	1500,0	5420,0	8950,0
<i>Ф1 коэффициенті</i>	7,8	3,98	2,08
Өзіндік капитал, млн.теңге	8240	8950	14904
Кәсіпорын активтері, млн.теңге	6540	6980	12457
<i>Ф2 коэффициенті</i>	0,79	0,78	0,84
<i>К4 коэффициенті</i>	4,30	2,20	1,37
Маркетингтік қызметтің көрсеткіштері			
Есептік кезеңдегі өткізілген өнім көлемі, млн.теңге	12150	10540	20870
Өткен кезеңдегі өткізілген өнім көлемі, млн.теңге	13450	12700	24000
<i>M1 коэффициенті</i>	0,90	0,93	0,87
<i>M2i</i> нақты мағынасы, ұпайлар	9	8	7
<i>M2max</i> нақты мағынасы, ұпайлар	10	10	10
<i>M2 коэффициенті</i>	0,90	0,80	0,70
<i>К5 коэффициенті</i>	0,90	0,87	0,79
Нарықта алатын үлесі			
Нарық сыйымдылығы, млн. тг	13500,0	13175,0	21080,0
<i>К6 коэффициенті</i>	0,98	0,97	0,99
Ескерту – автор «Казцинк» АҚ, «KAZ Minerals» «ERG» компанияларының қаржылық есептері (2015 ж.) негізінде әзірленген.			

Осылайша, кәсіпорынның рейтингтік бағалануы жүргізілетін көрсеткіштер есептелінеді (17 - кесте).

Кесте 17 – ТМК кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін бағалау үшін соңғы мәліметтер

Кәсіпорын атаулары	Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін бағалау көрсеткіштері					
	k_1	k_2	k_3	k_4	k_5	k_6
«Казцинк» АҚ	0,52	0,62	0,50	4,30	0,90	0,98
«KAZ Minerals»	0,51	0,84	0,49	2,20	0,87	0,97
«ERG»	0,54	0,82	0,49	1,37	0,79	0,99
Ескерту – Автормен әзірленген						

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың рейтингтік әдісіне сәйкес келесі қадам стандартталған коэффициенттердің матрицасын қалыптастыру болып табылады. Ол үшін бірлік болып қабылданатын көрсеткіштің максималды мағынасы таңдалады. Басқа барлық көрсеткіштер осы мағынаға бөлінеді (18 - кесте).

Кесте 18 – Тау - кен металлургиялық кешені кәсіпорындарының стандартталған матрицалар коэффициенттері X_{ij}

Кәсіпорын атаулары	Коэффициенттері X_{ij}					
	k_1	k_2	k_3	k_4	k_5	k_6
«Казцинк» АҚ	0,96	0,74	1,00	1,00	1,00	0,99
«KAZ Minerals»	0,94	1,00	0,98	0,51	0,97	0,98
«ERG»	1,00	0,98	0,98	0,32	0,88	1,00
Ескерту – Автормен әзірленген						

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін рейтингтік бағалау (3) формула бойынша есептелінеді, алынған мәліметтер 20 - кестеде сипатталған. Алынған рейтингтік R_i бағамдары еселеу бойынша орналасады және әр кәсіпорынның орны анықталады. R_i бағамының ең жоғары мағынасына ие кәсіпорын бірінші орынға ие болады. Нәтиже бойынша келесі кәсіпорын екінші, үшінші орындарды иеленеді.

Кесте 19 – Тау - кен металлургиялық кешені кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігінің рейтингтік бағасы

Кәсіпорын атаулары	R_i	Рейтингтік баға
«Казцинк» АҚ	3,078838	1
«KAZ Minerals»	2,636533	2
«ERG»	2,419112	3
Ескерту – Автормен әзірленген.		

Осылайша, рейтингтік бағалаудың қорытындысына сәйкес «Казцинк» АҚ кәсіпорны ең жоғары бәсекеге қабілеттілікті иеленеді. Бұл кәсіпорын алты көрсеткіштердің ішінен үшеуі бойынша ең жоғары мәнге ие болды.

Кәсіпорын еңбек қызметінің, кәсіпорынның қаржылық жағдайының және маркетингтік қызметтің көрсеткіштері бойынша көшбасшы болып табылады. Ал кәсіпорынның өндірістік қызметінің көрсеткіштері, нарықта алатын үлесі және өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіштері бойынша жоғары мағыналарға ие.

«KAZ Minerals» кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің жоғары болуы және «ERG» компаниясының бәсекеге қабілеттілігі төмен болуы: кәсіпорынның қаржылық жағдайы және маркетингтік қызметтің көрсеткіштерінің төмен болуымен байланысты. Кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін бағалау нәтижелері әр кәсіпорын үшін оның деңгейін арттыру бойынша іс - шараларды анықтауға мүмкіндік береді.

Біз, «Казцинк» АҚ бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында келесі іс-шараларды ұсынамыз:

- кәсіпорынның өндірістік қызметін жетілдіру;
- нарықта алатын үлесін кеңейту;
- өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Бұл кәсіпорын бағалау бойынша жоғары рейтингтік көрсеткіштерге ие болғанымен, ұсынылған іс-шараларды жүзеге аспаса, онда компания иеленетін нарықтық ұстанымдарынан айырылып қалуы мүмкін.

«KAZ Minerals» кәсіпорының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін келесі іс-шараларды жүзеге асыру маңызды болып табылады деп санаймыз:

- өндірісті жаңғырту, қазіргі заманғы технологияларды енгізу;
- өндірістік қуаттылықты пайдалануды жақсарту;
- өнімнің сапасын арттыру;
- кадрлық әлеуетті жақсарту;
- маркетингтік қызметті дамыту.

«ERG» компаниясының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін келесі іс-шараларды жүзеге асыру қажет:

- кәсіпорынның қаржылық жағдайын жақсарту;
- маркетингтік қызметті дамыту.

Аталмыш кәсіпорынның өндірістік қызметінің көрсеткіштері жоғары, бұл оған өзінің бәсекеге қабілеттілігін жақсартуға септігін тигізеді анық.

2.3 Республиканың минералды - шикізат базасы жағдайына баға беру


Қазақстан Республикасы минералды шикізат кешенінің (МШК) әлеуметтік - экономикалық дамуының негізі және инвестиция үшін неғұрлым тартымды саласы. Жер қойнауын әртүрлі пайдалы қазбалар түрлерін пайдалануға капитал салудың жалпы көлемі соңғы жылдарда 200 млрд долл асып кетті [104].

Жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын зерттеуде мемлекеттің ілгерлі рөлінің күшеюін талап етеді. Төменгі 20 - кестеде еліміздің негізгі пайдалы қазбалары (кендері) және қор көлемі, кенде қамтылым бойынша әлемде алатын орны кескінделген.

Кесте 20 – Қазақстан Республикасының негізгі пайдалы қазбалары (кендері) және қор көлемі мен кенде қамтылым бойынша әлемде алатын орны

	Пайдалы қазбалар (кен) атауы									
	Темір	Хром	Уран	Мыс	Боксит кені	Алтын	Вольфрам	Мырыш	Қорғасын	Қалайы
Қор көлемі, млн. т	18600	382	1	39	365	0,2	2	39	17	0,6
Қор көлемі бойынша	6	2	2	12	12	15	1	5	5	10
Кенде қамтылым бойынша	7	1	-	63	-	2	25	40	41	23
Ескерту – Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің мәліметтері негізінде әзірленген										

Қазақстан Республикасында хром кенінің әлем бойынша қорының – 30 %, марганец кенінің – 25 %, темір кенінің -10% шоғырланған. Мыс, қорғасын және мырыш қоры бойынша әлемдік қордың тиісінше 10-13 % құрайды. Нарықта минералдық шикізат қорларының бір бөлігі бәсекеге қабілетсіз болып отыр [105]. Пайдалы қазбалардың түрлері бойынша инвестициялардың бөлінуін талдау нәтижесі 17 - суретте сипатталған.



Сурет 17 – Қазақстан Республикасының негізгі пайдалы қазбалары бойынша инвестициялардың бөлінуі, млн долл.

Ескерту - дереккөз:Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің мәліметтері негізінде әзірленді.


Инвестициялаудың басым бағыттары ретінде 2015 жылы мұнай-газ игеретін сала танылды. Бұл салаға шамамен 13,8 млрд долл немесе МШК салынған барлық капитал салымының 70 % құраған. Тау-кен секторына 6,2 млрд долл (30 %) тиесілі, оның ішінде:

- көмірге – 1160,1 млн долл;
- уранға – 1044,6 млн долл;
- полиметалдарға - 1022 млн долл;
- мысқа – 824,9 млн долл;

- алтынға – 804,7 млн долл;
- темір, марганец және т.б. - 785,8 млн долл.

Отандық тау - кен секторында геологиялық барлау жұмыстарына инвестициялар инвестициялаудың жалпы көлемінің 3 % ғана құрайтынын айтып кеткен жөн. Барланған пайдалы қазбалардың 80 % жер қойнауын пайдаланушылармен келісімшарт негізінде әзірленуде. 2015 жылдың 1 қаңтарына сәйкес жер қойнауын пайдаланушылардың мониторингінің жұмыс жасап жатқан объектілер саны 2529 құрады. Оның ішінде жалпыға таралған пайдалы қазбалар бойынша жер қойнауын игеру 1676 объектілерде жүзеге асады [106].


Жер қойнауын пайдалануға инвестициялардың жалпы сомасы 2004 - 2014 жылдары 200,2 млрд долл. жетті, олардың 18,1 млрд долл. геологиялық барлау жұмыстарына бағытталған. 2014 жылдың қорытындысы бойынша жылдық капитал салу көлемі 20,3 млрд долл. құрады. Онымен бірге, 1,5 млрд долл. немесе МШК инвестицияның жалпы көлемінен 8% геологиялық барлау жұмыстарына бағытталған (18 - сурет).



Сурет 18 – Қазақстан Республикасында геологиялық барлау жұмыстарына инвестициялар динамикасы, млн долл.

Ескерту – дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің мәліметтері негізінде әзірленген.

Болжамдарға сәйкес, 2015 жылдың қорытындысы бойынша МШК жер қойнауын пайдалануға капитал салудың көлемі 21,6 млрд долл. жетуі тиіс. Оның ішінде 1,6 млрд долл. геологиялық барлау жұмыстарына бағытталады. Жер қойнауын пайдаланушылардың инвестициялық қызметі Қазақстан Республикасының әлеуметтік - экономикалық көрсеткіштерінде оңды айқындалады. Олар әлеуметтік саланы және жергілікті инфрақұрылымды дамытуға соңғы 12 жылда - 2,3 млрд долл, мамандарды оқытуға - 905,5 млн долл, технологияларды сатып алуға - 308,1 млн долл. жұмсаған (21 - сурет).



Сурет 19 – Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдаланушылардың жұмсаған шығындары, млн долл.


Ескерту – дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің мәліметтері негізінде әзірленген.

МШК жұмысшылар саны - 2000 жылы 175 мың адамнан, 2015 жылы 181 мың адамға дейін артқан. Жалпы алғанда, 2000 - 2015 жылдары жер қойнауын игерушілер салықтар және төлемдер түрінде Қазақстанның бюджетіне 13844,7 млрд теңге қаражат төлеген [107].

Алтын кені және алтынды қамтитын кенорындары 16 аудандарда шоғырланған. Алтын кенін игеру 119 объектіде жүзеге асуда. Олардың ішінде:

- 39 объектісінде кен игеріледі;
- 30 барлау және 50 аралас барлау және игеру жұмыстары жүргізіледі.

Республикада 2000 - 2015 жылдары 400 т. алтын игерілген. Қор өсімі шамамен 600 т. құрады. Осы кезеңге инвестициялардың жалпы соммасының көлемі 4,3 млрд долл. жетті және 0,4 млрд долл. геологиялық барлау жұмыстарына бағытталған (20 - сурет).




Сурет 20 – Алтын кенін игеруге және геологиялық барлау жұмыстарына бағытталған инвестициялауда кәсіпорындардың үлестері

Ескерту - дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің мәліметтері негізінде әзірленген.

Мыс кенорындары және балансталған қорлардың негізгі көлемі Шығыс және Орталық Қазақстанда шоғырланған. Мыс кенорнын игеру 40 объектілерде жүзеге асуда. Олардың ішінде:

- 14 кен игеру объектілері;
- 8 геологиялық барлау объектілері;
- 18 аралас барлау және игеру объектілері.

Қазақстанда 2005 - 2015 жылдары аралығында 6 млн т. астам мыс игерілді. Қорлардың өсімі шамамен 4 млн т. құрады. Осы уақыт аралығында инвестицияның жалпы көлемі 3 есеге арттып, 4,7 млрд долл. жетті. Оның ішінде, 110,4 млн долл. геологиялық барлау жұмыстарына жұмсалған (21 - сурет).



Сурет 21 – Мыс кен орындарын игеретін кәсіпорындардың барлық капитал салымдары көлеміндегі үлесі, %

Ескерту - дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің мәліметтері негізінде әзірленген.

Полиметаллдар қойнауын игеру 33 объектілерде жүргізілуде. Оның ішінде: 19 игерілу жүргізілуде, 2 барлау және 12 аралас барлау және игеру. Еліміздесонғы 12 жылда 1,3 млн т. қорғасын және 7 млн т мырыш игерілген. Бұл металдар бойынша қорлар өсімі 0,7 млн т және тиісінше 1 млн т құрады. Полиметалл жер қойнауын игеруге бағытталған инвестицияның жалпы соммасы осы уақыт аралығында 6,6 млрд долл. жетті.

Олардың ішінде, тек қана 98,1 млн долл. геологиялық барлау жұмыстарына жұмсалған. 2014 жылдың қорытындысы бойынша капитал салу соммасы (2000 жылмен салыстыру бойынша) бес есеге артты және 1022 млн долл құрады, оның ішінде 19,1 млн долл. геологиялық барлау жұмыстарына бағытталған. Ірі инвесторлар қатарында келесі компанияларды байқауға болады: «Қазмырыш» ЖШС (71 %), «Қазақмыс корпорация» ЖШС (22 %), және «Нова-Цинк» ЖШС (5 %), «Шаймерден» ЖШС, «ORPEK Mineral Resources» ЖШС, «Multiplex Resources» ЖШС, «Шалқия Цинк ЛТД» ЖШС және «Жайрем КБК» АҚ (1 %).

Қазақстан Республикасы МШК - де алюминий өндірісінің негізін Шығыс - Торғай бокситтік ауданның қиын өңделетін бокситтер қорлары қалыптастырады. Павлодар алюминий зауытында әзірленген жаңа технологиялық жүйені енгізу нәтижесінде төмен сұрыпты бокситтерден глинозем алу үшін жағдайлар жасалған. Саланың шикізаттық базасын дамыту мәселесі, бірінші кезекте дәстүрлі емес глинозем шикізатымен байланыстырылады [108]. Бокситтердің қойнауын игеру 5 объектілерде іске асуда, олардың ішінде 3 игеру, 1 барлау ал қалған 1 аралас игеру және барлау жұмыстары жүзеге асуда. Осы уақыт аралығында шамамен 55 млн т. бокситтер игерілген, онымен бірге олардың қорларының өсімі тек қана 0,7 млн т. құрады.

Қазақстан Республикасы темір кендерінің ірі шикізат базасын иемдеген. Олардың 90 % Солтүстік Қазақстанның Торғай аймағында шоғырланған. Темір кенін игеру негізінен Соколов - Сарыбай, Қашар және скранды - магниттік кен орындарында, сонымен қатар Лисаковск кенорындарында жүзеге асады. Темір кенінің барлаған базасының жағдайы өндіріс көлемін едәуір арттыруға мүмкіндік жасайды, бірақ кенді өткізу мәселесі өзекті болып тұр [108].

Марганец кенінің өндірістік қорлары негізінен Орталық Қазақстанда шоғырланған. Қазіргі күні марганец кенінің саласында Қарағанды обылысында орналасқан бес тау - кен игеретін кәсіпорындар жұмыс жасауда. Темір және марганец қойнауларын игеру 42 объектілерде жүзеге асуда, олардың қатарында 16 объектіде игеру, 10 барлау және 16 аралас барлау және игеру жұмыстары жүргізілуде.

Қазақстан Республикасында 2005 - 2015 жылдар аралығында 449 млн т. темір және 30 млн т. марганец игерілді, сонымен бірге қорлардың өсімі 1702 млн т. және тиісінше 66 млн т. құрады. Осы уақыт аралығында салаға 5,1 млрд долл. инвестиция бағытталған, осы соманың 60 млн долл. геологиялық барлау жұмыстарына жұмсалған. 2015 жылы инвестиция көлемі 785,6 млн долл. жеткен.

Қазақстан Республикасы хромиттер қоры бойынша дүние жүзілік көшбасшы болып табылады. Кен игеру және байыту жұмыстарымен «Қазхром» ТҰК айналысады. Жер қойнауын игеру 9 объектіде жүзеге асуда, олардың әрқайсысы кен игеру кезеңінде орын тепкен. Соңғы 12 жыл аралығында 41 млн т. хромиттер игерілген, онымен бірге қор өсімі шамамен 1 млн т. құрады. Осы кезең аралығында инвестициялардың жалпы көлемі 2,2 млрд долл. жетті, сонымен қатар осы соманың 20 млн долл. геологиялық барлау жұмыстарына жұмсалған. Салаға капитал салу 2015 жылы 279 млн долл құрады. «Қазхром» ТҰК» АҚ (76 %) қатар салада ірі инвестор ретінде «Восход - Oriol» ЖШС (26 %) танылды.

Уран кенінің негізгі қорлары Оңтүстік Қазақстанның гидрогендік кенорындарында шоғырланған. Болжамды ресурстар баланстық қорлармен пара - пар және Оңтүстік Қазақстанның урандық аймақтарында жинақталған. 2015 жыл 1 қаңтарына сәйкес уран кенін өндіру 25 объектілерде жүзеге асып жатыр, олардың ішінде 12 кен игеру, ал 1 барлау және 12 аралас барлау және игеру жұмыстары орындалуда. Қазақстан Республикасында 2005 - 2015 жылдары 88 мың т уран игерілді. Онымен бірге, оның қорларының өсімі 111 мың т. құрады.

Инвестицияның жалпы көлемі осы кезеңге дейін 5,4 млрд долл. жетті, соның ішінде 300 млн долл. геологиялық барлау жұмыстарына бағытталған. Уранды игеретін және өндейтін кәсіпорындардың барлығы «Қазатомпром» ҰАК құрамына жинақталғанын айтып кеткен жөн.

Көмірдің негізгі қорлары Орталық және Солтүстік Қазақстанның ірі көмір бассейндерімен байланысты. Көмір игеру жұмыстары 39 объектіде жүзеге асуда, оның ішінде 31 игеру жұмыстары ал қалған 8 объектілерде аралас барлау және игеру жұмыстары орындалуда. Соңғы 12 жылда 9438 млн т көмір игерілген, қор өсімі 103 млн т құраған. Осы кезең аралығында инвестиция көлемі 6,7 млрд долл. жеткен, оның 30 млн долл. геологиялық барлау жұмыстарына бағытталған. Капитал салудың үлкен көлемі келесі ірі компанияларға тиесілі:

- «АрселорМиталл Теміртау» АҚ ҚД – 37 %;
- «Богатырь Көмір» ЖШС – 17 %;
- «Еуроазияттық энергетикалық корпорациясы» АҚ – 15 %;
- «Ангренсор» ЖШС – 4 %;
- «KAZ Minerals» Корпорациясы» - 4 %;
- «Шұбаркөл көмір» АҚ – 6%;
- «Қаражыра ЛТД» ЖШС – 3%;
- «Майкубен - Вест» - 3%;
- «Сарыарқа - ENERGY» ЖШС – 2%;
- «Гамма» ЖШС – 2%.

Жер қойнауын пайдалануда келісім - шарт жүйесін енгізу уақытынан бастап Қазақстан Республикасының қойнауын геологиялық зерттеуге бюджеттен қаржыландыру төмендеп кетті. Нәтижесінде, негізгі минералды шикізат түрлері бойынша қор өсімі негізінен геологиялық барлау жұмыстарына бағытталған жеке инвестициялардың есебінен алынды.

Қазіргі күннің өзінде пайдалы қазбалардың басым түрлерінің қатары бойынша ресурстық базаны толықтыру қажеттілігі байқалады, бұл өз кезегінде ТМК қорлармен қамтамасыз етудің мерзімін қысқартады. Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейін геологиялық саласын дамыту Концепциясы әзірленді. Ол МШК - нің маңызды мәселелерінің қатарын шешуге бағытталған.

МШК өзекті мәселелерінің қатарына жататындар:

- мемлекет тарапынан әлсіз қаржыландыру салдарынан жер қойнауын зерттеу жұмыстарының өте төмен деңгейі;
- әлеуетті кенорындарының тереңдігінің және алшақтығының ұлғаюы;
- түсті металлургияны қалыптастырушы кәсіпорындарының қорлармен қамтылуының күрт төмендеуі;
- геологиялық инфрақұрылымның дамуының төмен деңгейі, сертификатталған зертханалардың жоқтығы, қолданбалы ғылымның құлдырауы;
- мемлекеттік геологиялық қызметте персонал санының жетіспеушілігі және материалдық - техникалық қамтылудың төмендігі, жер қойнауын тиімді және кешенді пайдалануды бақылау деңгейінің төмендігі;

- кәсіби кадрлардың жетіспеушілігі;
- геология және жерқойнауын пайдалану саласындағы заңды және нормативтік - құқықтық базасының жетілмегендігі. Осы мәселелерді шешуде маңызды рөлді Қазақстан Республикасының Үкіметі құрған «Қазгеология» Ұлттық геологиялық барлау компаниясы» атқаруы қажет.

Компания қызметінің негізгі бағыттары:

- республиканың МШК қайта дамыту;
- геологиялық барлау жұмыстары саласында бірінғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қатысу;
- пайдалы қазбалардың кенорындарын іздестіруді және бағалауды кіріктіретін жер қойнауын геологиялық зерттеу жүргізу;
- геология саласында жаңа ғылыми сыйымды және тиімді технологияларды әзірлеу және енгізу;
- алынатын геологиялық мәліметтердің банкін сақтау, өндеу және жүйелеу;
- геологиялық сала ұйымдарының қоғамға берілген акциялар пакеттерін тиімді басқару.

Жүргізілген зерттеулер егер, отандық ТМК орын алған ағымды жағдайдың үрдісі өзгеріссіз қалса, ұзақ мерзім аралығында тау-кен металлургиялық саласының басты өнімдерінің өндіріс көлемі және де кәсіпорындардың табыстылығы төмендейтінін анықтап отырмыз.

Қазақстан Республикасында ТМК келешекте дамуы үшін маңызды болып табылатын кен игеруден еркін және игеруге әзірленген ірі кен орындары жоқ. Қорлары бекітілген кен игеруден еркін объектілер инвестициялық көзқарас бойынша тиімсіз немесе келешегі жоқ болып саналып отыр. Геологиялық барлауға көлемді инвестицияларды тарту есебінен даму жобаларын жүзеге асыру осындай қадамдардың бірі болып табылады.

Екінші бөлім бойынша тұжырым. Екінші бөлімде Қазақстан Республикасы ТМК қазіргі кездегі жағдайы және оның негізгі өндірістік кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігі мен даму үрдістері талданды. Республиканың ТМК дамуының және оның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің базасы ретіндегі отандық минералды - шикізат базасы жағдайына баға берілді. Жүргізілген зерттеулер нәтижелері, Қазақстан Республикасы ТМК бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуін сипаттайтын созылмалы құлдырау барысын анықталды. ТМК өндірістік кәсіпорындар саны кемуде. Кешеннің ІЖӨ үлесінің азаюы білінеді. Кешен өнімдерінің 80% шетелге экспортталады.

Кешеннің сыртқы саудасын талдау қорытындысы импортты алмастыру және экспорт көлемін арттыру саясатын жүргізу қажеттілігін анықтады. Импорттың экспорттан маңызды артуымен, экспортта шикізаттық өнімдердің, ал импортта дайын өнімдердің басымдылығымен мазмұндалады. Тау - кен өнімдеріне отандық ішкі сұраныстың тек қана 20 % қамтамасыз етілуде. ТМК дамыту бойынша қабылданған мемлекеттік бағдарламаларды енгізу арқылы жаңа өндірістік кәсіпорындар ашылуда. Тау - кен металлургиялық

кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру – дағдарыстық жағдайдан шығудың бірден - бір ғана жолы.

Қазақстан Республикасы ТМК дамуына кедергі келтіретін негізгі мәселелері болып табылады:

- өндірістік кәсіпорындардың моральды тозу деңгейінің жоғары болуы;
- металл өнімдеріне ішкі нарықта сұраныстың әлсіздігі;
- әлсіз өндірістік қуаттылық;
- жоғары сапалы өнімдерді экспорттау деңгейінің төмендігі;
- негізгі шикізат және металл өнімдерінің импорт деңгейінің жоғары болуы;
- темір жол және электр қуатын тасымалы тарифтерінің жоғары болуы;
- өндірісте жоғары еңбек сыйымдылығы;
- логистикалық инфрақұрылымның нашар дамуы;
- білікті кадрлардың жетіспеушілігі;
- салалық институттардың өндірістік базалардың жаңарту қажеттілігі.

Қазақстан Республикасы ТМК кәсіпорындарының даму жағдайын талдау және олардың одан әрі дамыту бағыттарын анықтау мақсатында, олардың бәсекелестік қабілеттілігінің талдауға негізделген сараптама әдісін қолдана отыра, SWOT - талдауы жүргізілді. Талдау барысында ТМК өндірістік кәсіпорындардың күшті және әлсіз жақтары, мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлері қарастырылды. Кәсіпорындарға әсер ететін ішкі және сыртқы факторлардың маңыздылығы анықталды. Факторлардың сараптамалық мағынасын олардың маңыздылығына көбейту жолымен ішкі және сыртқы факторлардың өлшемді бағасы табылды.

3 ОТАНДЫҚ ТМК ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМІ

3.1 Отандық тау - кен металлургиялық кешеннің даму үрдістерінің негізінде Республиканың экономикалық дамуын болжау

Талданатын кезең аралығында Қазақстан Республикасы экономикасы салаларының қарастырылатын көрсеткіштері және ІЖӨ - нің мағынасы бар. Қарастырылатын көрсеткіштер және ІЖӨ мағынасының статистикалық мағыналары ұсынылған (А қосымшасы).

Экономиканың қарастырылатын салаларын көрсеткіштері негізінде ұдайы ішкі өнімнің мағынасын неғұрлым толық ашатын үлгіні құрастыру керек. Көрсеткіштердің математикалық үлгісі (y – ҚР ІЖӨ) көптік сызықтық емес корреляциялық - регрессиялық тәуелділікпен (Кобб - Дуглас функциясы) ұсынылып отыр [109]. Оны келесі мағынада сипаттауға болады:

$$y = f(a_0, x_1^{a_1}, x_2^{a_2}, x_3^{a_3}, x_4^{a_4}, x_5^{a_5}, x_6^{a_6}, x_7^{a_7}, x_8^{a_8}, x_9^{a_9}, x_{10}^{a_{10}}, \Delta y), \quad (4)$$

бұнда: x_1 – ТМК өндіріс көлемі (x_1), млн теңге /жылына;

x_2 – ауыл шаруашылығы (x_2), млн теңге;

x_3 – құрылыс (x_3), млн теңге;

x_4 – жүк тасымалдау (x_4), млн теңге;

x_5 – электрқуаты (x_5), млн теңге;

x_6 – сумен қамтамасыз ету (x_6), млн теңге;

x_7 – химиялық өнеркәсіп (x_7), млн теңге;

x_8 – жеңіл өнеркәсіп (x_8), млн теңге;

x_9 – машинажасау (x_9), млн теңге;

x_{10} – өндеу өнеркәсібі (x_{10}), млн теңге;

Δy – үйлеспеушілік, млн теңге.

$a_0, a_1, a_2, \dots, a_{10}$ – функцияға тиісінше бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы және оныншы көрсеткіштердің әсер ету дәрежесі.

Математикалық үлгіде корреляциялық - регрессиялық тәуелділік үшін неғұрлым кем болғаны жақсы және ол үшін үйлеспеушілік пайдаланылады. Үйлеспеушілік әрқашанда экономикалық корреляциялық - регрессиялық үлгілерде кездеседі. Осымен тәуелді және тәуелсіз ауыспалылар арасындағы функционалдық тәуелділіктердің жоқтығы түсіндіріледі [110].

Зерттелетін экономикалық процестерді неғұрлым нақты сипаттайтын функцияларды таңдауда корреляция коэффициенті негізінде тәуелді және тәуелсіз ауыспалылар арасындағы байланыстың нысанын анықтайды. Регрессиялық тәуелділіктердің шынайылығының өлшемі ретінде R^2 қатысады. Ол корреляция коэффициентінің квадраты ретінде анықталады.

Корреляция коэффициентінің квадраты төменгі шамаларда жатуы мүмкін:

$$0 \leq R^2 \leq 1. \quad (5)$$

Оған Қазақстан экономикасының қарастырылатын салаларының көрсеткіштерінің мағынасы толтырылады. Нәтижесінде, келесі түрдегі теңдеуді аламыз:

$$y = a_0 * x_1^{a1} * x_2^{a2} * x_3^{a3} * x_4^{a4} * x_5^{a5} * x_6^{a6} * x_7^{a7} * x_8^{a8} * x_9^{a9} * x_{10}^{a10} \quad (7)$$

Сызықтық емес көптік регрессия теңдеуін (Кобб - Дуглас функциясы) анықтау үшін, олардың массасы арасындағы статистикалық тәуелділіктерді анықтауға мүмкіндік жасайтын, *ЛГРФПРИБЛ* функциясы пайдаланылады.

Сызықтық емес көптік регрессия теңдеуін анықтаудың алгоритмін жүзеге асыру оның коэффициенттері үшін кесте құрудан басталады. В34:L38 ұяшығын сызықпен қоршаймыз, кейін кесте құрамыз. В34:L34 ұяшығына ауыспалылар әсерінің дәрежесінің белгілерін және жалпы көбейтіндінің белгілерін кіргіземіз.

Көрсеткіштер массивын өңдеу үшін n*m көлемдегі кесте анықталады, бұнда n - бір еркін мүше қосылған үлгідегі ауыспалылардың саны, m - Excel электронды кестесінің кіргізу функциясы анықталатын жолақтардың саны, m=5. В35:L38 интервалын ақ крестпен анықтап, одан кейін В35 ұяшығына функция қою (иконка f*) көмегімен төменгі формуланы жазамыз:

$$=ЛГРФПРИБЛ(L5:L27;B5:K27;ИСТИНА;ИСТИНА) \quad (8)$$

Бұл функцияда L5:L27 интервалы, өзіндік құнының мәліметтерін білдіреді (яғни, бастапқы функция). B5:K27 интервалы бастапқы функция тәуелді болатын көрсеткіштер массиві орналасатын интервал. *ИСТИНА* константасы a_0 мағынасының қажеттілігін білдіреді, егер *ИСТИНА* константасы орынына *ЛОЖЬ* енгізілсе, онда a_0 1 (бірлік) тең болар еді. *ИСТИНА* статистикасы, статистикалық ақпараттарды енгізу қажеттілігін білдіреді, егер оған қажеттілік болмаса, онда *ЛОЖЬ* қолдануға болады.

Формула анықталған соң Ctrl+Shift+Enter перне тақталарының комбинациясын бір уақытта басу арқылы кескінделген интервалды алғашқы мәліметтермен автоматты толтырамыз. Ctrl+Shift+Enter пернелерінің комбинациясы Excel - де мәліметтер массивын өңдеуді жүзеге асыруға мүмкіндік жасай алады. Сызықтық емес көптік регрессияның (Кобб-Дуглас функциясы) теңдеуі келесі түрді иеленеді:

$$y = 198474,83 * (x_1^{0,99}) * (x_2^{1,00}) * (x_3^{1,00}) * (x_4^{0,99}) * (x_5^{0,99}) * (x_6^{1,00}) * (x_7^{1,00}) * (x_8^{1,00}) * (x_9^{0,99}) * (x_{10}^{1,00}) \quad (9)$$

Корреляция коэффициентінің квадраты В37 ұяшығында берілген, ол $R^2 = 0,87$ тең, регрессия теңдеуіне кіретін көрсеткіштердің жоғары статистикалық тәуелділігін иеленгендігін мазмұндайды. Қазақстан Республикасы экономикасының қарастырылатын көрсеткіштерінің сызықтық емес көптік регрессиялық - корреляциялық тәуелділіктері көрсеткіштерінің және ел ІЖӨ - нің мағынасының осы теңдеуі бастапқы функцияны неғұрлым нақты сипаттайды. Қысқа мерзім аралығында болжамдық мағыналарды құру және талдау үшін тәжірибелік қызметте қолдануға болады.

Сызықтық көптік регрессия теңдеуін анықтау үшін көрсеткіштер массивінің статистикалық тәуелдігін анықтауға мүмкіндік беретін, *ЛИНЕЙН* функциясы пайдаланады. Оның алгоритмін жүзеге асыру регрессия теңдеуінің коэффициенттері үшін кесте құрудан басталады. В34:L39 ұяшығын сызықпен қоршаймыз, кейін кесте пайда болады. В34:L35 ұяшығына ауыспалылардың және еркін мүшенің мағыналарын кіргіземіз. Көрсеткіштер массивін өңдеу үшін $n*m$ көлемдегі кесте анықталады. Бұнда n - бір еркін мүше қосылған үлгідегі ауыспалылардың саны, m - Excel электронды кестесінің кіргізу функциясымен анықталатын жолақтардың саны, $m=5$. В35:L39 интервалын ақ крестпен анықтап, одан кейін В36 ұяшығына функция қою (иконка f_x) көмегімен төменгі формуланы жазамыз:

$$\{=ЛИНЕЙН(L6:L28;B6:K28;ИСТИНА;ИСТИНА)\}. \quad (12)$$

Формула анықталғаннан кейін, перне тақталарының комбинациясын Ctrl+Shift+Enter бір уақытта басу арқылы кескінделген интервалды алғашқы мәліметтермен автоматты толтырамыз. Перне тақталарының Ctrl+Shift+Enter комбинациясы Excel - де мәліметтер массивын өңдеуді жүзеге асыруға мүмкіндік жасай алады. Көптік сызықтық регрессияны басқару келесі күйге ие:

$$y = -2662292,4 + 0,72 * x_1 + 0,34 * x_2 - 1,18 * x_3 + 1346,74 * x_4 + 24,39 * x_5 - 42,63 * x_6 - 58,05 * x_7 - 48,05 * x_8 + 16,56 * x_9 + 3,04 * x_{10}. \quad (13)$$

Корреляция коэффициентінің квадраты В38 ұяшығында орналасқан және $R^2 = 0,99$ тең, регрессияның теңдеуіне кіретін көрсеткіштердің өте жоғары статистикалық тәуелділігіне ие екендігін мазмұндайды.

Кесте 21 – Көптік сызықтық регрессиялық-корреляциялық тәуелділік негізінде Қазақстан Республикасының ІЖӨ - нің болжамының нақтылығын бағалау

Жылдар	ІЖӨ нақты мәліметтері	ІЖӨ болжамдық мәліметтері	Ауытқулар	
			Абс.	Салыст., %
1	2	3	4	5
1990	0	855669,5475	-855669,5475	-
1991	85863,1	721738,3948	-635875,2948	-740,56
1992	1217689,2	469464,2399	748224,9601	61,45
1993	29423,1	-397561,071	426984,171	1451,19
1994	423468,8	409152,0984	14316,70158	3,38
1995	1014190,0	1773400,349	-759210,3493	-74,86
1996	1415749,7	1679321,319	-263571,6189	-18,62
1997	1672142,5	1767125,383	-94982,8833	-5,68
1998	1733263,5	1816920,646	-83657,14645	-4,83
1999	2016456,3	1649908,576	366547,7245	18,18
2000	2599901,6	2257577,167	342324,4327	13,17
2001	3250593,3	2664525,069	586068,2308	18,03
2002	3776277,3	3514193,94	262083,3602	6,94
2003	4611975,3	5097448,637	-485473,3373	-10,53
2004	5870134,3	6407499,218	-537364,9185	-9,15

21| – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
2005	7590593,5	7398835,168	191758,3317	2,53
2006	10213731,2	9966351,043	247380,1572	2,42
2007	12849794	13230224,66	-380430,6563	-2,96
2008	16052919,2	16395729,74	-342810,536	-2,14
2009	17007647,0	16760450,56	247196,4437	1,45
2010	21815517,0	21775924,4	39592,60096	0,18
2011	27571889,0	27877189,6	-305300,5926	-1,11
2012	30346958,2	30398279,2	-51321,00937	-0,17
2013	35275153,3	34807632,07	467521,2284	1,33
2014	55158452,3	55 162 565,41	-4 113,11	-0,007
2015	59455875,4	59 469 409,84	-13 534,44	-0,023
2016	63984223,1	64 007 627,84	-23 404,74	-0,037

Ескерту – дереккөз [111]

Қазақстан экономикасының қарастырылатын салаларының көптік сызықтық регрессиялық-корреляциялық тәуелділіктерді басқару бастапқы функцияны (мағынасы $R^2 = 0,99$) неғұрлым толық сипаттай алады, оны қысқа мерзімді кезеңде ақтық функцияның болжамды құру үшін тәжірибелік қызметте пайдалануға болады. Алынған нәтижелерді талдау бастапқы кезеңде Қазақстан Республикасының ІЖӨ маңызды ауытқу үрдістерін байқауға болады. Бірақ, 2012 жылы ауытқулар маңызды төмендейді. Болжамды функцияның негізінде Республиканың ІЖӨ болжаудың әдістемесін әзірлеу, ел экономикасының талданатын салаларында қызметтің көрсеткіштерін анықтауды талап етеді. MS Excel бағдарламалар пакетін пайдалану арқылы диаграмма құру барысында, сонымен қатар, 1991 – 2016 жылдар аралығы бойынша салалардың мәліметтері негізінде трендті қалыптастыруда. Трендтің құрылуы функцияны анықтаумен және оған тиісті детерминация (R^2) коэффициентін қатар жүреді. Стандартты функциялар ретінде пайдаланылды: сызықтық, логарифмитикалық, полиномиалды, дәрежелі және экспоненциалды функциялар.

Дәрежелі және экспоненциалды функциялар еркін коэффициенттің аз ғана мағынасына ие, осыған байланысты оларды тәжірибе тұрғысынан пайдалану өте қиынға соғады. Кестеде детерминацияның неғұрлым қолданбалы мағыналарымен қарастырылатын салалар үшін трендтердің функциялары ұсынылған (22 - кесте).

Кесте 22 – Қарастырылатын салалардың трендтер функциясы

Өнеркәсіп салалары	Функция	Функция түрі ($y=f(t)$)	Детерминация коэффициенті (R^2)
1	2	3	4
Тау-кен металлургиялық кешені	сызықтық	$y = 455699,28 * t + 909206171,9$	0,7977
	логарифм.	$y = 911399865,9 * \ln(t) + 6925263396,9$	0,7965
	полином.	$y = 35335,8 * t^2 - 140993544,8 * t + 140644431669,3$	0,9806

22 - кестенің жалғасы

1	2	3	4
Агроөнер-кәсіп кешені	сызықтық	$y=96758,67*t-192906397,87$	0,8700
	логарифм.	$y=193560528,0*\ln(t)-1470622574,06$	0,8700
	полином.	$y=5253,01*t^2-20931065,54*t+20850436976,9$	0,9653
Құрылыс кешені	сызықтық	$y=115215,65*t-229827838,5$	0,8600
	логарифм.	$y=230474434,98*\ln(t)-1751208827,36$	0,8500
	полином.	$y=6683,26*t^2-26637867,11*t+26542999497,59$	0,9700
Жүк тасымалдау	сызықтық	$y=49,083*t-96297$	0,2600
	логарифм.	$y=97999*\ln(t)-743014$	0,2500
	полином.	$y=12,56*t^2-50215,22*t+50205097,62$	0,8942
ЖЭК	сызықтық	$y=42367,58*t-84489588,54$	0,8000
	логарифм.	$y=84764578,61*\ln(t)-644041250,47$	0,8000
	полином.	$y=3121,29*t^2-12455294,95*t+12425533262,21$	0,9500
Сумен қамтамасыз ету	сызықтық	$y=7345,97*t-14653694,94$	0,8200
	логарифм.	$y=14697299,22*\ln(t)-111674406,35$	0,8100
	полином.	$y=526,45*t^2-2100567,12*t+2095344147,04$	0,9600
Хим. өнеркәсіп	сызықтық	$y=7404,02*t-14767517,04$	0,8200
	логарифм.	$y=14813904,99*\ln(t)-112558442,81$	0,8200
	полином.	$y=503,92*t^2-2010286,82*t+2004918843,11$	0,9600
Жеңіл өнеркәсіп	сызықтық	$y=2246,95*t-4473274,86$	0,8300
	логарифм.	$y=4498222,86*\ln(t)-34169906,27$	0,8300
	полином.	$y=7,59*t^2-28152,44*t+25956179,82$	0,8300
Машина жасау	сызықтық	$y=7409,12*t-14784269,4$	0,8200
	логарифм.	$y=14824253*\ln(x)-112643641,62$	0,8200
	полином.	$y=496,07*t^2-1978851,23*t+1973440521,76$	0,9500
Өңдеу өнеркәсібі	сызықтық	$y=250233,77*t-499171114,55$	0,8700
	логарифм.	$y=500695706,75*\ln(t)-3804440037$	0,8700
	полином.	$y=15315,01*t^2-61071068,34*t+60882778437,39$	0,9900
Ескерту – Автормен әзірленген			

Детерминацияның неғұрлым жоғары коэффициентімен функциялар негізінде тиісті салалардың көрсеткіштері 2017 және 2018 жылдарға болжанады. Болжамды кезеңге есептік мәліметтер кесте (23 - кесте) түрінде ұсынылған.

Кесте 23 – Қазақстан Республикасы ІЖӨ және қарастырылатын өнеркәсіп салалары үшін 2017 - 2018 жылдарға болжамдық мәліметтер, млн.теңге

Өнеркәсіп салалары	Функциялар түрі	Жылдар бойынша болжамдық мағыналар	
		2017	2018
Тау-кен металлургиялық кешені	полином (2)	16 698 253,90	18 284 662,10
Агроөнеркәсіп кешені	полином (2)	3 240 582,61	3 505 412,42
Құрылыс кешені	полином (2)	3 854 678,86	4 183 765,85
Жүк тасымалы	полином (3)	18 708,72	19 173,10
ЖЭҚ	полином (2)	1 513 120,87	1 652 231,07
Сумен қамтамасыз ету	полином (2)	251 010,05	274 668,68
Химия өнеркәсібі	полином (2)	262 520,05	285 550,43
Жеңіл өнеркәсіп	сызықтық	58 823,29	61 070,24
Машинажасау	полином (2)	253 715,08	276 506,30
Өңдеу өнеркәсібі	полином (2)	8 320 313,50	9 045 310,51
ІЖӨ	Көптік сызықтық регрессия	68 777 219,43	73 778 184,60
Ескерту – дереккөз: автормен әзірленген			


Қазақстан Республикасының экономикасының талданатын салаларының дамуын сипаттайтын функция ретінде негізінен полиномиалдық тәуелділіктер пайдаланылды. Оған себеп, 1990 жылдары ел экономикасында құлдырау орын алды немесе өндіріс көлемдерінің өсуі тұрақтанып қалды. 1990 жылдардың ортасында ел экономикасы 2016 жылға дейін жалғасын тапқан, өсім үрдіс алады.

Детерминацияның ең жоғары көрсеткіші (R^2) бойынша анықталған трендтер негізінде 2017 - 2018 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының ІЖӨ өндіріс көлемдерін анықтау үшін көрсеткіштердің есебі жүргізілді.

Еліміздің экономикасының қарастырылатын салаларының және ІЖӨ өндірістік көлемдерін болжау, ІЖӨ - нің және ТМК тұрақты өсімі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Республиканың экономикасының өңдеу салаларының үлесінің артуымен ТМК өсу қарқыны 24 – 25% төмендейді.

3.2 Республика тау - кен металлургиялық кешенінің даму стратегиясының үлгісі

Әртүрлі ғалымдардың әдіс-тәсілдерін талдау барысында алынған нәтижелер ұзақ мерзімді келешекте «Казцинк» АҚ, «KAZ Minerals», «ERG» компанияларының тұрақты дамуын және жалпы тұтас ТМК тиімділігін артуын қамтамасыз ететін даму стратегиясының үлгісін әзірлеуге негіз болды (24 - сурет).



Сурет 24 – Бәсекелестік ортада отандық тау-кен металлургиялық кешенінің даму стратегиясын әзірлеудің үлгісі

Ескерту-дереккөз: автормен әзірленген.

Тау - кен металлургиялық кешеннің даму стратегиясы келесі құрылымды қамтиды:

1. ТМК табысты дамуының кепілі ретінде ресурстық әлеуетті талдау.
2. Кешен кәсіпорынының сыртқы және ішкі ортасының стратегиялық талдауы; серіктестерді бөліп қарастыру және негізгі қарсыластарды анықтау.

3. Табысты дамуының кепілі ретінде ресурстық әлеуетті талдау.
4. Кешеннің сыртқы және ішкі ортасының стратегиялық талдауы; серіктестерді бөліп қарастыру және негізгі қарсыластарды анықтау.
5. Бәсекелестік қабілеттілікті арттыруға алып келетін фактор ретінде даму стратегиясын әзірлеу есебімен кәсіпорынның басты мақсаттарын қалыптастыру.
6. Кешен кәсіпорнының басты мақсаттарын аймақтардың тұрақты даму жоспарымен, стейкхолдерлердің мүдделерімен және оның өмірлік кезеңінің сатысына байланысты сәйкестендіру
7. Бәсекелестік орта жағдайында кешен кәсіпорынының даму стратегиясын таңдау.
8. Тәуекелдерді бағалау және басқару; Бәсекелестік басымдылықтарды басқару жүйесін әзірлеу.
9. Отандық тау-кен кешені кәсіпорнының даму стратегиясын жүзеге асыру; ТМК кәсіпорынының бәсекелік қабілеттілігіне әсер ететін негізгі құралдар; Даму стратегиясын жүзеге асыру әдістері.
10. Кешенің даму стратегиясының тиімділігін бағалау.

Кешенің даму стратегиясын жоғары деңгейіне әзірлей білу және оларды жүзеге асыру, бәсекелестік ортаның өзгерістеріне бейімделумен байланысты мәселелер еліміз үшін өте өзекті. Қазіргі заманғы шаруашылық жүргізу барысы күрделілікпен, қызметтердің жекеленген түрлерінің өзара шарттастығымен және кәсіпорынның қарқынды даму кезеңдерімен мазмұндалады.

Елімізде ТМК стратегиялық басқару элементтерінің дамуы және басқарудың «стратегиялық стилінің» қалыптасуы, орталықтандырылған экономикадан нарықтық экономикаға өтумен тікелей байланысты. Оперативтік емес сонымен қатар, ұзақ мерзімді және өте маңызды басқару шешімдерін қабылдауда толықтай дерлік дербестік қазірдің өзінде көптеген отандық тау-кен металлургиялық кешен кәсіпорындарының басшыларын тығырыққа тіреуде. «Казцинк» АҚ, «KAZ Minerals», «ERG» тау-кен компанияларында әр деңгейлердегі басшылардың негізделген және терең ойластырылған шешімдерді қабылдауға дәрменсіздігі, осы кәсіпорындардың бәсекелестік сыртқы ортаның өзгерістеріне бейімделе алмауының басты себептерінің бірі болып табылады.


Отандық ТМК стратегиялық басқарудың біртұтас жүйелері орын алмаған. Экономикалық күрделі өтпелі кезеңде, кез - келген өндірістік кәсіпорын ертелі-кеш болсын қызметтің барлық саласы бойынша терең тұрақсыздықпен және дағдарыс қауіп - қатерлерінің төнуімен мазмұндалатын жағдай орын алуы ықтимал екені анық [112].

Тау - кен өнімдері нарықтарында бәсекелестіктің күрделенуімен және металлургиялық кәсіпорындарының әлемдік шаруашылыққа бірігуімен байланысты, басқару тәжірибесінде стратегиялық міндеттерді шешудің қажеттілігі туындайды. Бұл өз кезегінде «Казцинк» АҚ, «KAZ Minerals», «ERG» секілді өндірістік кәсіпорындардың даму стратегияларын қалыптастырудағы әдіснамалық тәсілдерді зерттеу қажеттілігін туындатады. Кешен өзінің дамуы процесінде басқа шаруашылық субъектілерімен тұрақты

өзара әрекеттестікте болады. Ол өздерінің қоршаған ортасымен, бәсекелестерімен, тұтынушыларымен, жабдықтаушыларымен өзара тығыз қарым-қатынас орнатады.

Кешеннің өзара тығыз қарым - қатынасының әр нысанының элементтері өзін қоршаған ортаның элементтерімен бірігіп, теориялық зерттеуді талап ететін стратегиялық мәселені туындатады [113]. Мәселелерді шешу мақсатымен ТМК кәсіпорындарында стратегиялық мәселелерге басқарушылық әсер етудің әртүрлі әдістерінің қатарынан, мақсаты даму стратегиясын қалыптастыру болып табылатын стратегиялық менеджменттің өзара байланысқан жүйесін анықтауға болады.

Отандық кешенінің дамуын жоспарлауда даму стратегиясын қалыптастыру процесі басты мәселе болып табылады. Даму стратегиясын қалыптастыру процесіндегі жекеленген іс - шаралар қайта қаралады, әзірленеді және жаңалары енгізіледі. Бәсекелестік жағдайда ТМК даму стратегиясын қалыптастыру процесінің қисынды сызбасы 25 - суретте бейнеленген.



Сурет 25 – Тау - кен металлургиялық кешенінің даму стратегиясын қалыптастыру процесінің қисынды сызбасы

Ескерту-дереккөз: [113]


Зерттеу нәтижелерін пысықтау негізінде әзірленген отандық тау-кен кешені кәсіпорындарының («Казцинк» АҚ, «KAZ Minerals», «ERG») бәсекелестік ортада даму стратегиясының маңызды ерекшеліктері келесідей:

- кешенінің ағымды нарықтық жағдайына және ресурстық әлеуетіне, онымен бірге инновациялық мүмкіншіліктеріне талдау жүргізу;
- ТМК дамуының басты стратегиялық мақсаттарын анықтау;
- кешенінің дамуының басты мақсаттарын, орналасқан аймақтардың тұрақты даму жоспарына, акционерлермен және негізгі тұтынушылардың мүдделеріне сәйкестігін салыстыру;

- металлургиялық кешенінің бәсекелестік ортада дамуының стратегиясын таңдау;
- ТМК даму стратегиясының нұсқаларына түзету енгізу;
- бәсекелестік басымдылықтарды қамтамасыз ете алатын инновациялық жобаларды таңдау және олардың инвестициялық қамтамасыз етілуі;
- кәсіпорынның дамуына жәрдем беретін және оның бәсекелестік қабілеттілігіне әсер ететін негізгі құралдарды пайдалану жолымен даму стратегиясын жүзеге асыру;
- кешеннің даму стратегиясының тиімділігін бағалау және бақылау.

Біз ұсынатын даму стратегиясы «Казцинк» АҚ, «KAZ Minerals», «ERG» секілді отандық тау-кен кешен кәсіпорындарының және тұтас кешеннің ұзақ мерзімді дамуының экономикалық келешегін қарастырады. Ресурстық есепті жүзеге асыру, ұйымның өндірістік мүмкіншіліктерінің тепе - теңдігін анықтау, ТМК басты міндеті болып табылады. Кешенінің ресурстық әлеуетін талдау процесі оның қаржылық-экономикалық жағдайы туралы ақпараттарды жинақтаудан басталады. ТМК негізгі мақсаттары, қаржылық - шаруашылық қызметтің бастапқы жәнесонғы мазмұндары анықталады [114]. Біз, ТМК ресурстық әлеуетін пайдаланудың нақты деңгейін есептеу қажет санаймыз, яғни:


- әр құрылымдар үшін көрсеткіштерді таңдау, олардың ағымды жағдайын неғұрлым толық сипаттау, ТМК позициясының нақты шағын үлгісін құру;
- құрылымдардың әрқайсысы үшін олардың мағынасын бекіте отыра, бақылау көрсеткіштерінің жүйесін анықтау;
- топтарды салыстыру үшін қабылданған, кешеннің бәсекеге қабілетті әлеуетін жеке экономикалық деңгейін өлшеу. Отандық ТМК ресурстық әлеуетін пайдалану деңгейі, қорлар және шығындар анықталады. Қажетті жағдайда кешенінің бәсекеге қабілеттілікті арттыру стратегиясы әзірленеді. Біздің ойымызша, ресурстық әлеует және оны тиімді кешенді пайдалану – кәсіпорынның табысты дамуының кепілі болып табылады.



Сурет 26 – Тау - кен металлургиялық кешенінің ресурстық әлеуетін талдау сызбасы

Ескерту - дереккөз: автормен әзірленген.


Бәсекелестік ортада ТМК даму стратегиясын әзірлеу барысында ресурстық әлеует – бұл алға қойған мақсаттарға жету үшін кешеннің ресурстарының және мүмкіндіктерінің барлық түрлері екендігі анықталды. Ресурстық әлеует категориясы ТМК келешекте даму мүмкіндіктерін бағалау үшін қажет. Ресурстар көздерінің кеңеюінің және қайта өндіруінің бағыттарын бейнелейді. Ресурстық әлеуетті талдау кешенінің бәсекеге қабілеттілігін сандық және сапалық бағалауға мүмкіндік жасайды. Отандық ТМК сыртқы ортасын талдау оны стратегиялық басқарудың маңызды элементі болып табылады. Төменгі суретте тау - кен металлургиялық кешенінің сыртқы ортасын талдаудың барлық әдіснамасы ұсынылған.



Сурте 27 – Тау-кен металлургиялық кешенінің даму стратегиясын әзірлеу барысында сыртқы ортаны талдау құралдары

Ескерту - дереккөз: автормен әзірленген.

Сыртқы ортаны талдау кешенінің ресурстық әлеуетін талдаумен қатар түрде жүзеге асуы шарт. Талдау нәтижесі бойынша сыртқы және ішкі ортаның мониторингінің үлгісін әзірлеу үшін сыртқы орта факторларының ішкі орта факторларынан тәуелділігін іздеу қажет. ТМК стейкхолдерлік мүдделерінің өзара әрекеттесу желісін төменгі 28 - сурет түрінде ұсынуға болады.



Сурет 28 – Тау - кен металлургиялық кешенінің даму стратегиясын әзірлеу барысында стейкхолдерлер мүдделерінің өзара әрекеттесуінің желісі

Ескерту - дереккөз: автормен әзірленген.

Біз, отандық ТМК сыртқы ортасын талдауда жалпы тәсілдер, келесідей сипатта болуы керек деп санаймыз:

- сыртқы ортаның факторлық талдауы және кәсіпорынға әсер етуі көзқарасымен неғұрлым маңызды факторларды анықтау;
- факторларды терең талдау. Оның ағымды жағдайға әсерін және келешектегі жағдайын болжау;

- әсер ету факторлары және кәсіпорынның ішкі ортасының мазмұны арасындағы байланысты бағалау;

- әсер ету факторларының күйіне тәуелді кәсіпорынның келешегін болжау, ағымды мақсаттарды және стратегияларды түзету бойынша ұсыныстарды әзірлеу.

Сыртқы ортаны талдау құралдарының сыныптамасын жалпылай келе, біз келесі аспектілерге тоқталамыз:

- зерттеу мақсаттары;
- қолда бар ресурстарды талдау;

Біз, отандық ТМК даму стратегиясы үлгісінде алғаш рет, өндірушілер және тұтынушылардың мүдделерінің аймақтардың тұрақты даму мақсаттарымен үйлесімділігін қарастырдық. Елдің орнықты дамуы дегеніміз қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін және келер ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктеріне қауіп - қатер төндірмейтін даму болып табылады. Отандық ТМК ұзақ мерзімді жұмыс жасауының даму стратегиясын әзірлеу барысында экологиялықпен қатар, экономикалық, әлеуметтік, техногендік және тұрақтылықтың басқада түрлерін біріктіретін аймақтың орнықты даму тұжырымдамасының негізгі ережелерін ескеру қажет [115].

Суретте бірқатар стейкхолдердің мүдделері тікелей қарама - қайшылықта тұрғандығын байқаймыз:

- тұтынушылар жоғары сапалы өнімдерді және сатылымнан кейін қызмет көрсетуді талап етеді. Ал акционерлер үшін бұл табыстың кемуін білдіреді;

- әлеуметтік топ экологиялық мәселелерге назар аударып қоршаған ортаны қорғауды меңзейді. Өндірістік кәсіпорындар қоршаған ортаны бұза отырып өз қызметін жүзеге асырады;

- басшылар басқару шешімдерін қабылдау барысында тәуекелдерді мейлінше болдырмауға тырысады. Акционерлер керісінше, мол табыс табу мақсатында жоғары тәуекелдерге көңіл аударады және т.б.

Қазіргі уақытта, көптеген корпорациялардың ұстанымдарын біріктіретін Жапонияда, Ұлыбританияда, Оңтүстік Африка Республикасында және АҚШ-та жүргізілген зерттеулер корпоративтік жоспарлауда және басқаруда мақсаттарды бекітуде стейкхолдерлердің (ұйымның қызметіне оның өнімдеріне және процесстеріне әсер ететін немесе әсерлер алатын барлық топтардың) қатысуының маңыздылығын мойындайды.

Әлемдік академиялық әдебиеттерде стейкхолдерлік тәсілдің (stakeholder approach) қалыптасып келе жатқандығын меңзейді. Ол институционалды теория, стратегиялық менеджмент, корпоративтік басқару, корпоративтік қаржылар теориясын және т.б. салаларды қамтиды. Бұл қоғам тарапынан тау-кен металлургиялық кешен секілді ірі бизнестің экономикалық, әлеуметтік және саяси саладағы рөлінің артып келе жатқандығымен түсіндіріледі [115].

Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу ТМК кәсіпорнының тұрақты дамуының және тіршілік қабілеттілігінің қажетті элементі болып табылады. Оны корпоративтік стратегиялық жоспарлау процесіне қосу қажет. Біздің ойымызша, «стратегиялық стейкхолдерлер мүдделерінің теңдігі, бұдан кейін

компанияның акционерлерінің мүдделерінің сөзсіз басымдылықтарын қарастырмайды», яғни акционерлік капиталдың құнының артуы стратегиялық шешімді қабылдаудың жалғыз ғана алғы шарты емес.

ТМК өзінің даму стратегиясын әзірлеу барысында қолда бар және әлеуетті стратегиялық ұстанымдарды есепке ала отыра, стейкхолдерлердің мүдделерін құрылымдауды қамтамасыз етуі қажет. Осы ұстаным бойынша кешенінің стратегиялық ұстанымдарға әсері бар әлеуетті ресурстарды синергетикалық тұрғыдан арттыратын, корпоративтік стратегияның жүзеге асуына және стратегиялық баламаларды таңдауға әсер ететін қаржылық және қаржылық емес топтардың өзара әрекеттесуі желісі ретінде қарастырады. Өндірістік кәсіпорынның қызметіне қатысушылардың әрқайсысы табыс табуға мүдделі. Стейкхолдерлердің күтімдерінің үрдістері өсу қарқының мензейді. Осыған байланысты, кешеннің даму стратегиясын әзірлеу және барлық қызығушылық білдіретін топтардың мүдделерін ескеру барысында, оның қызметіне кері әсерін төмендететін жақтардың оңтайлы тепе-теңдігі құрылған корпорацияның шыдамдылық аймағын құру қажет.

Бәсекелестік ортада қызмет ететін өндірістік кәсіпорын үнемі сыртқы ортаның талаптарына сәйкес қалыптасуы қажет және өзінің даму стратегиясын таңдауы керек. Кешеннің өз даму стратегиясын таңдауы – оның дамуын жоспарлауда ең басты мәселе болып табылады. Егер отандық ТМК кәсіпорыны белгілі бір миссия шеңберінде белсенділік активтерін арттыруға немесе өзінің мақсаттылығын қайта қарауға бағытталса, онда оған алға қойған мақсаттарына тиімді жету үшін келесі стратегияларға көңіл аударуы қажет деп санаймыз:

- корпоративтік деңгейде – қоржындық стратегия және өсу стратегиясы. Сұраныстың өсу үрдісін және нарық үлесін сонымен қатар, тауарды дифференциялаудың тиімділігі мен өнім өткізудің және өндіріс көлемімен шығындардың арақатынасының тиімділігін бағалау қажет;

- басқарудың қызметтік деңгейінде – сегменттеу және жайғастыру стратегиялары. Кәсіпорынға шаруашылық жүргізудің стратегиялық аймақтарын жүзеге асыру, қолда бар ұстанымдарды бекіту мақсатымен өнімдік және тұтынушылық мойындауларға иелену сонымен қатар, бәсекелестерді орналасқан ұстанымдарынан ығыстыру есебінен өзінің нарықтағы ықпалын кеңейту қажет;

- инструменталдық басқару деңгейінде маркетингтің жекеленген құралдарын неғұрлым тиімді пайдалану әдістерін таңдау керек.

Егерде кешеннің кәсіпорыны өз миссиясы шеңберінде қызмет жасай отыра, операциялық қызметте біртіндеп жақсаруды үдетуге бағытталса, онда оған даму стратегиясын әзірлеу барысында келесі стратегияларға көңіл аударған жөн:

- корпоративтік басқару деңгейінде – өсу стратегиясын және бәсекелестік стратегияларды қолданған дұрыс. Нарық және өнімнің, тауарлардың дифференцияланудың тиімділігін бағалау;

- қызметтік басқару деңгейінде – басты назарды стратегиялық және тактикалық мазмұндағы негізгі маркетингтік шешімдерге, мақсатты нарықты таңдау негізінде маркетингтік күш- жігерлердің кешенін әзірлеуге аудару қажет;

- инструменталдық басқару деңгейінде – мақсатты нарықтарда маркетингтік күш-жігерді арттырады. Біз, төменгі 24 - кестеде ТМК дамуының стратегиялық баламаларының және басқарудың әртүрлі деңгейлерінің ұштасуын ұсынамыз.

Кесте 24 – Тау - кен металлургиялық кешенінің дамуының стратегиялық баламаларының және басқарудың әртүрлі деңгейлерінің ұштасуы

Стратегиялық баламалар	Жүргізу нысандары	Басқарудың әртүрлі деңгейлеріндегі стратегиялық бағыттар		
		Корпоративтік	Қызметтік	Инструменталдық
Кеңею стратегиясы	1.1 Ішкі кеңею стратегиясы	Қоржындық стратегиялар	Сегменттеу стратегиялары	Барлық стратегиялық бағыттар
Кеңею стратегиясы	1.2 Сыртқы кеңею стратегиясы	Өсу стратегиясы	Жайғастыру, сегменттеу стратегиялары	Барлық стратегиялық бағыттар
Тұрақтану стратегиясы	2.1 Ішкі тұрақтану стратегиясы	Бәсекелестік стратегиялар	Сегменттеу стратегиялары	
	2.2 Сыртқы тұрақтану стратегиясы		Жайғастыру, маркетинг Кешені стратегиялары	
Үнемдеу стратегиясы	3.1 Ішкі үнемдеу стратегиясы	Қоржындық стратегиялар	Сегменттеу стратегиялары	
	3.2 Сыртқы үнемдеу стратегиясы	Өсу стратегиялары		
Комбинацияланған стратегия	Комбинацияланған сыртқы және ішкі стратегия	Әр түрлі ұштасулар, жүргізу нұсқаларына тәуелді		

Ескерту – Автормен әзірленген

Отандық ТМК даму стратегиясын әзірлеу барысында жол беруге болатын тәуекелдер концепциясы «бағалау» және «тәуекелдерді басқару» секілді екі сатылы іс - шаралар түрінде жүзеге асады. Тәуекелдерді бағалау - бұл тәуекелдердің пайда болу көздерін анықтау, талдау іс - шараларының жиынтығы. Кешенінің даму стратегиясының тәуекелдерін бағалау кәсіпорындарды жан-жақты зерттеуден және тәуекел көзі ретіндегі оның қызметінің ортасын анықтаудан, сыртқы және ішкі факторларын талдаудан, тәуекелдердің белгілі бір факторларының әсері барысында оқиғалардың өрбуінің желісін құрудан, тәуекел деңгейінің көрсеткіштерін анықтаудан, тәуекел факторларының және көрсеткіштерінің өзара байланысының үлгілерін және механизмдерін бекітуден тұрады.

Біз, зерттеу мәліметтерін жалпылау нәтижесінде – ТМК «Казцинк» АҚ, «KAZ Minerals», «ERG» кәсіпорынының даму стратегиясын таңдау барысында

оның өмірлік кезеңінің сатыларын ескерудің маңызды екендігін аңғартамыз (29 - сурет).



Сурет 29 – Тау - кен металлургиялық кешені кәсіпорнының даму стратегиясының оның өмірлік кезеңінің сатыларымен сәйкестігі

Ескерту - дереккөз: [141]

ТМК даму стратегиясы, тәуекелдер деңгейлерінің алынған бағалаулары, жалпы алғанда екі мағыналы қолданысқа ие. Біріншіден, стратегия нұсқаларының немесе оның элементтерінің тәуекелдер деңгейлерінің критерийлері бойынша алдына - ала тәртіпке келтіру үшін. Екіншіден, стратегияның оңды нұсқасын анықтағаннан кейін, стратегияны жүзеге асыру барысында тәуекелдерді азайту бойынша іс - шараларды әзірлеу барысында тәуекелдерді басқару үшін пайдаланады.

Кешеннің шаруашылық тәжірибесінде тәуекелдерді басқарудың қолданылатын көптеген әдістерін төрт типке бөліп қарастыруға болады (30 - сурет).



Сурет 30 – Тау - кен металлургиялық кешенінің даму стратегиясын әзірлеу барысында тәуекелдерді басқару әдістері

Ескерту - дереккөз: автормен әзірленген.

Тәуекелдерді басқару өзіне сол кәсіпорын үшін бастапқы тәуекелдер деңгейін ақтық деңгейге дейін азайтуға бағытталған, экономикалық негізделген ұсыныстар және іс - шараларды әзірлеуде және жүзеге асыруды біріктіреді. Тәуекелдерді басқару оларды бағалаудың, ТМК қызметінің әлеуетін және ортасын техникалық - технологиялық және экономикалық талдаудың, шаруашылықтың жұмыс жасайтын және болжамды нормативтік базасының, экономикалық-математикалық әдістерінің, маркетингтік және басқа да зерттеулердің нәтижелеріне негізделеді.


Бұнда ТМК қатысты сыртқы ортаның дамуы бойынша бірқатар тұжырымдарды қамтитын кәсіпорынның стратегиялық шешімдері, стратегиялық жоспары, кәсіпорын басшылығының және ұжымының әрекетінің кескіні бойынша ұсыныстар, өнім тұтынушыларының, шикізатпен жабдықтаушылардың, бәсекелестердің жоспарланған стратегиялық іс - шараларға әсері туралы ұсыныстар тәуекелдерді бағалау және басқару объектісі болып табылады.

Шынайы шаруашылық жүргізу барысында, әртүрлі тәуекелдер факторларының әрекеті барысында кәсіпорын қызметінің қандай да бір жақтарына әсер ететін тәуекелдердің деңгейлерін төмендетудің әртүрлі әдістері пайдалануы мүмкін.

Тәуекелдерді басқаруда қолданылатын әдістердің типтері:

- тәуекелдерден жалтару әдістері;
- тәуекелдерді окшаулау әдістері;
- тәуекелдерді шашырату (диссипация) әдістері;
- тәуекелдерді өтемдеу әдістері.

Кешенінің тиімді даму стратегиясын жіті ойланған қаржы саясатынсыз жүзеге асыру мүмкін емес. Қаржы саясаты кәсіпорынның көлеміне, салалық қатыстылығына, құқықтық нысанына және басқа да ерекшеліктеріне тәуелсіз, оның қызметінде шешуі маңызға ие. Біз, тау - кен металлургиялық кешенінің даму стратегиясын қаржыландыру көздерінің сыныптамасын ұсынамыз: (31 - сурет).



Сурет 31 – Тау - кен металлургиялық кешенінің даму стратегиясын қаржыландыру көздері

Ескерту - дереккөз: автормен әзірленген.

Біз, отандық ТМК даму стратегиясын жүзеге асыру үшін қажетті қаражаттар көлемі келесі аспектілерге негізделеді деп санаймыз:

- кешен кәсіпорындарының үдемелі - техникалық қарулануы барысында сыртқы және ішкі нарықтарда металлургиялық өнімдерге деген болжамды сұранысына;
- бәсекелестік ортада өндірісті және өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың қажеттілігіне;
- кәсіпорынның инвестициялық мүмкіндіктеріне.

ТМК даму стратегиясын қаржыландыру көздерінің сыныптамасының құрылымы:

- кешенінің даму қорлары;
- тау-кен кешенінің бағалы қағаздарының қосымша эмиссиясы есебінен тартылған ресурстар;

- басқа кәсіпорындардың қаражаттарының бірігуі есебінен (интеграциялық келесім шеңберінде) тартылған ресурстар;
- коммерциялық және вексельдік несиелер;
- банктік несиелер және әртүрлі түрдегі қарыздар;
- мемлекеттік (жеңілдетілген) несиелер (орталықтандырылған инвестициялық бағдарламалар шеңберінде);
- тікелей мемлекеттік инвестициялар (орталықтандырылған инвестициялық бағдарламалар шеңберінде).

3.3 Тау - кен металлургиялық кешенінің бәсекелестік басымдылықтарын жүзеге асыру механизмі

Қазақстан Республикасының стратегиялық мақсаты – әлемдегі неғұрлым бәсекеге қабілетті мемлекеттердің қатарына қосылу. Ол отандық ТМК кәсіпорындарының одан әрі дамуының негізгі бағыттарын анықтап берді.

Дүние жүзілік металлургия нарығында қалыптасқан үрдіске сәйкес, экономикалық тұрақтылықтың және бәсекелестік қабілеттілікті арттырудың маңызды факторы ретінде – барлық активтердің, ресурстардың, қуаттардың шоғырлануын қарастырады. Көптеген металл өнімдерінің түрлері бойынша нарықтардың көлемін бүгінгі күні трансұлттық компаниялар анықтайды.

Бәсекеге қабілеттілік әртүрлі жолдармен жүзеге асады, атап айтқанда:

1. Макроэкономикалық және салықтық реттеудің белсенді мемлекеттік саясатын жүргізу;
2. Әртүрлі институттарды: инновациялық және инвестициялық қорларды, сараптамалық талдау және озық технологиялар орталықтарын, өндірістік ассоциацияларды, технологиялар инкубаторларын және венчурлық фирмаларды біріктіретін, институционалдық ортаны қамтамасыз ету жолымен;
3. Мемлекеттік субсидияларды, салықтық жеңілдіктерді, еңбекақы көлемін реттейтін құралдарды пайдалану жолымен;
4. Өндірістің белгілі бір салаларын қалыптастыратын, әлемдік тауарлар нарықтарында бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ететін, ұлттық компаниялардың бәсекелесу мүмкіндіктері.

Күрделі бәсекелестік ортада отандық ТМК кәсіпорындары тұрақты бәсекелестік басымдылықтарды қалыптастыруға мүдделі. Ал «таңдап алынған» бәсекелестік басымдылықтар бірден, тау-кен металлургиялық кешені кәсіпорнының қызмет етуі үшін иеленуге тиісті белгілі бір нормативтік өлшемдерді білдіреді.

Бірақ, осындай бәсекелестік басымдылықтар түріне бағытталу, болжанатын кезеңде қызмет етудің және шығындардың тиімділігін қолдаудың күрделі экономикалық негіздемелерін талап етеді.

Механизмнің икемділігі және бейімділігі, ТМК кәсіпорындарының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыруға және еңбек ұжымының қажеттіліктерін және мүдделерін қамтамасыз ететін, оның қалыптасуының барлық мүмкін болатын сыртқы және ішкі факторларымен ұштасады (25 - кесте).

Кесте 25 – Тау-кен металлургиялық кешенінің бәсекелестік басымдылықтарының түрлері мен типтерінің сыныптамасы

Сыныптама белгісі	Тау-кен металлургиялық кешенінің бәсекелестік басымдылықтарының түрлері	Тау-кен металлургиялық кешенінің бәсекелестік басымдылықтардың типтері
1	2	3
Бәсекелестік басымдылықтардың көздерінің мазмұны бойынша	Экономикалық факторларға негізделген	Нарықтардың жалпы жақсы экономикалық жағдайы; Көлем әсері; Кәсіпорынның экономикалық әлеуеті; Қаржылық көздерді іздестірудің және тиімді пайдаланудың мүмкіндігі
	Нормативтік-құқықтық актілерге негізделген	Аймаққа немесе белгілі бір кәсіпорынға билік және басқару органдары ұсынатын жеңілдіктер және басқада пайдалылықтар; Зияткерлік меншікке ерекше құқықтар
	Құрылымдық мазмұндағы	Кәсіпорында өндіріс және жүзеге асыру процесінің жоғары деңгейі; Нарықтың бос сегменттерін тез басып алу мүмкіндігі
	Әкімшілік шаралармен туындаған	Патенттер және лицензиялар беруде мемлекеттік және жергілікті басқару органдар тарапынан шектеулер; Квоттау; Кәсіпорынды тіркеудің қиындатылған тәртібі
	Нарықтың инфрақұрылымының даму деңгейімен анықталатын	Қажетті коммуникациялық құралдардың дамуы; Еңбек және капитал, инвестициялық тауарлар және технологиялар нарықтарының, ұйымдастығы және ашықтығы; Дистрибуторлік желінің дамуы
	Техникалық (технологиялық) бәсекелестік басымдылықтар	Қолданбалы ғылым және саладағы техниканың дамуының жоғары деңгейі; Машиналар және құралдардың арнайы техникалық мазмұндамалары; Шикізат және материалдардың технологиялық ерекшеліктері
	Ақпараттандыруға негізделген	Сатушылар, сатып алушылар, нарықтық инфрақұрылым туралы ақпараттардың мәліметтер банкісінің болуы
	Географиялық факторларға негізделген	Тиімді географиялық орналасу; Дамыған инфрақұрылым, көлік жолдарына қолжетімділік
	Демографиялық факторларға негізделген	Жұртшылықтың мақсатты тобының санының артуы; Білім беру және кәсіби деңгейдің артуы.
Құқықтық емес мазмұнда	Әділетсіз бәсекелестік; Мемлекеттік билік органдары және ірі шаруашылық субъектілері арасында қалыптасқан формальды емес қатынастар	
Бәсекелестік басымдылық көздерінің объектісі бойынша	Нарық конъюктурасынан туындайтын	Жабдықтаушылардағы жоғары бәсекелестік; Салаға кіруге жоғары бәсекелестік
	Бәсекелестікті реттеу саласындағы мемлекеттік саясаттан туындайтын	Қолайлы сыртқы сауда саясаты; Меншік құқығының қорғалуы; Инвестиция саласындағы саясат
	Бәсекелестердің қызметінен және тікелей кәсіпорынан туындайтын	Технологиялық инновациялар; Кәсіби, салалық немесе сауда ассоциацияларын құру
Қызмет мерзімі бойынша	Ұзақ мерзімді	Экономикалық тиімді географиялық жағдай
	Орта мерзімді	Нормативтік-құқықтық мазмұндағы басымдылықтар
	Қысқа мерзімді	Қолайлы бағалар динамикасы


1	2	3
Объектінің иерархия деңгейі бойынша	Сала деңгейінде	Саладағы жоғары бәсекелестік; Ғылыми-техникалық ақпараттардың салалық орталықтарының болуы
	Аймақ деңгейінде	Аймақтың сапалы өндірістік инфрақұрылымы; Аймақтағы тұрақты қаржылық-несиелік жүйе
	Мемлекет деңгейінде	Жалпы мемлекет және жекеленген салалардың стратегиялық даму бағдарламаларының болуы
Имитациялау мүмкіндігі бойынша	Ерекше	Патенттерді алу
	Имитацияланатын	Өндіріс немесе менеджмент саласында бәсекелестерден ноу - хауларды көшіріп алу
Көріну саласы бойынша	Өндіріс	Тауарлар өндірісінде бәсекелестермен салыстырғанда неғұрлым аз шығындар
	Жүзеге асыру, өткізу	Сату көлемінің өсімі; Дистрибьюторлік желіні құру
	Қызмет көрсету және пайдалану	Құжаттардағы негізделген кепілдер; Кепілдік қызмет көрсету станцияларының бар болуы
Ескерту - авормен әзірленген		

Отандық кешеннің бәсекелестік басымдылықтарын қалыптастыру және басқару механизмін құру - ғылыми негіздеме, тиімділік, үздіксіздік, икемділік және бейімділік қағидаларына негізделуі тиіс. Механизмнің қызметінің тиімділігі ең аз шығындар көлемі барысында ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу болып табылады. Механизм қызметінің үздіксіздігі сыртқы ортаның кері әсерінен үнемі жетілу қажеттілігімен анықталады. Ұлттық экономиканың және оның жекеленген салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында, класстерлеу әсіресе, МШК - де маңызды рөл атқаруы мүмкін. МШБ озық салалары жүйесінде, экономиканың басқада маңызды салаларының дамуын анықтай алатын және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік беретін, қажетті ресурстық базаны иеленетін отандықтау-кен металлургиялық кешені ерекше орынға ие. Біздің пікірімізге сәйкес, отандық ТМК бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз ету үшін келесі іс - шараларға назар аудару қажет:

- ТМК кәсіпорындарын басқарудың ұйымдық құрылымын жетілдіру;
- кәсіпорындарда байланыс және ақпараттармен қамтамасыз етуді дамыту;
- стратегиялық маркетинг қызметін дамыту;
- қаржылық қызметті және бюджеттеу процесін жетілдіру;
- экономикалық қауіпсіздік жүйесін ұйымдастыру;
- персоналмен жұмысты жетілдіру.

ТМК кәсіпорнының тұтынушылармен ақпараттық байланыстарды нығайту бойынша алғашқы қадамдары тұтынушылармен қызметті жетілдіру бойынша бірқатар ұсыныстар беру бағытында жүргізілуі тиіс екендігін атап кеткен жөн. Отандық тау - кен кешенінің кәсіпорындары қызметінің ережелерінің өзгеруі және олардың сатып алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға қайта бағытталуы, өнім өткізуді басқарудың механизмдерінде және қағидаларында түбегейлі өзгерістерді талап етеді. Басты мәселе – бұл өнімдерді өндіруге бағытталған бағдарламалар бойынша ТМК кәсіпорны

жұмысының технологиясын құру, яғни «тапсырысқа сай» жұмыстарына ауысу. ТМК ұйымдық құрылымының жалпы стратегиялық концепциясы тиісті даму стратегиясы таңдалғаннан кейін әзірленеді. Кәсіпорынның ұйымдық құрылымы таңдалған даму стратегияны жүзеге асыруға сәйкес келуі керек. Осы мақсатта біз, отандық ТМК бәсекелестік басымдылықтарын қалыптастырудың үлгісін (32 - суретте) ұсынамыз.



Сурет 32 – Отандық тау - кен металлургиялық кешенінің бәсекелестік басымдылықтарын қалыптастыру үлгісі

Ескерту - дереккөз: автормен әзірленген.

Біз, отандық ТМК өнімдерінің өткізу көлемін арттыру үшін стратегиялық маркетингтің бір қатар іс - шараларын жүзеге асыруды ұсынамыз:

- әлеуетті бәсекелестердің және тұтынушылардың мәліметтер базасын құру, нарық жағдайының мониторингін жасау және жүзеге асыру;
- имидждік - жарнамалық іс - шараларды жүргізу;

- өндірісті уақтылы шикізаттар және материалдармен қамтамасыз ету, шикізаттар және материалдармен жабдықтаушылардың мәліметтер базасын құру.

Дамудың стратегиялық концепциясы стратегиялық және оперативтік басқару шешімдерін қабылдау үшін, менеджментте қаржылық - экономикалық қызметті жүзеге асырумен байланысты, кәсіпорында экономикалық жұмыстардың оқшауланған бағыты ретінде контролингті жүзеге асыру қажет. Мақсаттарға қол жеткізуді басқару жүйесі ретінде контролинг, тау-кен металлургиялық кәсіпорындарында даму стратегиясын жүзеге асыруда тиімді тәсілді қамтамасыз етуге қабілетті.

Шығарылатын өнімнің ассортиментін оңтайландыру қажеттілігі негізделді. Кешенінің ұзақ мерзімді даму стратегиясы - маркетингтің тиімді қызметімен және өткізу құрылымдарының тиісті дамуымен байланысты. Біз, стратегиялық маркетингтің қызметін тиімді жүзеге асыру үшін, ТМК стратегиялық маркетинг қызметі жұмысының алгоритмін ұсынамыз.

Шығындарды бақылау және басқару басшыға, басқару шешімдерінің тиімділігін алдынала бағалауға, бөлімшелер арасында ресурстарды оңтайлы бөлуге, кәсіпорынның даму жолын анықтауға және дағдарыстық оқиғалардан құтылуға мүмкіндік жасайтын, бюджеттер жүйесіне негізделуі тиіс.

Еркін бюджетті бағалау үшін оның табысты жағын жоспарлау және басқа да көздерден қаржылық түсімдер жоспары ерекше маңызға ие. Тау - кен кешенінің кадрлық саясатын әзірлеу, кәсіпорынның жалпы және әлеуметтік даму стратегиясымен ұштасуы шарт және жұмысшылар ұжымы үшін әлеуметтік жағдайларды және құрылым типін анықтайтын шешімдердің жиынтығы болып табылады. Еңбекақы төлеудің тәртіпке келуі – кәсіпорынның басқару құрылымын қайта құрумен байланысты жүзеге асырылады және жұмысшылардың өздерінің ақтық нәтижелеріне жауапкершілікті арттыруды негізгі мақсат етеді.

Тау - кен және металлургиялық өнімдері нарықтарының келешегі және отандық металлургияның бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлар – ТМК 2020 жылға дейінгі дамуының негізгі бағыттарын анықтап отыр. Республиканың ТМК басты мақсаты – сыртқы және ішкі нарықтарға бәсекеге қабілетті номенклатура бойынша сапалы және көлемді өнімдермен қамтамасыз ету. Алға қойылған мақсаттарды жүзеге асырудың негізгі жолы – барлық өндірістік бөліністерде инвестициялық қызметті белсендіру нәтижесінде, инновацияларды енгізуді жеделдету және кеңейту болып табылады.

Инвестициялық-инновациялық қызметті күшейту ТМК кәсіпорнының дамуын тежейтін факторлардың кері әсерлерінің әлсіреуіне әкеп соғады, өндірістік әлеуеттің түбегейлі жаңаруын, ресурстардың барлық түрлерінің төмендеуі барысында дәстүрлі және жаңа өнімдерді өндіруді және қоршаған ортаны қорғау бойынша нормалардың сақталуын қамтамасыз етеді. Осыған байланысты, мемлекеттік индустриалды - инновациялық саясаттың басты алғышарттары болып табылады:


- ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің өсімінің маңызды жағдайы ретінде өндіріс факторларының өнімділігін арттыру;

- экспортқа бағытталған жоғары технологиялық жаңа өндірістерді құруға инвестицияларды, әсіресе, тікелей инвестицияларды тартуға басты назар аудару;

- ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру, дамыту және күшейту;

- экономиканың шоғырлану деңгейін төмендету және индустриализациялау процесінде шағын және орта бизнестің рөлін арттыру.

Зерттеулердің қорытындыларына сәйкес, отандық ТМК кәсіпорындарының бәсекелестік басымдылықтарын басқару жүйесінің тиімді қызметі үшін девизиондық ұйымдық құрылым әзірленді (33 - сурет).



Сурет 33 – Отандық тау - кен металлургиялық кешенінің бәсекеге қабілеттілігінің артуын қамтамасыз ететін стратегиялық басқару механизмі

Ескерту - дереккөз: автормен әзірленген.

Онымен бірге, мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері анықталды:

- экономиканың диверсификациялануын және бәсекеге қабілеттілігін артуын қамтамасыз ететін экономиканың басты секторларын дамыту;

- индустриализациялау үшін қолайлы ортаны құру;

- экономикалық әлеуетті ұтымды аймақтық ұйымдастыру негізінде экономикалық өсудің орталықтарын құру;
- экономиканың басты секторларын дамыту процесінде мемлекет және бизнестің өзара тиімді арақатынасын қамтамасыз ету.

Осылайша, кешеннің құрылымдық-инновациялық саясаты келесі бағыттарды ұстанулары шарт:

Біріншіден, экономиканың құрылымын диверсификациялаудың стратегиялық бағытын жүзеге асыру оның шикізаттық тұрпайылығынан арылуға негіз болуы керек. Экономикалық алғышарттар бірінші кезекте, ескірген негізгі капиталды өзіндік негізде, технологиялық жанартуды жүзеге асыру үшін отандық машина жасаудың инновациялық және инвестициялық саласын жедел дамытуды ұсынады.

Екіншіден, халықтың өмір сүру деңгейін және сапасын арттыру үшін жағдай жасайтын, тұтыну секторының озық дамуын қамтамасыз ету келешектегі мақсат болып табылады. Оған Республикада денсаулық сақтау, білім беру, тұрғын үй құрылысы және аграрлық секторларда жүзеге асып жатқан басты ұлттық жобалар арналған.

Үшіншіден, инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыру негізінде отандық ТМК құрылымын жақсарту және оның өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қол жеткізу маңызды.

Төртіншіден, әлемдік нарықтардағы бәсекелестік күрестің күрделенуінен, ТМД аумағында экономикалық және сыртқы сауда құрылымдарын оңды өзгерісін жүзеге асыру және инновациялық дамуға қол жеткізу үшін, барлық күш-жігерді біріктіруге бағыттап, еуразиялық кеңістікте ұзақ мерзімді интеграциялық стратегияны одан әрі жетілдіру қажет. Жалпы алғанда, қазіргі күні отандық кешенінің инновациялық қызметінің басым бөлігі тікелей мемлекет тарапынан ынталандырылып отыр және көптеген ғылыми - зерттеу жұмыстары мемлекеттік зертханаларда жүргізілуде. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері бойынша, соңғы жылдары ҒЗТКЖ жеке сектордың үлесі небәрі 36,6 % құраған, ал бұл көрсеткіш Жапонияда (78,5 %), ҚХР (73,3 %) және АҚШ (72,6 %) яғни ҒЗТКЖ көп бөлігі жеке сектормен жүзеге асады.

Ғылымның және технологиялардың дамуының жаһандық және ішкі трендтерін терең талдау сонымен қатар, басқа елдермен салыстырғанда еліміздің бәсекеге қабілеттілігі деңгейінің нәтижелерін жайғастыру негізінде, сарапшылар тобы Қазақстан Республикасының 2020 жылдарға дейін ғылыми - технологиялық дамуының көрінісін, мақсаттары және міндеттерін қалыптастырды. Ғылыми - технологиялық дамудың көрінісі және мақсаттарына қол жеткізу үшін мемлекетке қажетті, басты ғылыми - технологиялық бағыттар анықталды.

Әлемдік технологиялық мегатрендтер координаталарында отандық экономиканың салаларының дамуындағы үрдістерді анықтау келесі нәтижелерді көрсетті. Отандық тау - кен металлургиялық саласында жаңа технологиялардың енуі және олардың негізінде жаңа салалардың қалыптасуы байқалады.

Бірақ, бұл процесс әлі де болса маңызды көлемге ие емес. Жалпы алғанда, экономиканың әлемде таралып жатқан жаңа технологияларға деген сезімталдығы сезіледі. Бұл мемлекет тарапынан қолдауды және түзетуді талап етеді. Қазір отандық ТМК көптеген талаптар қойылады. Олардың бірқатарына отандық кешеннің өндірісі дайын емес болып отыр. Тек қана бәсекеге қабілетті өнім шығарып қоймай, сонымен қатар оларды нарықтың талаптарына сәйкесінше жаңартуды және қызмет көрсетуді жүзеге асыру қажет. Өндірістік ресурстарды тиімді жұмсаумен қатар, технологиялық процестердің, еңбекті ұйымдастырудың әдістері және тәсілдерін, өндіріс құралдарын жүйелі түрде жетілдіруді қамтамасыз ету қажет.

Қазіргі уақытта, отандық тау-кен саласының дамуы барысында кешеннің бәсекеге қабілеттілігі негізінен олардың инновацияларды құру және қабылдау қабілеттілігіне тәуелді. Әлемнің ірі тау - кен металлургиялық компаниялары өз құрамында ғылыми - зерттеу және ғылыми - өндірістік орталықтарды иеленеді, олардың басты мақсаты өндіріске технологиялық инновацияларды құру және енгізу болып табылады. Осы компаниялар ғана әлемдік тау-кен металлургиялық нарығында, технологиялар бойынша көшбасшы болып келеді және саланың одан әрі технологиялық дамуын анықтайды.

Отандық ТМК әлеуетінен, оның нарықтағы бәсекеге қабілеттілігінде тікелей тәуелді болып табылады. Тау-кен кешені техникалық жағынан неғұрлым жақсы жабдықталған сайын оның шығаратын өнімінің де сапасы соғұрлым жақсарады, яғни кәсіпорында бәсекеге қабілеттілігі артады. Кешеннің әлеуеті, шаруашылық қызметте пайдаланылуы мүмкін оның құралдарын, қорларын, ресурстарын, мүмкіншіліктерін анықтайтын, көрсеткіштер және факторлардың барлық жиынтығын мазмұндайды.

Отандық тау-кен саласының әлеуетінің ерекшеліктеріне оның ықтималдық мазмұнын жатқызуға болады, себебі әлеуеттің өлшемі, ресурстар теңдігінде, өзгерістер түрінде оның құрылымының ең кем дамыған - «әлсіз буынынан», сонымен қатар кәсіпорын қызмет ететін орта жағдайына да тәуелді. Осыған байланысты, ұзақ мерзімді және тұрақты дамуда бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету мүдделеріне сәйкес кешенінің интегралды әлеуетін пайдалану және қалыптастыруға бағытталған оның қызметін талдау, бағалау және басқаруда жүйелік тәсіл қажет.

ТМК - көпөлшемді құрылым, оның құрылымы кәсіпорындар қызметінің барлық қырларын қамтитын, үш факторлардың тобымен анықталады:

- қызметтік;
- ұйымдық;
- ресурстық.

Әртүрлі ресурстарды біріктірудің нұсқалылығы кешені кәсіпорнының ішкі құрылысының және бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізу мүмкіндіктерінің алуандығын мазмұндайды. Бірақ, тау - кен кешені әлеуеті тек қана ішкі мүмкіншіліктерге тәуелді емес, әрине, сыртқы ортаның маңызы зор екені анық. Бәсекелестердің әлеуетімен салыстырғанда осы әлеуетті неғұрлым жоғары үрдістермен арттыру және оның әлеуетін неғұрлым тиімді пайдалану

жолымен басқа бәсекелестер алдында қажетті басымдылыққа жету үшін кәсіпорындарға жағдайды қамтамасыз ету негізгі маңызды міндет болып табылады. Осы мақсатта әлеуеттің барлық негізгі құрымдық бөліктерін талдау қажет.

Талдау және қорытындылау нәтижелері, елімізде «тұрақты инновациялық дамуға» өту үшін келешекте озық технологияларды әзірлеумен «индустриалды - инновациялық дамуға» күш - жігерлерді біріктіруді ұштастыру қажет екендігі анықтады. Озық инновациялық технологиялар еліміздің технологиялық көшбасшылар тобына кіруінің негізі факторы болып табылуы шарт. Өткізілген зерттеулер нәтижелері Республика үшін 2020 жылға дейін кешенінің басты өнеркәсіп салаларының бірі болып табылатыны анықтады.

Қазіргі таңда, отандық ТМК инновациялық және сыртқы экономикалық саясатты жүзеге асыруда басты қозғаушы күш болып табылады. Еліміздің индустриалды даму деңгейі тек қана оның ресурстық мүмкіншіліктерімен және төмен технологиялық бөлу деңгейімен өнімдер өндіру көлемімен емес, технологиялық қатынастағы салалардағы ғылыми сыйымды, озық технологиялардың дамуымен анықталатыны туралы нақты түсінік қалыптасуы шарт. Технологиялық өсімсіз нарықта табысты бәсекеге түсу мүмкін емес. Осыған байланысты, отандық ТМК үдемелі дамуы, озық инновациялық технологияларды енгізуге және бәсекеге қабілетті өнімдер өндіруге бағытталуы, әр кәсіпорынның даму стратегиясының басты тақырыбына айналуы керек.

Қазіргі заманда, ТМК бәсекеге қабілеттілігі негізінен оның инновациялық стратегиясын тандаумен және оны жүзеге асырудың ерекшеліктерімен анықталады. Отандық тау - кен кешенінің ғылыми - техникалық қамтамасыз етуінің тиімділігін арттыру, тау - кен және металлургиялық кәсіпорындармен байланысты күшейту үшін қажет:

- ірі инвесторлардың қаржы қаражаттарын тартумен ғылыми - техникалық инфрақұрылымды нығайту;
- тиісті деңгейде саланың артып келе жатқан тапсырыстарын орындауға қабілетті, жобалық - құрастыру бөлімшелерін дамыту;
- әзірлемелерді өндіріске және тәжірибелік қолдануға дейін тезірек жеткізу үшін институттардың тәжірибелік - сынақ базаларын құру;
- салалық институттарды компьютерлік техникалар негізінде қазіргі заманғы физикалық-сараптамалық кешендермен және құралдармен жабдықтау;
- озық ақпараттық технологиялар және мемлекеттің ғалымдары және мамандарының білімдерін ұтымды пайдалану негізінде тау - кен металлургиялық бағыт бойынша ақпараттық-маркетингтік қызметтерді дамыту.

Отандық ТМК инновациялық жүйесінің концепциясын негіздеу барысында, осы саладағы орын алған инновациялық процестердің қазіргі кездегі жағдайының кешенді бағалауынан бастау алу керек.

Бағалаудың негізгі қорытындылары келесідей:

- бірінші кезекте, жекеленген инновациялық шешімдерден бөлек, ТМК технологиялық инновацияларды құру және енгізудің тұтастөориясының орын алмағандығын ескерген жөн;

- технологиялық инновацияларды құру және енгізудің тек теориялық түсініктері ғана емес, сонымен бірге әдістемелік қағидаларды да әзірлеу қажеттілігі туындап отыр;

- кешенде инновациялық процестерді, жобаларды әзірлеу және оның дамуын басқарудың ұйымдық - экономикалық механизмінде бірқатар шешілмеген мәселелер орын алған.

